- Какой русский глагол 1-го спряжения, 1-го лица, единственного числа настоящего времени в казахском языке имеет обратное (антонимичное) значение? (**Беру**: «получаю» в русском языке и «дать» - в казахском)

-Какой омоним в одном языке обозначает дьявола, а в другом – одно из чисел? (**Бес**: «дьявол» в русском языке и «5» - в казахском)

- Это междометие вы произносите, если, например, хотите чем-то восхититься. В то же время в другом языке это название одного из небесных тел, о котором можно сказать:

«Светит, но не греет». О чем речь? (**Ай** - междометие в русском языке и «луна» - в казахском)

- Когда состояние означает то же, что и место, куда мечтает попасть любой человек, навсегда покинув этот грешный мир? (**Рай** - «место вечного блаженства души» в русском языке и «состояние» - в казахском)

- Мы это междометие обычно выкрикиваем, если нам больно. А как бы мог вскрикнуть Архимед, вылезая из ванны, если бы он был казахом? (**Ой** - междометие боли в русском языке и «идея, мысль» - в казахском языке = «эврика! нашел!»).

При изучении темы «Стили современного русского языка. Художественный стиль» обращаем внимание на пословичный фонд русского, казахского и английского языков, пытаемся провести параллели. Это тоже является стимулом к изучению других языков, воспитанию поликультуры.

Вот лишь несколько примеров соответствия пословиц, поговорок, фразеологизмов в русском и казахском языках с подстрочным переводом казахских пословиц:

- Ақ түйенің қарыны жарылу — букв.: Брюху белого верблюда быть распоротым — по смыслу: пир горой.

- Ақылы алтыға, ойы онға бөліну — букв.: Ум делится на шесть частей, а думы - на десять. По смыслу: голова идет кругом.

- Бүйректен сирақ шығару — букв.: Почку превратить в голень. Смысл: вкривь и вкось и др.

А вот пример английских и русских пословиц-двойников:

- Better a little fire to warm us, than a great one to burn us. Лучше маленький огонь, который нас согреет, чем большой, который нас сожжет. Ср. Хорошего понемножку.

- A thief passes for a gentleman when stealing has made him rich. Когда воровство сделало вора богатым, то он сходит за джентльмена. Ср. Деньги не пахнут.

- All are not friends that speak us fair. Не всяк тот друг, кто нас хвалит. Ср. Не всякому другу верь.

- A sound mind in a sound body. В здоровом теле здоровый дух.

- A burden of one's own choice is not felt. Груз, который сам выбрал, несешь не чувствуя. Ср. Своя ноша не тянет.

- As old as the hills. Древний, как холмы. Ср. Старо как мир.

- All is well that ends well. Ср. Все хорошо, что хорошо кончается. Добрый конец всему делу венец.

Выполняя упражнения такого характера, студенты активизируют свое знание языка, вырабатывают языковое чутье. Считаю, что таким образом преподаватель без особых принуждений подводит студента к необходимости овладения несколькими языками.

Также хотелось бы отметить, что на занятиях практического курса русского языка в качестве разбора ситуативных задач предлагаю составить устные выступления на 2-3 минуты на понимание следующих высказываний видных общественных деятелей, ученых, известных личностей, к примеру:

- «Язык есть вековой труд целого поколения» В.И.Даль

- «Нравственность человека видна в его отношении к слову» Л.Н.Толстой

- «Язык – это вспомогательный инструмент для развития самого себя. Язык – это не столько образование, сколько самопознание» Руслана Жемкова, генерального директора EurasianMediaForum

- «Один язык – это один человек» Турецкая пословица.

Таким образом, формирование полиязычной личности – это трудоемкий процесс, требующий большой отдачи, труда. Владение казахским, русским и иностранным языками становится в современном обществе неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человека. Все это в целом вызывает потребность в большом количестве граждан, практически и профессионально владеющих несколькими языками и получающих в связи с этим реальные шансы занять в обществе более престижное как в социальном, так и в профессиональном положении. Разумное, грамотное и правильное внедрение трехязычия даст возможность выпускникам университета быть коммуникативно-адаптированными в любой среде.

Список использованной литературы

1. Концепция языковой политики Республики Казахстан. – Электронный ресурс. - http://adilet.zan.kz/rus/docs/N960003186_links
2. Сарсенова У.О. Полиязычие-основа формирования поликультурной личности. - Электронный ресурс
3. <https://kopilkaurokov.ru/russkiyYazik/planirovanie/doklad-poliazychiie-osnova-formirovaniia-polikul-turnoi-lichnosti>.

ҒТАМР 16.01.45

САБАҚ ҮРДСІНДЕ ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

С.Ж. НИЯЗМАГАНБЕТОВА

*Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Ақтөбе,
Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілі пәнін оқыту үрдісінде диалогтік оқытудың маңыздылығы туралы сөз болады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік оқыту - оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады. Ол оқытудың негізгі мақсаттарына жетуде маңызды құрал болып саналады.

Түйін сөздер: Диалогтік оқыту, жұптық, топтық оқыту, әдіс- тәсілдер.

Аңдатпа. В данной статье рассмотрен вопрос важности диалогического обучения в процессе преподавания казахского языка. Диалогическое обучение в развитии коммуникативных компетенций играет значимую роль в процессе обучения. Оно является важным инструментом в достижении целей обучения.

Ключевые слова: Диалоговое обучение, парного, группового обучения, методы

Annotation. The article is about the important role of the dialogue in teaching the Kazakh language. Teaching through dialogue plays the main role in developing communicative competence. It is an important tool in gaining the teaching goals.

Key words: Interactive training, pair, group training, methods

«Диалогтік оқыту» қазақ тілі пәнін оқыту үрдісінде қолданылатын тиімді әдіс болып табылады. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың бір-бірімен өзара пікір алмасуына, сұхбаттасуына, мәселені талдауда өз ойын айта білу дағдыларын меңгеруіне септігін тигізсе, ал мұғалім мен оқушы үшін шәкірттерінің өзіндік пікірін жүйелі жеткізуге және дамытуға ұстаз тарапынан көмектесуі деп түсінеміз. Оқушылар диалогқа түсу арқылы өздерінің көзқарастарын білдіріп, ортаға салуға машықтанады.

Диалогтік оқыту әдісін оқу үрдісінің әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Оларға пікірталас, мәселелік тапсырмалар, іскерлік ойындар, тренингтер т.б жатқызуға болады. Бұл әдістер сыныптағы барлық оқушыларды әрекетке тартып, жұптық, топтық тапсырмаларды бірігіп орындауға, ұжымда жұмыс жасауға үйретіп, тілдік қарым-қатынас орнатуға ықпалын тигізеді. Мәселен, қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытылатын 9-сыныптарда өтетін «Қиял мен шындық» бөлімінде диалогтік оқыту әдісін тиімді қолдануға болады. Сабақтың тақырыбын болжауда «Миға шабуыл» әдісі арқылы «Адам аспандағы бұлтқа қараса, түрлі пішіндерді елестете алады. Сіз бұлттардан не көре аласыз? Қиялға беріліп көрейік» деген сияқты тапсырмалар беріп, оқушыларға ой қозғау салынады. Оқушылар аспандағы бұлттардан түрлі пішіндерді елестетіп, қиялдай білді. Өз қиялдарынан

туған түрлі пішіндерді әсерлі суреттеп, баяндап берді. Сондай-ақ сабаққа қызығушылықты оятуда суретпен байланыстырып «Сұрақ-жауап...» әдісін де пайдалануға болады. Оқушыларға келесі сұрақтар берілді:

1. Суреттер мен қиялды қалай байланыстыруға болады?
2. Қиял дегенді қалай түсінесіздер?
3. Қиялдың адамға берер пайдасы бар ма?
4. Қиялды жүзеге асыруға бола ма?
5. Қиял мен шындықтың байланысы қандай?

Оқушылар қиял мен шындық сөздеріне ассоциация жасап, олардың ара жігін айырып, осы сөздерге анықтама бере білді. Олар осы сөздердің мәнін анықтауда талқылау жұмыстарын жүргізіп, «қиял – шексіз, ол адамның әр нәрсені ойлап табуға бейімділігі» десе, «арман-адамның болашақтағы қиялының іске асуы» деген тұжырымдама жасады. Армандай білсек, оған міндетті түрде қол жеткіземіз деген тоқтамға келіп, жақсы қиял ізгі адами қасиеттерден пайда болады деп шешті. Ал шындықты кез-келген ақпараттың түпкі, бастапқы мәні деп, екі анықтамаға да күнделікті өмірден мысалдар келтірді.

Оқушылардың «Қиял мен шындық» бөлімі бойынша бастапқы сабақтарда түсінігі қиын сөздердің мағынасын анықтауда «Домино» ойыны жүргізілді.

Кесте 1. «Домино» ойыны

Фантазия	ойды елестете білуге қабілеттілік, қиял
Ғалам	бүкіл жер жүзі, әлем
Ғаламат	таң қаларлық, ғажайып
Қиял	фантастикалық ой, арман
Шындық	кез-келген ақпараттың түпкі, бастапқы мәні
Арман	адамның болашақтағы қиялының іске асуы

Оқушылар топта сөздердің анықтамасын іздестіріп, мағынасын анықтауға талпынды және бұл тірек сөздер мен ұғымдарды алдағы сабақтарында орынды қолдана білді.

«Қиял мен шындық» бөлімі бойынша сабақта қолданылған «Кейіпкерді тану картасы» оқушылардың тілдік дағыларын дамытуға тиімді әсер еткен әдістердің бірі болды. «Кейіпкерді тану картасы» бойынша оқушылар келесі сұрақтарды ұжымда талқылап, жеке жауап жазды. Оқушыларға берілген сұрақтар: Бұл шығарма қалай аталады? Басты кейіпкер жайлы не айта аласыз? Кейіпкердің көңіл-күйі қалай суреттелген? Кейіпкер суреттеген болашаққа қиялдай отырып сапар шегіп көріңіз. Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай құрылған.

Алдымен қарапайым сұрақтар беріліп, төменгі деңгей ретінде мәтіннің мазмұнын қабылдау мен танудан бастап сұрақтар анағұрлым күрделеніп, шығармашылық тапсырмаға ұласты. Оқушылар ұжымда сұрақтарды талқылау барысында пікір алмасып, бір-бірінің көзқарастарын есепке ала отырып, ой қорытты және диалог барысында сөздік қорларын молайтты. Бұл өз кезегінде ойларын қағазға түсіруде жазба жұмыстарының сапалы болуына ықпал етті. Ойы, сөздік қоры шектеулі оқушылар да өзара талқылаудан кейін кейіпкер атынан болашаққа көз жүгіртіп, өз ойларын әсерлі жеткізе білді.

Бұл бөлімнің үшінші сабағында оқушылар *постер құрастырып, оны қорғау* арқылы диалогтік қарым-қатынасқа тартылды. Оқушылар топта мәселеге қатысты *тақырыпты жан-жақты талқылады, байқағанымыз топтағы деңгейі орташа оқушыда топтық тапсырма барысында өз үлесін қосты. Өзара оқыту арқылы дарынды балалар өз сыныптастарына қол ұшын берді. Ал постерді қорғауда сөйлеушілер* аудитория алдында сөйлеу мәдениетін сақтауға, әрбір сөзін түсінікті етіп, мәнерімен сөйлеуге тырысты, өз ойларын ашық, еркін жеткізуге талпынды. Тыңдаушыларға айтуға мүмкіндік беру, жақсы тыңдаушы бола білу мен шыдамдылық таныту керектігі жайында түсініп, қарсы топтың идеясын мұқият тыңдап, сұрақтар қоюға дайындалды. Қойылған сұрақтар да ой қозғауға жетелейтін, күрделі сұрақтар болды. Жауап беруші топтағы бұрын «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін оқушылардың көзқарастары әлдеқайда тереңде жатқаны байқалды, олар диалогтік қарым-қатынасқа түсу арқылы сөздік қорларын молайтып, өз ойларын еркін жеткізе білетін дәрежеге жетті.

Сұрақтарға қоя білу мен оған жауап беру арқылы оқушылар мынадай дағдыларды меңгерді:

- тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталанды.
- оқушылардың шынайы қызығушылығы анықталды.
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етті.
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына әсерін тигізді.
- әңгімелесу мен ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек берді.

«Қиял мен шындық» бөлімі бойынша соңғы сабақта оқушылар болжау әдісі арқылы мәтінді меңгерді. Болжау әдісі орыс сыныптары үшін оқылым дағдысын меңгеруде ең маңызды стратегияларының бірі болып табылады. Бұл әдіс оқылым дағдысының қиындығын оқушының сезінбей игеруіне көмектеседі және жаппай сынып болып білім алуды ұйымдастырады. Оқушыларға мәтіннің мазмұнына болжау жасатқанда оны дәл табуы міндетті емес. Олар тақырып аясында түрлі болжамдар айтып нақты жауап тапқанға дейін

бұрынғы білімдерін жаңғыртады, сөздік қорларын молайтып, қиялдарын ұштайды. Болжау әдісі мәтінді бөліктерге бөліп, оқушыларға «Не болады деп ойлайсыз?», «Оған қандай дәлеліңіз бар?», «Шын мәнінде не болды?» сұрақтарын қою арқылы жүзеге асырылды. Бұл әдісті таңдаудағы мақсат - оқушылардың ой белсенділіктерінің дамуына ықпал ету, оқушыларды екі жақты диалогқа түсіру. Нәтижесінде оқушылар мәтіннің оқиғасын қызығушылықпен ойлап тауып, жалғастырып отырды. Тіпті сабақта көп сөйлемейтін оқушылардың өзі жоғары белсенділік танытып, талқылау жұмысына қызу кірісіп кетті және өздерінің белсенділіктерінің артқанын байқамай да қалды.

Сонымен қатар, бұл бөлім бойынша «Синквейн әдісі» сабақтың рефлексия сатысында қолданылды.

Бүгінгі таңдағы тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесін өмірде пайдалана алуына байланысты екеніне еш күмәніміз жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Диалогтік оқыту әдісін оқыту үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады деген ойдамыз:

- оқушының белсенділігі артады;
- шығармашылық қабілеті дамиды;
- диалогқа түсу арқылы өз ойын еркін жеткізе білуге үйренеді;
- сөздік қоры молаяды.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік оқыту - оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады. Ол оқытудың негізгі мақсаттарына жетуде маңызды құрал деп санаймыз.

Қорыта келе, жоғарыда сөз болған диалогтік оқыту әдістерінің барлығы дерлік оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын жүргізуіне, мәселелік жағдаяттарды шешуіне бағытталған еркін пікір алмасуды көздейтін диалогқа құрылған әдістер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Иманғалиева Г. Типология диалога: Дисс.: канд. филол. наук: 10.01.01. – Алматы, 1999. – 121 с.
2. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий: Пособие для преподавателей. [Мұғалімдерге арналған құрал: педагогикалық технологиялар энциклопедиясы] — СПб.: КАРО, 2002.— 368 с.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М, 1998. – 215 б.

МРНТИ 16.01.45

ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧИЯ

Ю.В. ХВОСТОВА

*Актыбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, Актобе,
Казахстан*

Аннотация. В данной статье автором была предпринята попытка анализа формирования речевой компетенции у студентов в условиях полиязычия. Автором осуществляется анализ теоретических предпосылок формирования речевых и языковых компетенций обучающихся на занятиях по языку в высших и общеобразовательных учебных заведениях. Рассматривается модель понятия «компетенция», формирование данной модели у обучающихся в процессе освоения теоретического и практического материала в условиях полиязычия.

Научная статья актуальна. В ней проанализированы аспекты развития речевой и языковой компетенций, коммуникативных умений и навыков, необходимых для будущих специалистов языковой сферы обучения для успешной профессиональной деятельности.

Практическая значимость работы состоит в направленности научной статьи на разработку методических средств в преподавании языковых дисциплин. Представлены содержательные направления программы работы с целью формирования компетенций у учащихся.

Ключевые слова: полиязычие, компетенция, обучающийся, языковая деятельность.

Аңдатпа. Автор жоғары және орта оқу орындарындағы студенттердің сөйлеу және тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық алғышарттарын талдайды. «Құзыреттілік» тұжырамдасының моделі қарастырылады, көптілділік контекстінде теориялық және практикалық материалды меңгеру үрдісінде студенттерге осы модельді қалыптастыру қарастырылған.

Ғылыми мақала маңызды. Кәсіби қызметтің табысты болуы үшін тіл білімі саласының болашақ мамандары үшін қажетті сөздік және тілдік құзыреттіліктерді, коммуникативтік дағдыларды және қабілеттерді дамыту аспектілерін талдайды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы - тілдік пәндерді оқытудағы әдістемелік құралдарды дамыту туралы ғылыми мақаланың негізгі бағыты болып табылады. Жұмыс бағдарламасының негізгі бағыттары студенттердің құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында ұсынылған.

Түйінді сөздер: әлемдік жаһандану, тіл саясаты, кадр даярлау, тіл мәртебесі, деңгей.

Abstract. Author of this article attempts to reveal and comprehend notions of linguistic and speech competence and formulate them for students in condition of multilingualism.

The author analyzes the theoretical prerequisites for the formation of speech and language competences at schools and universities. A model concept of “competence” is the formation for this model in the process of mastering theoretical and practical material is considered in the multilingual environment.

Scientific article is relevant. It analyzes aspects for development of speech and language competences, communication skills and abilities necessary for future specialists at the language sphere for successful professional activity.

The practical significance of the work is focused on the scientific article for the methodological tools in teaching language disciplines. Substantive directions of the program 's work with the students' formation competencies are presented.

Key words: linguistic, multilingualism, attempts, competence, students

Обучение языку в вузе или в школе заключается в формировании национально сознательной, духовно богатой языковой личности, владеющей умениями и навыками свободно, пользоваться средствами родного языка во всех видах речевой деятельности, то есть обеспечении надлежащего уровня коммуникативной и языковой компетенции.

Под языковой личностью в лингвистике понимается "сочетание в лице говорящего его языковой компетенции, стремление к самовыражению, свободного, автоматического осуществления разносторонней языковой деятельности" [1].

В лингводидактике термин "языковая личность" - это углубление, развитие, обогащение и наполнение дополнительным содержанием понятия "личность" вообще

Сам термин "компетенция" ввел Н. Хомский для нужд генеративной грамматики для обозначения языковых знаний. Первоначально этот термин обозначал способность, необходимую для выполнения определенной, преимущественно языковой деятельности на родном языке. Компетентный говорящий /слушающий должен, по мнению Н.Хомского: продуцировать /понимать неограниченное количество предложений на родном языке, иметь собственное мнение о высказываниях, то есть видеть формальную схожесть или различие в значении двух выражений.

Н. Хомский считал, что языковая компетенция имеет врожденный характер, является фактом индивидуального мировосприятия и формируется на основании взаимодействия врожденных знаний и усваиваемого языкового материала, т.е. в сознании ребенка существуют "глубинные" грамматические правила, которые конкретизируются на внешнем уровне в синтаксических структурах изучаемого[3].

Речевая и языковая компетенции – это, прежде всего, умение понимать на слух основное содержание текстов, которые так необходимы при изучении любого языка.

Умение читать и понимать тексты различных жанров и видов с разной степенью понимания их содержания (чтение с пониманием основного содержания, чтение с полным пониманием текста и т.д.).

Умение зафиксировать и передать письменно необходимую информацию.

Учащиеся должны усвоить программный языковой материал как средство оформления или понимания высказываний в процессе общения на уровне, определенном стандартом. Для этого учащимся необходимо понять и усвоить коммуникативные функции средств общения

для их корректного применения в соответствующих речевых ситуациях, уметь самостоятельно отбирать именно те языковые и речевые средства, которые являются оптимальными для реализации коммуникативного намерения и адекватными в социально-функциональном плане в сфере общения.

Умение выбирать и использовать речевые формы для осуществления коммуникативных намерений в конкретных ситуациях, как следствие формирования языковой личности на занятиях по изучению языков.

В условиях полиязычия большое внимание в изучении языка в вузе должно отводиться страноведческим факторам, поскольку отсутствие данных знаний как таковых не может способствовать формированию целостной языковой личности.

К содержанию данных знаний отводят:

- знания языка и теоретические сведения о нем;
- умение осуществлять речевое общение с учетом социальных норм поведения;
- умение соотносить языковые средства с задачами, целью и условиями общения;
- владение национально обусловленной спецификой использования языковых средств [2].

Итак, языковую или речевую компетенцию можно определить, как способность индивида решать языковыми средствами те или иные коммуникативные задачи в разных сферах и ситуациях общения. В изучении языка, в полиязычной среде, - это единство двух компонентов - лингвистического и социального, связь определенного объема лингвистических и социальных знаний с умениями общения.

Таким образом, языковая или речевая компетенция - это усвоение, осознание языковых норм, сложившихся исторически в фонетике, лексике, грамматике, орфоэпии, семантике, стилистике, и адекватное их применение в любой человеческой деятельности в процессе использования определенного языка.

Речевую компетенцию, по мнению ученых, составляют знания языка и речевые умения и навыки, сформированные на основе этих знаний: орфоэпические на основе знаний по фонетике, лексические (усвоение словаря), грамматические, стилистические и т.п.

Таким образом, курс изучаемого языка ориентирован на формирование речевой, языковой (коммуникативной) компетенции. Центральным понятием, непосредственно связанными с целью преподавания языка, становится языковая или речевая личность.

Новейшие исследования по проблеме формирования языковой личности свидетельствуют о ее комплексном характере. Языковая личность не является частично аспектным коррелятом личности вообще, каковы правовая, экономическая или этическая

личность, а феноменом национального, и его следует рассматривать не только в системе языка, но и истории, культуры, всей жизни[5].

Формирование речевой компетенции учащихся, языковой личности, осуществляется при помощи объединения данных о языке, языковой структуре с видами речевой деятельности, а также представления о языковой личности в ее развитии, становлении, динамике от одного уровня владения языком к другому, более высокому. Принципиально новым в этой модели является выделение учеными уровней владения языком.

Таких уровней можно выделить пять:

-уровень правильности, отвечающий за построение высказываний и продуцирование текстов в соответствии с правилами и нормами языка;

-уровень, содержащий умение реализовывать и воспринимать высказывания в соответствии с внутренним планом речевого действия;

-уровень насыщенности, что отражает разнообразие и богатство выразительных средств языка;

-уровень адекватного выбора, что оценивается соответствием языковых средств ситуации общения;

-уровень адекватного синтеза, учитывающий соответствие созданного текста всему комплексу содержательных и коммуникативных задач[5].

Анализ структуры речевой способности учащихся свидетельствует о динамичности ее образования. Процесс использования знаний культурологических правил, их выбора и ситуативная организация лежат вне языковой способности. Они принадлежат коммуникативной компетенции, которая вместе с речевой способностью и составляет языковую личность.

Список использованной литературы

- 1 Методика обучения иностранным языкам в средних начальных заведениях: Учеб. /Под ред. С.Ю. Николаевой. - М.: Ленвит, 1999. - 320 с.
- 2 Что значит знать язык и владеть им /Под ред. Н. М. Шанского. - М.: Просвещение, 1989. - 192 с.
- 3 Богуш А. Дошкольное лингводидактики: теория и практика. - М.: Просвещение, 2002. - 216 с.
- 4 Шумарова Н. Языковая компетенция личности: социопсихолингвистичний аспект: Автореф. дис. д-ра филол. наук. - М., 1994. - 48 с.
- 5 Пономарь Л.М. Функционально-коммуникативный принцип формирования языковой личности: Автореф. дис. д-ра. пед. наук. - М., 1997. - 45 с.

ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ
ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ
HISTORY, PHILOSOPHY AND SOCIOLOGY

FTAMP 03.20

X-XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ТҮБЕГІНДЕГІ АЙЛАҚТАР¹

М.Қ. КИПИЕВ

*Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану
жөніндегі мемлекеттік инспекциясы, Атырау, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларында X-XVII ғасырларда болған теңіз айлақтарының тарихы қарастырылған. Осы тұста атап өтер бір жайт, аталған кезеңдегі айлақтар туралы дереккөздер толық емес, сәйкесінше көп айлақтардың атауы бүгінгі күні ұмыт болған. Мақаланың басты мақсаты Маңғыстау түбегіндегі теңіз айлақтары жөнінде жазылған деректер мен материалдарды жинақтау, талдау және баяндау. Осыған орай, мақаланы жазу барысында араб, ағылшын, орыс саяхатшылардың жазбаша деректерімен қатар, картографиялық материалдар да пайдаланылды.

Түйін сөздер: Каспий теңізі, Маңғыстау түбегі, теңіз айлақтары, дереккөздер, картографиялық материалдар, тарих, ғылыми-зерттеу

Аннотация. В статье рассматривается история морских пристаней которые были в северо-восточном побережье Каспийского моря в X-XVII веках. Следует отметить, что источники о пристаней того времени неполные, соответственно названия многих пристанищ на сегодняшний день забыты. Главная цель статьи это сбор, анализ а также изложение материалов и источников о морских пристанях Мангыстауского полуострова. В связи с чем, при написании статьи наряду с письменными источниками арабских, английских, русских путешественников были использованы картографические материалы.

Ключевые слова: Каспийское море, полуостров Мангыстау, морские пристани, источники, картографические материалы, история, научное-исследования

Annotation. In this article considering the history of the marinas that were in the north-eastern coast of the Caspian Sea in the X-XVII centuries. It should be noted that the sources of the wharves of that time are incomplete, respectively, the names of many of the haven for today are forgotten. The main purpose of the article is to collect, analyze and present materials and sources about the marinas of Mangystau peninsula. So, when writing the article, along with written sources of Arab, English, Russian travelers, cartographic materials were used.

Key words: Caspian Sea, Mangystau Peninsula, marinas, sources, cartographic materials, history, scientific researches

Маңғыстау түбегінің ортағасырлардан бастап Еділ өңірі мен Хорезмді Каспий теңізі арқылы жалғастырған басты және қолайлы сауда жолының бірі ретінде таныла бастағанын дәлелдейтін деректердің алғашқысын X ғасырдан бастап араб саяхатшыларының

¹ Мақала «Маңғыстау облысының материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұралары (этнографиялық, этноархеологиялық, этимологиялық, топонимикалық, тарихи-сәулет, арабографиялық зерттеулер)» кешенді экспедициясын ұйымдастыру және өткізу жобасы аясында дайындалды.

жазбаларынан кездестіреміз. Мәселен, араб географы әл-Истахри өзінің 951 жылы шыққан «Китаб месалик ил-мемалик», яғни «мемлекеттердің жолдары кітабын» жазуда Түкістанды өз көзімен көрген әл-Балхидің шығармасын пайдаланып, еңбегінің қосымшасына бірнеше картаны жалғайды. Картада Хазар (Каспий) теңізі мен «Сияхкух»² тауы белгіленді [1, б.18]. Истахридің сипаттауы бойынша «Сияхкух» жайлау мен су көзі бар үлкен арал болып табылады. Ол жерде оғыздармен араздасып, жақында көшіп келген түркілердің бір тайпасы мекендейтіндігін атап өтеді. Сонымен қатар, Хазар теңізінің Сияхкух жағында бұғаздың бар екендігін және оған кірген кемелер желдің әсерінен жағаға соғысып қалудан қорқатындығын, егер қираған жағдайда, олардың заттарын түркілер иеленетіндігін жазды [2, б.169].

X ғасырда өмір сүрген араб географы Мукаддаси (Макдиси), Хазарлардың Джурджанимен шектесетін шекарасы ретінде Бинкишлах қаласын көрсетеді. Шығыстанушы В.Бартольдтың пікірінше ол Маңғышлақты білдіреді [3, б.479]. Осы тұста атап өтер бір жайт, XII-XIII ғасырлардағы еңбектерде Маңғышлақ сөзі қала және тайпа атауы ретінде де көрсетілді. Мәселен, Ибн әл-Асирдің «әл-Кәмил фи-т-тарих» еңбегінде түріктердің Хорезмнен Маңғышлаққа кеткендігі, хорезмшахтың ұлы Атсыздың Маңғышлақ атты қаланы жаулап алғандығы туралы жазылады [2, б. 384]. Ал, географ Мұхаммед Ибн Нәжіп Бекранның «Жаһан-наме» шығармасында Маңғышлақ түріктердің тайпасы ретінде көрсетіліп, олардың оғыздармен арада болған келіспеушіліктен ол жерден көшіп кетіп, Абаскун (Каспий) теңізінің жағасындағы «Сияхкухқа» тоқтағаны айтылады [2, б.349]. Тарихшы Якуттың «Китаб му'джам ал-булдан» еңбегінде Манкашлаг³ (Маңғышлақ) Хорезм мен Саксиннің және рустар (орыстардың) арасындағы теңізге жақын алынбас қамал ретінде сипатталумен қатар, оны хорезмшах Атсыздың жаулап алғаны туралы екі жол өлеңмен келтіріледі [2, б.435]. Жалпы, осы кезеңнен бастап Маңғыстау түбегі Еділ бойынан Хорезмге баратын басты сауда жолы ретінде таныла бастайды, жүктер Түпқараған мүйісіне жақын жердегі айлаққа түсіріліп, Хорезмге керуенмен апарылды. Маңғыстау жері Хорезм шахы Атсыздың жаулап алмасынан бұрын, яғни, 1127-28 бен 1138 жылдар аралығында мұсылман әлемінің шекарасындағы тәуелсіз иелік болды. Якуттың шығармасынан (Атсыздың) түбекті жаулап алу нәтижесінде қоныстың қирағандығын аңғаруға болады [3, б.479].

Маңғыстау түбегі мен ондағы айлақтар жөнінде XIII ғасырда деректер кездеспегенімен де, XIV ғасырдағы араб авторларының шығармасынан түбектің

² Тарихи әдебиеттерде «Сияхкух» атауымен қай жерді тануға болады деген талас пікірлер болғанымен де, ғалымдар зерттей келе, ол Маңғыстау түбегі мен Үстіртті білдіреді деген тоқтамға келген еді. Бұған «Сияхкух» сөзінің парсы тілінен аударғанда «Қаратау» деген мағынаны білдіретіндігі де негізге алынғанса керек. Сол себепті ол Маңғыстаудағы Қаратаудың ескі атауы болған деп топшыланды. Қар.: Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. Ашхабад. 1969. Б.78

³ Маңғыстау тарихын зерттеушілердің пікірінше «Манкашлаг» - облыс аумағындағы ортағасырлық ескерткіш Қызылқала қаласы болып табылады. Қар.: Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. Сокровища Устюрта и Манкыстау. Алматы. 2007. Б.318

географиялық орналасуының сипаттамасын көреміз. Соның бірі Ибн Фадлаллах әл-Умаридің жазбасында Маңғышлақ аталатын жер Хорезмге жалғас жатырғандығы және оның көлемі дөңгелек пішінді келетіндігі, ені мен ұзындығы 5 айлық жол болатындығы сақталған. Сондай-ақ, оның барлық аумағы далалық екендігі және саны көп халқы қарақшылардан тұратындығы айтылады [4, б.138]. Осындай дерек Шихаб ад-дин әл-Калкашандидің еңбегінде де қайталана келіп, онда тұратын халықтың атауын бурджандар деп нақтылайды [4, б.201].

XIV ғасырда Алтын Орданың гүлденуімен Батыс Еуропалықтарға Каспий теңізінің барлық жағалаулары туралы ақпараттың белгілі болғандығын 1367 жылғы ағайынды Франциска және Доминика Пицигано мен 1375 жылы шыққан «Каталондық атластан» көруге болады. Аталған, екі карта да Маңғыстау түбегіндегі елді-мекендер кездеседі. Зерттеуші Ф.Брунның пікірінше пицигандықтардың картасындағы *Melmeselack* пен каталондықтардың атласындағы *Memnemeselach* Маңғыстау түбегін білдіреді [5, б.32]. Бұл екі картаның бір айырмашылығы, алғашқысында *Melmeselack* тұсында қала немесе елді-мекен белгіленсе, соңғысы тек түбектің атауы ретінде көрсетілген.

XV ғасырдың II-жартысында Еуропадан шыққан келесі картада Каспий теңізі мен оның жағалауындағы қалалар және Маңғыстау түбегіндегі елді-мекендер мен Үстірт арқылы керуен жолдар туралы мәліметтер кездестіреміз. Нақтырақ айтқанда, 1459 жылғы венециялық монах Фра Мауроның (FraMauro) «Әлем картасында» Маңғыстау түбегі анық көрсетіліп, ол жерде *Chisive* және *Machexisa* атты екі қала белгінеді. Картада Үстірт орналасқан жер: «осы биіктік арқылы Orqanza (Үргеніштен) тауарлар жоғары тасылады» деп жазылған [1, б.27-28]. Алайда, аталған қалалар туралы деректер кездеспегендіктен, олардың Маңғыстау түбегінің нақты қай жерінде орналасқандығы мен қай кезеңінде өмір сүргендігі белгісіз. Себебі, жоғарыдағы карта жасалғаннан кейін бір ғасыр өткен соң, яғни 1558 жылы Маңғыстау арқылы Хиуа мен Бұқараға сапар шеккен ағылшындық көпес Антонио Дженкинсон Каспий теңізі маңындағы халықтардың көшпелі өмір сүретіндігін және олардың Селлизюр (Везир) қамалынан басқа қалалары жоқ екендігін жазған болатын [6, б.178]. Бұл пікірді атақты ғалым В.Бартольдта қолдайды, ол «Мангышлак» атты еңбегінде түбектің сауда жолы үшін маңызы зор болғанына қарамастан, орыстар алғанға дейін отырықшы қоныстар туралы деректер кездеспейтіндігін алға тартқан еді [3, б.479]. Бұл жерде жоғарыда аталғандардың тұжырымдарынан Маңғыстау түбегінде жыл бойы адамдар тұрақты өмір сүрген, сол кезеңдегі қала мәдениеті туралы айтылып отырғандығын аңғаруға болады.

Дженкинсон батыс Еуропалықтар ішінен Маңғыстау түбегіне аяғын алғаш басып, ол туралы жазба дерек қалдырған тұңғыш саяхатшы болып табылады. Ол 1558 жылдың

жазында Астраханнан бастаған сапарында Каспий теңізінің солтүстік бөлігін жағалай, Жайық пен Жем өзендерінің сағасы арқылы, Manguslake (Маңғышлақ) атты теңіз айлағына келіп тоқтайды. Дегенмен, Дженкинсонның жоспары бойынша ол тоқтайтын (аты белгісіз) айлақ Каспий теңізінің оңтүстік бөлігіндегі ішкі шығанақтан 12 лига⁴ қашықтықта болатын [6, б.174]. Ресей империясының вице-адмиралы, зерттеуші Ф.Саймоновтың еңбегіне жалғанған Каспий теңізінің картасын қарайтын болсақ, онда «Мангуслак» атты айлақ қазір Үстірт пен Бозашы түбегін бөліп тұрған Қайдақ сорының оңтүстік жағасында орналасқан және онда «Дженкинсон аталған жер арқылы құрлықпен Бұқараға сапар шекті» деп жазылған [7].

XVI ғасырдың 70-жылдарынан бастап Әзербайжан жерін Түріктердің басып алуына байланысты Мәскеу мемлекетінен Иранға баратын сауда жолы өзгеріске ұшырайды. Астраханнан Қызылбасқа баратын кемелер бұдан әрі Қараған (Түпқараған) арқылы жүре бастайды. Осы жолмен 1588 жылы парсы жерінде елшілікке аттанған Г.В.Васильчиковтың жазбасында өлкедегі теңіз айлақтары туралы бірқатар құнды деректер кездеседі. Оның жазуынша жел айдап «төменгі Түркіменияның» Кетік тауындағы Қолтық (Өлі қолтық) шығанағына келіп, одан әрі қарай «түркімен жағындағы» аты айтылмайтын айлаққа тоқтайды. Г.Васильчиков Түпқарағанның барлық теңіз айлақтарынан өтіп, оның «солтүстік жағалауындағы 3 жердегі айлақта түріктердің сауда кемелері тұрды» - деп жазады. Мұнымен қоса ол Мышлақ (Маңғышлақ) арқылы Гиляндық (Ирандық) саудагерлердің де кемелері жүретіндігін айта кетеді [8, б.105-106].

Сонымен қатар, осы кезеңде түбекте төртінші айлақ та болған. Ғалым А.Чулошниковтың пікірінше жоғарыда Г.Васильчиков тоқтаған, бірақ аты аталмаған соңғы теңіз айлағы Бозашы түбегінде орналасқан десе [9, б.74], зерттеуші М.Фехнер ол айлақты Түпқарағанның оңтүстік жағалауындағы Құлалы аралына жақын маңда болған деп топшылайды. Оған дәлел ретінде орыс князі Андрей Звенигородскийдің 1595 жылы Ираннан елшіліктен қайтып келе жатқандағы жазбасын алға тартады [10, б.30]. М. Фехнер сілтеме жасаған А.Звенигородский дерегіне келсек, онда Мышлақтағы (Маңғышлақ) Черекен атты айлаққа тоқтағаны айтылады [8, б.282]. Дегенмен, қазіргі Маңғыстау түбегінде Черекен айлағы болғаны жөнінде мәліметті кездестіргендіктен, біздің ойымызша бұл бүгінгі Түркіменстан жеріндегі Челекен шығанағы болуы керек.⁵

⁴1 лига – 4,82 шақырым

⁵ XII-XIII ғасырлардағы Хорезмшах мемлекетінің картасына қарайтын болсақ, Маңғышлақ деген аумақтың оңтүстіктегі шекарасы Қарабұғаздан төмен қарай қазіргі Челекен шығанағынан басталып, солтүстікте Арал мен Каспий теңіздерінің аралығын қамтығанын көреміз. Қар.: Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М. Л. 1948. Б. 276

XVII ғасырда Мәскеу мемлекеті мен Орта Азия хандықтарының арасында болған сауда қатынастары жөніндегі дереккөздерде Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Қабақлы және Қараған атты теңіз айлақтары туралы мәліметтер кездеседі. Мұнымен қоса тарихи деректерде орыс және шығыс көпестері тоқтаған Седеев пен Назаров айлақтары да айтылады. Енді осыларға тоқтала кетсек, Қараған айлағы туралы алғаш тарихи деректер 1633 жылдан бастап, Мәскеу мемлекетіне бұқарлық саудагерлердің келуімен хатқа түскен. Ал, Қабақлы теңіз айлағы жөнінде әскер басылардың жазбалары мен грамоталарында одан да бұрын, 1617 жылдан көрініс тапқан болатын. Дегенмен, аталған айлақтар жөнінде деректердің мерзімі XVII ғасырдың соңымен шектеледі [10, б.73]. Ал сол кезеңдегі картографиялық материалдарда Қабақлы кездеспегенімен де, Қараған және Маңғышлақ теңіз айлақтары жиі ұшырасады. Мысалы, 1647 жылы неміс саяхатшысы Адам Олеарий шығарған «Персия мен оның төңірегіндегі жерлердің жаңа картасы» бойынша Минкишлак (Маңғышлақ) түбегімен Кезел немесе Орксант өзенінің сағасы қиыстырылған. Оның нәтижесінде пайда болған кең шығанақ «Порт Минкишлак» (Portus Minkischlack), яғни Маңғышлақ порты деп көрсетілген [11, б.194-196]. Мұның өзі ол жердің кеме тоқтайтын айлақ екендігін айғақтайды. Дегенмен, Маңғышлақ атауы XVII ғасырдағы карталардың барлығында бірдей көрініс таппайды. Мысалы, 1687 жылғы Н.Витсеннің картасындағы түбекте бір ғана Қараған (Сагаған) елді-мекені белгіленді [12].

Қабақлы теңіз айлағы Қарағанға қарағанда Астраханға жақын орналасты. Алайда, оның жағалауындағы бор кеме тоқтауға қолайсыздық танытқандықтан, бұл айлақ әрдайым қолжетімді бола бермеген. А.Чулошников XIX ғасырдағы Колодкиннің картасында көрсетілген керуен жолдарын негізге ала отырып, Қабақлыны Бұрыншық мекенінен солтүстікке қарай, яғни қазіргі Бозашы түбегінде орналасқан деп топшылайды. Сондай-ақ, зерттеуші тарихи деректерге сүйене отырып, айлақта түркімендердің чабдұр (чавдур) руы мекендегенін атап өтеді. Бірақ, XVII ғасырдың 30 жылдарынан бастап қалмақтардың Жемнің төменгі сағасына келіп керуендерді тонауы, Мәскеу мемлекеті мен Хиуа арасындағы сауда жолына кері әсер етіп, оның ішінде Қабақлы арқылы өтетін теңіз бен керуен жолының тұралауына әкелді. Нәтижесінде, XVII ғасырдың 70-жылдарында Қабақлы айлағы өзінің сауда жолы ретінде маңызын жояды [9, б.75-76].

Енді Қараған айлағына қайтып оралсақ. Ол Сарыташта ашық теңіз шығанағында орналасты. Астраханнан шыққан орыс көпестері кеме арқылы Қарағанға жүзіп келіп, әрі қарай құрлықта керуенмен кетсе, Хиуа мен Бұқарадан келген саудагерлер алып келген заттарын айлақта тұрған кемелерге тиіп, Астраханға апарып сатып отырған. Сонымен қатар, кей жағдайда айлақта екі жақтан келген саудагерлер бір-бірінің тауарларын сатып алған

және айырбастаған. Сауда барысында орыс көпестері өздерінің тауарларын қымбатқа беруге, ал хиуалықтардікін арзанға алуға тырысқандықтан, 1675 жылы Хиуа ханы Ануша-Мұхаммед-Бахадүр сауда қатынастарын реттеу мақсатында Қараған айлағының жанынан қала салуға жарлық шығарады. Бұл мәселе жөнінде хан мен орыс патшасы Федор Алексеевич арасында жазылған грамоталарда қала салынатын жер ретінде Маңғышлақ айлағының аты аталады [13, б.224-240]. Бұл жолдардан, Сарыташ дөңіндегі Қараған мен Маңғышлақ бір теңіз айлағын білдіретіндігін көруге болады. Соңғысы жалпы жердің атауына байланысты айтылса керек.

А.Чулошников жазған Седеев пен Назаров айлақтарына тоқталсақ, бұл екіге бөлініп айтылатын айлақ түркімендік Назар-Бакшы Седеевтің есіміне байланысты шыққан болуы керек деп есептейміз. Оған мынадай дәйек келтіреміз. 1675-1677 жылдары Хиуа мен Бұқарада болған орыс елшісі Василий Даудов өзінің сапарында Астраханнан Түркіменияға келіп, түркімендік Назар-Бакшы Седеевтің «бусына» (кемесіне) тоқтап, оған Қараған айлағында қала салынатындығы жөнінде хабар айтқандығы хатқа түскен [13, б.234]. Бұл жерде елшінің Түркімения деп отырғаны Маңғыстау түбегін, ал Назар-Бакшы Седеевтің кемесіне келуін, соңғысы тоқтайтын айлақты, оның кемесінің болуын Седеевтің саудагер немесе оларға кеме жалдайтындығын білдіреді деп топшылаймыз. Оған дәлел, 1826 жылы штурман А.Колодкиннің құрастыруымен шыққан Каспий теңізінің атласындағы Қашақ шығанағына арналған арнайы картада оның жағасындағы Маңғышлақ айлағы мен оған жақын жағалауда «Назаров шатқалы» көрсетілген [14, п.21]. Біздің ойымызша «Назаров шатқалы» Назар-Бакшы Седеев тоқтаған айлаққа келеді. Сондықтан, ол тұратын бір немесе екі бөлек айлақ өзінің атымен Назаров және тегімен Седеев болып аталса керек деп ойлаймыз.

Жоғарыда жазылған Қараған айлағының жанынан қала салу мәселесін еске алсақ, ол іс бойынша екі жақтың хат алмасулары нәтижесіз қалды деп есептейміз. Себебі, І-Петрдің таққа отыруымен 1691 жылы хиуа елшілігінен Каспий теңізінің шығыс жағалауынан бекініс тұрғызу туралы тағы да ұсыныс беріледі. Бекініс Хиуамен арадағы саудада керуен жолын қысқарту мақсатында тұрғызу үшін қажет деп ұсынылғанына қарамастан, ол Ресей жағынан тағы да қараусыз қалады [15, б.264].

Қорыта келгенде, X-XVII ғасырларда Маңғыстау түбегінде болған теңіз айлақтары жөнінде келесідей ой тұжырымдаймыз. Маңғыстау айлақтары туралы кездесетін алғашқы жазбаша деректерге қарап, олардың пайда болу уақыт X ғасырдан да бұрын мерзімдеуге болады. X-XV ғасырларда түбекте болған айлақтар туралы жазбаша дереккөздер жеткіліксіз болуына орай, олардың болғандығын дәлелдейтін бірден-бір құжат картографиялық

материалдар болып табылады. Маңғыстау айлақтарын өз көзімен көріп жазба дерек қалдырғандардың алды XVI ғасырдың II-жартысынан, яғни, Орыс патшалығының Астраханды жаулап алуынан басталады. XVII ғасырда түбектегі ең танымал айлақтар Қараған мен Қабақлы болғанына қарамастан, XVI ғасырдың II-жартысынан XVII соңында дейін олардың жанында қала немесе бекіністер салынбады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Багров Л.С. Материалы к историческому обзору карт Каспийского моря. Спб.: Типография Морского Министерства, 1912. -112 с.
2. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т.1. VII-XV вв. -Арабские и персидские источники. М.Л.: АН СССР,1939. -612 с.
3. Бартольд В.В. Сочинения. Т.3. -М.:Наука,1965. -711 с.
- 4.Становление и расцвет Золотой Орды. Источники по истории Улуса Джучи (1266-1359). - Казань.: Татарское книжное издательство,2011. -438 с.
- 5.Брун Ф.К. Перипл Каспийского моря по картам XIV столетия. Одесса.: -Типография Ульриха и Шульце,1872. -34 с.
- 6.Английские путешественники в Московском государстве в XVI веке / перев. Ю.В. Готье. - Л.:ОГИЗ,1937. -315 с.
- 7.Соймонов Ф.И. О торгах за Каспийское море древних средних и новейших времен. -М. Печатано при Московских Правительствующаго сената департаментах,1765. -74 с.
- 8.Памятники дипломатических и торговых сношений Московской Руси с Персией. Т.1. - Спб.: Товарищество паровой скоропечатни Яблонский и Перотт, 1890. -453 с.
- 9.Чулошников А. Торговля Московского государства с Средней Азией в XVI-XVII веках // Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Ч.1. Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии в XVI-XVII вв. -Л.: АН СССР, 1932. -С.61-88;
- 10.Фехнер М.В. Торговля русского государства со странами востока в XVI веке. -М.: Государственное издательство культурно-просветительной литературы, 1956. -122 с.
- 11.Туран на старинных картах: Образ пространства – Пространство образов. -М.: ИПЦ «Дизайн. Информация. Картография », 2008. -480 с.
12. Witsen N., Nicolaes Imperii Russici sive Moscoviae Status Generalis, in ejus Regna, Ducatus, Provincias, Populos que Subjacentes Divisus, etc.: Cum privilegio. –Amsterdam,1687.
- 13.Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Ч.1. Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии в XVI-XVII вв. - Л.: АН СССР, 1932. -504 с.
- 14.РМӨТФА.1331 қ. 3 т. 35а іс.

15.Бэр К.М. Заслуги Петра Великого по части распространения географических познаний о России и пограничных с нею землях Азии // Записки Императорского Русского Географического общества. - 1850. - Кн.IV. - С.260-283

МРНТИ 03.01.07

ПРОЕКТ АРХИВ-2025 И ИСТОРИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОГО АРХИВНОГО ДЕЛА

Н.А. АБДУЛЛАЕВ, Г.Ж. СУЛЕЙМЕНОВА

*Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова, Актюбе,
Казахстан*

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы «Архив 2025» болашақ жобасы аясындағы еліміздің мұрағаттар тарихының кейбір жәйттері баяндалған. Авторлар тұжырымынша бұл жүйе ел тарихының аса маңызды дерекөздері бола тұра ХХ ғ. арнайы орын алып мемлекеттік құрылым арнасында қалыптасуындағы кейбір бұрылыстары сипатталған.

Түйін сөздер: источник, архив, система архивов, документоведение, история, СССР, Советы, Декрет, реформа, концентрация, централизация, фонд, НКВД, эволюция, компромат.

Annotation. A brief history of the formation and development of the archival system in the Republic of Kazakhstan is given in the article. According to the author's conclusion the state archival system of the Republic is wholly linked with the document management service in the USSR.

Keywords: source, archive, archive system, document management, history, USSR, Councils, Decree, reform, concentration, centralization, fund, NKVD, evolution, compromising evidence.

Аннотация. В статье на основе статьи Главы государства «Семь граней Великой степи» дана краткая история формирования и развития архивной системы в Республике Казахстан. По выводу авторов государственная архивная система республики имеет объективную историческую преемственность и берет свои истоки с радикальных политико-экономических событий начала ХХ века.

Ключевые слова: источник, архив, система архивов, документоведение, история, СССР, Советы, Декрет, реформа, концентрация, централизация, фонд, НКВД, эволюция, компромат.

В статье главы государства «Семь граней Великой степи», как и в предыдущих фундаментальных работах Президента, обращено внимание исследователей на актуальные аспекты национальной истории. В действительности как подчеркивает Президент: «пространство – мера всех вещей, время – мера всех событий» [1]. Как следует из научной методологии пространство и время, являются мерилем истории, а в нашем случае истории Великой степи. За годы Независимости проведена большая работа по изучению прошлого нашего народа – реализуется программа «Мәдени мұра» и другие современные уникальные проекты, которые безусловно способствуют восстановлению важнейшие фрагменты

исторической хроники. Тем не менее многие документальные свидетельства об экономике, социально-политической сфере, государственном устройстве Великой степи и их уникальной цивилизации требуют незамедлительного введения в научный оборот.

В процессе анализа состояния сохранности первоисточников в статье, Президент счел необходимым создать семилетнюю программу «*Архив-2025*», в которую были бы включены фундаментальные исследования всех отечественных и зарубежных архивов, начиная с античности и кончая современностью. В рамках его реализации необходимо будет модернизировать поисково-исследовательскую работу специалистов социально-гуманитарной сферы на системном и долгосрочном взаимодействии с отечественными и крупнейшими зарубежными архивами.

По мнению Президента: «эта важная во всех отношениях деятельность не должна превратиться в *«академический туризм»* за государственный счет» [2]. Необходимо не только кропотливо собирать архивные данные, но и активно конвертировать их в цифровой формат, делая доступными для всех заинтересованных экспертов и широкой общественности.

Чувство гордости и патриотизма за отечественную историю, как свидетельствует мировой опыт, формируется с малых лет, т.е. с юной поры соотечественников. Поэтому важно создать историко-археологическое движение в коллективах системы образования и краеведческих музеях. Приобщенность к национальной истории формирует чувство единства своих истоков у соотечественников. В русле размышлений и рекомендации Главы государства в настоящей статье хотелось бы осветить отдельные аспекты истории архивного дела в республике.

Источники об архивах и архивном деле в республике имеют своеобразную насыщенную и достаточно длительную историю. В литературе двадцатого столетия начало коренных преобразований в архивном деле связывали с Октябрьской революцией и последующими Декретами Советских правящих органов об архивах и архивном деле. Однако современные отечественные исследования по истории архивного дела показали, что изменения в данной сфере произошли раньше, а проекты архивной реформы, как было показано выше, появлялись уже с начала XIX века. Сутью всех предложений об архивной реформе уже тогда ставило задачу: во-первых, централизации архивов и во-вторых, подготовки квалифицированных архивных кадров.

Источники свидетельствуют о том, что к 1917 году архивисты и историки однозначно выступали за необходимость архивных реформ. В этот период свой проект архивной реформы предложил военный архивист Ф.А.Ниневе. К примеру 18 марта 1917 года он

направил Временному правительству “Записку об организации архивов” и написал соответствующее письмо в Государственную Думу. В письме предлагалось провести немедленную централизацию, концентрацию архивов Морского, Военного и других министерств. Однако эта реформа не нашла свою нишу в государственной структуре. И тем не менее, как следует из источников, реформенная инициатива архивов на различных этапах государственно-политической эволюции поддерживалась.

К примеру, в 60-80 гг. двадцатого столетия вывод архивов из системы НКВД, на наш взгляд, не привел к радикальным переменам в работе архивов. Ведомственные тенденции в архивном деле еще более усилились. В 1962 году были приняты “Основные правила работы государственных архивов СССР”, которые отменили действие 35-ти нормативных документов 1938-1958 годов. Однако ведомственные архивы оказались выведены за рамки этих Правил.

Подчинение архивов Совету Министров имело и оборотную сторону: тогдашнее союзное правительство считало, что ГАУ должно выполнять исключительно управленческие функции. Центральный комитет правящей партии (ЦК КПСС) навязывал архивам агитационно-пропагандистские функции. Как следует из выводов авторитетных исследователей историков, оба эти обстоятельства не во всем сказались на дальнейшей эволюции архивного дела. После ухода с олимпа государственно-политического правления «вождя народа» (И.Сталина) получившие открытый допуск в фонды партийных архивов соперничавшие группировки верхов стали оперативно уничтожать компрометирующие их материалы, нанеся этим непоправимый вред ряду фондов.

проанализировал реформы и показал в динамике практику их реализации. Признавая выдающийся вклад М. М. Сперанского в создание новой системы управления, оказавшей прогрессивное влияние на все сферы жизни региона, он подчеркнул ограниченность реформ, проявившуюся, в частности, в фактическом бездействии совещательных органов при генерал-губернаторах и в ошибочности ставки исключительно на бюрократию. С. М. Прутченко в своей работе подчеркнул необходимость учета особенностей каждой окраины при конструировании ее системы управления. Создавая свой труд уже в другую эпоху, он к причинам низкой результативности реформ отнес отказ от включения в административную сферу представительного элемента, ограничив круг активных акторов исключительно чиновничеством.

Гораздо более скромно оценивал заслуги М. М. Сперанского видный деятель сибирского областничества Н. М. Ядринцев. Он признавал, что при тогдашнем уровне общественного развития в Сибири любые радикальные преобразования были обречены лишь на неполный успех. И попытки поставить сибирских чиновников в жесткие рамки закона, обеспечить независимый надзор за всеми частями управления были обречены на провал [10].

Активизация широкого интереса к казахским землям происходит в конце первого десятилетия XX в. И вызвано это было изменением политического курса правительства в отношении региона. Одновременно с программой «Нового Туркестана» встает вопрос о более рациональном, по мнению властей, использовании казахских земель. Появляются работы, обосновывающие и оправдывающие присоединение жузов и перспективу их более активного вовлечения в хозяйственно-экономическую жизнь государства.

Одновременно, делались попытки сформулировать свое видение оптимальной модели административной практики. Например, офицер Генерального штаба М.И. Венюков, исследования которого предопределили оценки практически всех представителей дореволюционной историографии, сравнивал три модели управления: кавказскую, оренбургскую и сибирскую. Кавказская модель, предполагавшая отстранение от управления местной аристократии и скорейшее подавление «видимой неприязни номадов», по мнению Венюкова, ненадежна. Она эффективна только на начальном этапе и внушает стойкое недоверие к русским. Относительно оренбургской модели управления степными областями он отмечал негативную роль казачьих отрядов, деятельность которых была сосредоточена лишь на карательных акциях. Свое предпочтение Венюков отдавал сибирской модели управления, сочетавшей действия казачьих отрядов с крестьянской колонизацией, политику централизации и деконцентрации власти. Он считал, что та или иная территория только тогда станет частью России, когда будет колонизована русскими.

Так, известный русский путешественник и военный географ М.И. Венюков в своей работе «Поступательное движение России в Среднюю Азию»[11] отмечает, что после ликвидации ханской власти Казахская степь существовала фактически бесконтрольно. И лишь М. М. Сперанскому удалось ввести в Средней орде правильное устройство, соединив общегосударственное направление с сохранением власти родовых начальников. Эта реформа позволила во многом обогнать в развитии другие казахские территории. Близкую точку зрения высказал и А. И. Макшеев, признав, что Малая орда, сохранив власть местных правителей, мало подчинялась российской администрации и держалась в узде лишь благодаря возникавшим русским крепостям, в отличие от Средней орды, где после ликвидации ханской власти сразу утвердилось российское управление.

Положительно оценивал реформы и знаменитый казахский ученый и офицер российской службы Чокан Чингисович Валиханов. В своих работах «О Баян-Аульском округе» [12] и «Записка о судебной реформе» [13] он дал положительную оценку реформам, осуществленным в Средней орде. Отмену ханской власти он признал вынужденным шагом в условиях невежества и упрямства родоправителей, а сохранение суда биев, напротив, считал соответствующим развитию народа.

Профессор А. Позднеев в статье «Киргиз-кайсаки» рассматривал преобразования в степи в контексте управленческой деятельности областных и уездных учреждений. Он с похвалой отзывался о западно-сибирской системе управления, вплоть до конца XIX в. основывавшейся на «Уставе о сибирских киргизах» (1822 г.) М.М. Сперанского. Именно выбором удачной модели управления, по мысли Позднеева, можно было объяснить стабильность обстановки в западно-сибирском генерал-губернаторстве по сравнению с оренбургским. Согласно Позднееву, коренное отличие оренбургской системы состояло в том, что султаны были здесь «подобно ханам, совершенно бесконтрольными владельцами своих частей». В наступательного движения в него русских административно-территориальном отношении в оренбургском крае совершенно игнорировалось прежнее родовое деление. По мнению А. Позднеева, наиболее приемлемым вариантом разрешения сложившейся ситуации должен был стать перенос органов гражданского управления в степь оренбургского ведомства, и отказ от принципов косвенного управления посредством султанской аристократии.

В целом, выражая солидарность с политикой правительства в Казахской степи, современники смогли предложить свое понимание некоторых отдельных сюжетов окраинной политики Российской империи в Казахской степи. Так, некоторые аспекты интеграции казахов в состав России занимали и областников. С 1878 по 1880 гг.

Н.М. Ядринцев по заданию Западно-Сибирского Отдела Императорского Русского географического общества в Омске вел свои наблюдения за бытом инородцев Западной Сибири. Итогом стал его труд «Сибирские инородцы, их быт и современное положение». Неоднозначность фигуры Ядринцева проявлялась, прежде всего, в том, что он выступал частью управленческой вертикали, и, соответственно, выражал официальную позицию власти, но с точки зрения собственных мировоззренческих установок был ей оппозиционен, что отражалось в содержании его трудов [14].

Прежде всего, в центре внимания Николая Михайловича оказывается вопрос «гражданского полноправия» инородцев. По этому поводу он пишет следующее: «Нет сомнения, что если им будет доступно развитие, если они выкажут способности, то не могут быть отрицаемы для них и общечеловеческие права, и блага высшего человеческого существования».

Таким образом, Ядринцев связывал с готовностью инородцев к интеграции в российское общество приобретение ими особого статуса - «цивилизованных народов». По мнению Н.М. Ядринцева превращение инородцев в полноправных подданных империи станет возможным при условии изменения их хозяйственно-экономического уклада и административно-правового устройства. Именно на достижение этой цели и направлена политика российской власти в степном крае, по оценке Ядринцева.

Особняком в развитии историографии проблемы стоят труды востоковеда В.В. Радлова. В отличие от большинства современников, он констатировал упадок благосостояния казахского народа в результате административных реформ XIX в., объясняя это тем, что «порядок, навязанный извне и основанный на пустом теоретизировании, может лишь помешать истинному прогрессу». Исследования Радлова предопределили возникновение либеральной традиции в дореволюционной историографии, выразителями которой стали как представители казахской интеллигенции, так и российские просветители. В частности, А.Н. Букейханов и П.П. Румянцев опираясь на статистические данные, отмечали сильное разрушающее влияние административных реформ XIX в. на традиционную этно-социальную структуру казахов. Вместе с тем определенную роль в этом процессе они отводили проникновению в казахскую степь капиталистических отношений [14].

Нормы обычного права в кочевом обществе и их особенности в Казахской степи стали предметом изучения в работах классиков юридической антропологии - Ч.Ч. Валиханова, Н.И. Гродекова, И.И. Крафта, А. Леонтьева. В своих исследованиях они попытались проанализировать проблему трансформации обычного права российской властью в условиях модернизации степи. Основываясь на материалах, собранных российскими чиновниками и

различными комитетами по сбору «киргизских законов», авторы провели их качественный анализ и систематизацию. Известный этнограф, фольклорист, правовед И.И. Крафт успешно использовал в своих исследованиях также информацию, полученную в результате посещения степного края и личных бесед с представителями родовой казахской аристократии, что, несомненно, повышает значимость его работ. Уровень работ не отличается высоким исследовательским потенциалом, но содержит значительный объем фактического материала, необходимого для изучения казахского обычного права современными специалистами [14].

Активизация широкого интереса к казахским землям происходит в конце первого десятилетия XX в. И вызвано это было изменением политического курса правительства в отношении региона. Одновременно с программой «Нового Туркестана» встает вопрос о более рациональном, по мнению властей, использовании казахских земель. Появляются работы, обосновывающие и оправдывающие присоединение жузов и перспективу их более активного вовлечения в хозяйственно-экономическую жизнь государства.

Деятели казахского политического движения начала XX в. партии Алаш были убеждены в насильственном характере утверждения российского доминирования в регионе. Придерживавшийся этой точки зрения А. Букейханов отмечал более высокое культурное развитие северного соседа, подчеркивая не политический или торгово-экономический, а колонизационно-переселенческий аспект проникновения империи в Казахскую степь, разделяя процесс включения Казахстана в состав России на периоды колонизации и завоевания и дезавуируя тезис о цивилизаторской миссии империи [15].

Оценивая дореволюционный этап изучения проблемы административного реформирования степных областей, следует отметить его несомненное значение для дальнейшего развития историографии вопроса, поскольку были затронуты основные его аспекты: административно-территориальное деление степи, управление и судопроизводство. Исследователи зачастую являлись носителями идеологии власти, поскольку находились на государственной службе, описывая события, в которых они принимали непосредственное участие. С другой стороны, дореволюционных исследователей отличало стремление не просто дать оценку, но и проанализировать ситуацию, привлечь ретроспективные материалы, выявить причины проведения очередных преобразований и спрогнозировать последствия их реализации, т.е. проследить логику процессов в степи, и потому данные работы могут быть оценены в качестве научных.

Список использованной литературы

1. Вопросы историографии Казахстана. Алма-Ата, 1983. – С. 421.

2. Абилев А.К. Русская историография истории Казахстана XVIII - начала XX вв. Караганда, 1988 – С. 656.
3. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Ч. 1–3. СПб. Алматы: Санат, 1996. – С. 656.
4. Мейер Л.Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865. – С.386.
5. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк // Известия Оренбургского отдела ИРГО. Оренбург., 1900. – С.125.
6. Севастьянов С.Н. Григорий Федорович Генс // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XIX. Оренбург, 1907. – С. 158–167.
7. Долинский В. Л. Об отношениях России к среднеазиатским владениям и об устройстве Киргизской степи // СПб.:, 1865. – С. 55.
8. Маев Н.А. Очерк истории киргизского народа с 1832 по 1868 г. // Материалы для статистики Туркестанского края и наступательного движения в него русских. СПб.:, 1873. – С. 415–426.
9. Прутченко С.М. Сибирские окраины. Областные установления, связанные с Сибирским учреждением 1822 г., в строе управления русского государства. Историко-юридические очерки. СПб.:, 1899. – С 407.
10. Ядринцев Н.М. Сперанский и его реформы в Сибири // Вестник Европы. 1876. № 6. – С. 461–502.
11. Венюков М.И. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. СПб., 1873. – С. 473-503.
12. Валиханов Ч.Ч. О Баян-Аульском округе // Русский инвалид. СПб, 1857. – С. 45
13. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе у киргиз Сибирского ведомства // Записки Императорского русского географического общества по Отделению этнографии. Т. XXIX: СПб.:, 1904. – С. 151–178.
14. Васин К.Л. Административные и судебные реформы 60-х - 90-х гг. XIX в. в степных областях Западной Сибири: Акмолинской, Семипалатинской и Семиреченской. Омск, 2008. – С. 221.
15. Букейханов А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // Букейханов А. Таңдамалы (Избранное). Алматы.:, 1995. – С. 45-65.

FTAMP 94 (574)

БАТЫР – ЕЛДІҢ СӘУЛЕТІ

А. КАЛЫБАЕВА, Ж. БАТЫРОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада Райымбек батырдың қысқаша өмірбаяны және де батырдың Жетісу өлкесін қалмақ хандарынан тазартқаны, жоңғарлардан жеңгені жайлы мәлімденген, сондай-ақ оның туған жылы туралы мәселе қойылған. Өзінің өмір жолында Райымбек батыр көптеген қиындықтарды басынан кешірді. Райымбектің, Райымбек жасағының жасаған батырлығы қазақ тарихындағы бірде-бір батырдың ерлігіне ұқсамайды. Ол қазақтың «Робин Гуды» деп те айтуға болады. Мұндай ерекше ерлікті жасаған батыр да ерекше батыр.

Түйін сөздер: шежіре, Сымтас, жасақ, қалмақтар, батыр, қолбасшы.

Annotation. This article discusses a brief biography of Raiymbek warrior, including the problems of him birthday, also his famous exploits when he liberate Zhetisu region from the Kyrgyz khans, and the victory from jungars. With his life way, he overcame a lot of difficulties. In Kazakh history we haven't warrior, who compares the heroism that Raiymbek's troops showed. He can also called the Kazakh "Robin Hood". The hero who did such a heroic feat is also a special hero.

Keywords: chronicle, Symtas, troops, kalmaki, warrior.

Аннотация. В данной статье рассмотрена краткая биография Райымбек батыра, в том числе проблемы его года рождения, а также его известные подвиги при освобождении края Жетису от кыргызских ханов, и победа над джунгарами. При своем жизненном пути он преодолел немало трудностей. Ни один батыр в казахской истории не сравнится с героизмом, который показывала войска Райымбека. Так же его можно назвать казахским «Робин Гудом». Герой, совершивший такой героический подвиг, также является особым героем.

Ключевые слова: летопись, Сымтас, войска, калмаки, батыр, полководец.

Райымбек Түкеұлы – Ұлы жүз құрамындағы Албан тайпасының Алтын руынан шыққан батыр, әйгілі Қангелді батырдың немересі. [1, 389 б.]

Райымбек батыр жайлы материалдарды отыз кісінің аузынан жазып алған Қабылбек Сауранбаевтың шежіресінде былай деп жазылған: «Райымбек батыр Түргенді билеп алған Жоңғар ханы Қорынды қуып, ондағы күйзелген қазақ халқын босатып, жерін кеңейткен. Жоңғар қалмақтарының ханының бірі – Көкпектідегі Секе ханды жеңген. Жетісу өлкесін қалмақ хандарынан тазартқан». [2, 332 б.]

Райымбек батырдың туған жылы туралы екі пікір тайталас: біреулер 1705-жылы десе, екіншілер 1730-жылы туды дейді. [3, 258 б.]

1705-жылы туды деген пікір «Қазақ совет энциклопедиясынан» бастау алады. Онда: «(1705 ж.т. – ө.ж. белгісіз)... 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерен ерлік көрсетіп батыр атанды», – деп жазылған. [4, 126 б.]

Ал, Райымбек батыр 1730-жылы туған деген пікір батыр бабамыз туралы аңыз бен әңгімелерді жинаған Қабылбек Сауранбайұлы ақсақалдан бастау алады. Оны жазушы Төлен Қауынбайұлы қостайды. [3, 258 б.]

Райымбек батыр бес жасында өз атының басын өзі алып жүріп, жылқының соңынан ере бастаған. Жеті жасқа толғанда асау жылқыны үйретіп, міне бастаған. Райымбек батырдың нағашысы Жалайыр Орақты батырдың тұқымынан екен. Нағашы атасы Райымбек жеті жасқа толғанда ат етіп міну үшін бір еркек тай және садақ, қылыш, найза, айбалта, қалқан әкеп береді.

Нағашы атасы Ханкелді батырға: «Менің жиенім он алты жасқа толып жігіт болғанда, көк тайы ат болады. Және мен алып келген соғыс құралдарын таза сақтап, өзі ұстауға шамасы келгенде қолына тапсыр», – депті.

Бала кезінен бәсіре аты, киетін сауыты, асынатын қылышы, ататын оғы бар бүлдіршін, әрине, батыр болуды армандап өседі. Оның бұл тілек-мұраты көпшілік қауымның, тіпті елдің арманымен ұласып жатпақ.

Райымбек батырдың шыққан тегіне келсек, руы Албан, оның ішінде Алжан. Өз әкесі Түке, ұлы атасы – Ханкелді. [2, 332 б.]

Райымбек батыр жөнінде ақын Мұқағали Мақатаев шебер жырлаған:

Шағылып тауы, құлазып көңіл мекені,

Түкенің астан оралған беті осы еді.

Бәйгеде болған ұлының әбес қылығын,

Ойласа болды, өрт қарып ішін өтеді.

Қу даладағы құйын ба дерсің ойнаған,

Қыран ба дерсің қылт еткен құсты қоймаған.

Өз атын өзі ұрандап бала келеді,

Қамшы басына жейдесің ту ғып байлаған.

Доғара қойып ойын мен дырду, сауықты,

Бір сәтке қауым ішінен тына қалыпты.

Он үшке толған Түкенің ұлы Райымбек,

Албанға алғаш өстіп өзін танытты! [5, 107-108 б.]

«Ата көрген оқ жонар» демекші, Райымбек алғаш нағашы атасының қолында болып, жеті жасқа дейін жетелі тәрбие алып, сол ауылда өседі. Одан кейінгі өмірі бабасы Қангелдінің қарамағында, көбінесе әкесі Түкенің қолында өтеді. Райымбек нағашы атасы мен өз атасы Қангелдіге бауыр басып өскендіктен, Түкені әкесі емес, ағасы сияқты санап, онша дегеніне көне бермейді, бір жағы еркелейді. [1, 397 б.]

Әкесі нағашы атасы Райымбекке бәсіре етіп берген көк құнанына мінгізіп, әртүрлі жаттығулар жасатып үйретеді. Әсіресе ат баптау әдісіне, оның қыр-сырын жете түсінуге үйретеді, қысы-жазы бірдей жылқы баққызады. Құрық ұстап шалма салу, айсыз түнде, боранды күнде жылқы соңында жалғыз қалдырып, төзімділікке, қайсарлыққа және жаужүрек батыр болуға баулып үйреткен. Мал соңында жүрсе де жаратылысы бөлек Райымбек бала күнінен сезімтал, сергек, пысық болып өседі. Сондықтан шығар Қабай жыраудың сұрағына ақылды, алғыр бала былай деп ұтымды да, ұтқыр жауап береді:

– Нешедесің? Кімнің сен тұқымысың, құлыным?

– Қангелдіден тараған бір тұғырдың ұлымын.

Мал соңына сап қойды, ұстатты да құрығын,

Жылқы жады әкеме жақпай қалып қылығым.

Жылым барыс, мінеки асып барам он үштен

Қатын алып берем деп, әке-шешем келіскен... [1, 399 б.]

Райымбек жайындағы ауызекі әңгімелер ежелден немересі Райымбекті өзімен бірге жорыққа Хангелдінің алмай кетуінен басталады. Ол кез – Райымбектің 15-ке толған кезі. Атасының артынан қолды қуып жетсе, көктемде Іледен сең жүріп кетіп, олар содан өте алмай тұр екен. «Мен өткізем», – дейді бала. Сөйтеді де, «Райымбек! Райымбек!» – деп, өз атын өзі ұрандап, Көкойнақ атымен суға қойып кетеді. Ары өтіп шыққан соң, жер жағдайын білген соң, қайта өтіп келеді де: «Маған арқан және отыз адам беріңіздер», – дейді. Баланың талабы орындалады. Ол қамысты көп қылып отырғызады да, содан соң ұзынынан-ұзық жуан етіп жігіттерге бұдырады. Одан кейін арқанның бір ұшынан сүйреп, тағы Ілеге қойып кетеді. Ол арғы бетке қарай арқанды тартып отырады, жігіттер артынан бұған қамысты суға итеріп сырғытып отырады. Арғы бетке жүзіп шыққан соң, арқанды мықтап байлайды да, қайта өтіп кеп, бұл жақтағы ұшын да байлап тастайды. «Ал енді ертеңге дейін демала беріңіздер», – дейді сонан соң. Ертесі ағысып қамыс бөгеген су түнгі суықта қалың мұз боп қатып қалады да, қалың қол аман-есен өтіп кететін өткел-көзер жасалады. Содан жұрт бес-бестен жүріп өте шығады. Баланың тапқырлығына бәрі таң қалады. «Мен ұлы жүздің албаны, оның ішінде руым – Алжан, Ханкелді батырдың немересі, атым – Райымбек», – дегенде, сонда ұлы жүздің

батырлары Ханкелді батырға: «Батыр-ау, кешеден бері бізге қалай айтпадың, Райымбек сіздің балаңыз екенін», – дейді Сауранбайұлының жазбасы. [6, 112 б.]

Бұл – Райымбектің алғаш көзге түсіп, тұңғыш ел сөзіне ілігуі. [3, 261 б.]

Қазақ жерін қалмақтардан азат етіп келе жатқан Райымбек әскері Текес жағалап, Сүмбе өзенінің құяр сағасына дейін келіпті. Сонда Райымбектің атасы Қангелді тұрып: «Мына жатқан кішкене су Сүмбе өзені, өзеннің арғы шеті – Қытай жері. Суды жағалай жоғары өрлей берсең, Қысаңға тап боласың, одан ары жайлауға барып қашқан қалмақтардың егесіз малдарына ие болып қалыңдар. Қайтар жолда табысар жеріміз осы өзеннің жағасы болсын» деген екен. Жайлаудан қайтқан Райымбек бабамыз жолай Шартастың қой тастарының бірін алып келіп, екі мемлекеттің шекарасына белгі ретінде аталмыш Сымтасты қойғызыпты. Бұл кезде түтіні тоз-тоз болған жұрт өздерінің ежелгі ата мекеніне, яғни Сүмбе өзенінің жағасына оралып, Райымбекке шексіз алғыстарын білдіріп жатқан. Шекараға берік Сымтас қойылып, мерейі үстем болған елдің туған жерге қайтадан қонысталуы осылай басталған еді.

Сол Сымтас әлі күнге орнында, Райымбек батыр өлгеннен кейін бұл тасты Ақсуға (Қытайдағы жер атауы) апарып қою керек деп отыз жігітке тапсырма беріледі. Қызығы, Сымтасты ешкім орнына қозғай алмаған. Сымтас жайлы осы сарындас әңгімелерді көнекөз қариялар жиі айтады... [1, 389-390 б.]

Аз уақыттың ішінде Райымбек батыр Бақай, Аралбай, Қапай, Сатай, Бөлек, Қаракісі сияқты батырлардан құралған жасаққа қолбасшы болады. Осы батырлар Алматының шығысынан бастап, Түрен, Шілік, Сөгеті, Бұғыты, Асы, Қарқара, Көмірші, Ағанастың жазығы, Шалкөде жайлауы, Текес, Кетпен, Сүмбеге дейінгі жерлерді, ал Іленің оң жағында Алтынемелден Қорғасқа дейінгі аралықты қалмақтардан азат етеді. Бұл соғыс шамамен 20-25 жылға бәлкім, одан да ұзаққа созылған. Бүгінгі біздің Қазақстанның оңтүстік-шығыстағы шекарасы сол Райымбек батыр қалмақтармен келісім бойынша белгілеген шекараның дәл үстінде.

Байқап отырсақ, Райымбектің, Райымбек жасағының жасаған ерлігі қазақ тарихындағы бірде-бір батырдың ерлігіне ұқсамайды. Ол қазақтың «Робин Гуды» сияқты. Жасағын өзі құрады, өзі басқарады, туған жерін жаудан азат етеді. Оған хан да, басқа да билік бермейді, өзінің ерлігімен жау қолында қалған бауырларымды азат етемін деген азаматтық намысымен ерлік жасайды. Бұл – айрықша ерлік. Мұндай айрықша ерлікті жасаған батыр да айрықша батыр. [3, 394 б.]

Батырлығы аңызға айналған Райымбек көз жұмар сәтінде ұрпақтарына «Денемді ақ түйеге өңгеріп, бос жіберіндер. Түйе қай жерге шөксе, сол жерге жерлендер» деп өсиет қалдырған көрінеді. Бүгінде Алматы қаласындағы батырдың өз есімімен аталатын даңғыл

бойындағы зиратына зәулім кесене мен ақ түйенің мүсіні орнатылған. Жұрт тәу ететін киелі де қасиетті орынға айналған. [1, 389 б.]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақтың алпыс батыры. Қазақ батырлары және олар туралы аңыз-әңгімелер топтамасы / К.Оразбекұлы, Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы», 2017. – 512 бет.
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілік оқырмандарға арналған. / Құраст. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. – Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2012. – 384 бет.
3. Шығармалар жинағы. / Бексұлтан Нұржеке-ұлы. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, Т.10: Тарих іздері, 2013. – 400 бет.
4. Қазақ совет энциклопедиясы, 1976. 9-том.
5. Мақатаев Мұқағали. Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. Құраст. Оразақын Асқар. – 3 басылым. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. 2-том: Өлеңдері мен поэмалары – 384 бет.
6. Қаупынбайұлы Т. Райымбек батыр. Эсселер, тарихи очерктер, дастандар, баяндар. – Алматы: «Білім» баспасы, 2005. -216 бет.

ҒТАМР 13.07.25

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ САНА ФЕНОМЕНІ

Ү.Қ. СӨРСЕМБИН

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазақ халқының ұлттық мәдениетіндегі тарихи сана құбылысы, тарихи кезеңдердегі қазақ жастарының тарихи санасының қалыптасу ерекшеліктері қарастырылған. Ұлттың тарихы мен мәдениетінің, зиялылардың қалыптасуындағы тарихи сананың қызметі зерделенген. Автордың пайымдауынша тарихи сана тарихи уақыт кеңістігіндегі ұлттық бірегейліктің және оны негіздейтін рухани қасиет үлгілерімен құндылықтардың қалыптасуына ықпал етіп отыратын феномен.

Түйін сөздер: Ұлттық мәдениет, ұлттық сана, ұлттық болмыс, дәстүр, тарихи сана, даналық, зиялылық.

Аннотация. В статье рассматриваются феномен исторического сознания в национальной культуре казахского народа, исторические особенности казахской молодежи в исторические периоды. Активность исторического сознания в истории и культуре нации и становления интеллигенции. Автор считает, что историческое сознание – это феномен, способствующий формированию ценностей через национальную идентичность в историческом пространстве и образующие его образцы духовности.

Ключевые слова: Национальная культура, национальное самосознание, национальная идентичность, традиции, историческое сознание, мудрость, интеллект.

Annotation. The article deals with the phenomenon of historical consciousness in the national culture of the Kazakh people and the formation peculiarities of the historical consciousness of Kazakh youth in historical periods. The function of historical consciousness in formation of intelligentsia, history and culture of the nation. The author considers that historical consciousness is a phenomenon that contributes to the formation of values through the national identity in the historical space and the patterns of spirituality that form it.

Key words: National culture, national consciousness, national identity, tradition, historical consciousness, wisdom, intelligence

Тарихи сана ұлт мәдениетінің бастауында тұратын (ұлттың дүниетанымымен бірге пайда болатын) құндылық. Тарихи сана болмаса ұлттың тарихы, мәдениеті қалыптаспайды. Кез келген ұлттың тарихы мен мәдениетіндегі аға ұрпақтың болашақ туралы ой кешу үрдісі, жекелеген адамдардың (тұлға, зиялы адам) ұлттық мүддеге қызмет етудегі дәстүрі ұлттық сананың негізінде жүзеге асады. Ұлттық сана негізінде тарихи сана жатыр.

Қазақ мәдениетіндегі ұлттық құндылықтарға, әсіресе ұлттық құндылықтар туралы түсініктің қалыптасу негіздеріне қарап, тарихи сана құбылысының ұлттық болмыстың және оның өрісіндегі ұлттық бірегейлікті негіздейтін қасиеттердің қалыптасуына ықпал етіп отырғандығын көреміз. Әрине әр аймақ (әрбір ел) тарихты өз деңгейінде түсінген. Ұзақ ғасырлар бойы түрлі тарихи уақытты басынан өткізген және тарихи кезеңдерде ұлттық болмысы мен дербес мәдениетінің іргесін бекіте білген, ұлттың болашағына қызмет ететін құндылықтар бағдарын қалыптастыра алған ел үшін тарих адамның тұлғалық құндылықтары мен рухани қасиеттерінен туатын дүние.

Тарихи сананы қалыптастыруда қазақ алдыменен дүниетанымдық ұғымдарға, өмір мәндік түсінікке негізделген өнер дүниелерін дүниеге әкелген. Сондықтанда қазақ мәдениетіндегі халықтың ұлттық рухын көтеруге бағытталған идея, ұлттық идеологияның желісін ұлттың рухани дүниелері құрайды. Яғни елдің болашағы ұрпақ болмысының тереңдігіне тәуелді келетіндігін бабаларымыз ерте түсінген:

Мемлекеттің территориясы атамекенді иеленуде, ғасырлар бойы үнемі қорғау жолында барлық міндеттер ұрпаққа, оның қоғамына келіп тіреледі. Қоғамды құрайтын халық, елді қорғайтын адам сол халықтың ішінен шығады. Осы себептен ұлтымыздың тарихтағы рухани өмірінде халық мемлекетке демеуші, мемлекет ісіне қажетті адамды тәрбиелеп шығарушы болған. Қазақ руханиятында мемлекеттің халыққа, қоғамға жасаған қызметі халық арқылы өзіне (игілік болып) қайтып отырады деген түсініктің жатқандығын көреміз. Бұл қазақ қоғамындағы мемлекет пен халықтың ортақ ұстанымының болғандығын көрсетеді. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде атап көрсеткендей, «Тұрмысқа сарын жасайтын адамның ғамалы, ғамалға өң беретін адамның мінезі, мінезге кейіп беретін тұрмыс төңірегі. Адамның мінезі ойының түрінен, көңілінің күйінен, істеген ісінен білінеді... Мінез

іштен туады. Бірақ шынығып жетпей тұрғанда мінез түрін тәрбиемен өзгертуге болады. Адамға тәрбие беруші әуелі ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, тұрмысындағы төңірек. Өмірінде қандай тұрмыс көрсе, қандай адамдармен кездесе, жолдас болса, істес болса, солардан өнеге көріп, үлгі алмақ. Өнер ғылым жоқ жұртта адам тәрбиесін төңірегінен алады»[1. 165 б]. Тарихтағы қазақ қоғамының ішкі құрылымы, табиғаты елдің тұрмысы сырт көзге қарапайым болып көрінгенімен, қоғам болмысының негізінде өмірдің тәжірибесінен өткен, сол тәжірибемен ысылған құндылықтарға толы рухани тереңдік бар. Дүниетаным, өнер түрлері, өмірлік тәжірибе негізінде бабаларымыз дәстүрлі қоғамның даму бағытын, оның құндылықтарын жасаған. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұлт пен жеке адам болмысының тұтастығы, рухтың үндестігі негізінде елдің дербестігі сақталады деген түсінік болған. Осы түсінік тарихта бірнеше мәрте тарихи уақыттың сынынан өтіп өзінің шындығын дәлелдеген. Бұған бірден бір мысал ретінде тарихымыздағы қоғамның рухани өмірінде қалыптасқан тұлғалар институтын айта аламыз. Ұлт мәдениетінің феноменіне айналған осы институтты қалыптастырушы ұлт зиялыларын тәрбиелеу ісінде ұлт руханиятының ерекше қызметін ескеру қажет.

Дәстүрлі қоғамның рухани ұйытқысына айналған талант иелерінің мектебі, институты ұлт мәдениетінің негізгі тірегі болған. Кешегі отаршылдық заманда қазақ руханияты ұлт тұлғаларының дәстүрі қоғам өмірінен күштеп жойылғаннан кейін рухани дүниелерді бойында сақтап отырған. Осының салдарынан тарихқа қатысты дүниелер, мәдени құндылықтарымыз толығымен жойылмаған. Тарихта қазақты тәуелсіздіктен айыруда патша өкіметінің жргізген саясатының негізгі бағытын осыдан ақ білеміз.

Қазіргі таңда бүгінгі (өзіміздің өмір сүріп отырған) уақыт жағдайынан байқап отырғанымыздай, ұлттың рухани дүниелерін сақтау ұрпақтың өткен тарих пен келер уақыт алдындағы жауапкершілігіне тікелей қатысты. Ұлттың рухани дүниелерін сақтау үшін оны меңгеру, иелену және білімін игеру қажет. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қоғамға бәрінен де бұрын ең басты қажет дүние ұлттық мінез. Бұл қоғамның негізгі үлкен жетістігі болып саналады. Бұны иелену үшін қоғамға ықпал ететін тарихи сана.

Қазақтың ұрпақты елдікке тәрбиелеу ісінде де адамның мінезін тәрбиелеу жатыр. Мінездің, адам болмысының деңгейін көрсететін көзқарас, ой-өріс тарих тағылымы негізінде толыққанды ақпараттанудан шығады. Ұлттық бірегейліктің өзі қазақ қоғамында ортақ тарих, ортақ мәдениет, ортақ тіл мен дәстүр, дінді сақтай білу (таза ұстау) негізінде қалыптасып отырған.

Тарихи әңгімелер, әсіресе батырлар жыры баланы ұлттық болмысымен, елдің тұрмысымен біріктіріп отырса, өзінің қоғамымен рухани бірігудің негізінде тұратын дүние

атамекен түсінігі, табиғатпен байланыста болу. Мағжан Жұмабаев өзінің «Батыр баян» атты поэмасында сомдап кеткендей:

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан.
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі

Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас! [2.254 б.]. Қиыншылық сәттер мен оқиғаларға толы тарихи заман уақытында қиналған, көңілі торыққан балаға да, үлкен адамға да ой мен күш бертін дүние осы атамекен. Себебі батырлар сол атамекенде дүниеге келіп, оның тағдыры үшін күресіп жатады. Атамекен болмаса ұлттың ұлт болып, мемлекеттің мемлекет болып тұра алмайтындығын әр адам жете түсінеді. Сондықтанда тарихтағы қазақтың рухани өміріндегі ұрпақтың зиялылығы тәуелсіздік, елдің болашағы туралы тұтас ұлттық ойлаудың өнімі болып саналады. Ұлттық ойлаудың негізінде тарихи сана жатыр.

Ұлттық сананы иелену үшін адам өмірдің мектебінен өтуі тиіс. Жаңа өсіп келе жатқан бала бірден өмір мектебінен өтпейді. Адамды тарихи уақыттарда өмір мектебінен өткізетін тәрбие, білім, тарихтың тағылымын (тәжірибесін) білу. Осының негізінде өсіп келе жатқан жастың бойында тарихи сана қалыптасады. Тарихи сана дегеніміз (осы тұрғыдан зерделейтін болсақ) тарихтың тағылымын баяндау, тыңдау, оқып-білу, оған зер салу негізінде қалыптасатын түсінік, зерде, ой, идея, көзарас, ұстаным, ерік-жігерге толы көркем мінезді иелену.

Жеке адамның танымында, ой өрістің шеңберінде орын алып отыратын тарихи сана құбылысының басты белгілері тарихтың рухын бағалау, тағылымын ескеру, тәжірибесін иелену, оны өмірде дұрыс пайдалана білу, қарапайым, жанашыр болу. Яғни тарихи сана деп адамның ой өрісі мен талғамының тарих тәжірибесіне сүйенуін айтамыз.

Тарихының тәжірибесін жасайтын ұлттың өзі. Ұлт өзі тәрбиелеп өсірген, қоғам алдына шығарған зиялыларының тұлғалық қасиеттері негізінде қалыптастырған дүниелерін сақтап отырады. Тарихтың тәжірибесі дегеніміз қайталануы ықтимал оқиғалар, тарихтағы орын алған оқиғалардың себеп - салдарын білу, күні бұрын алдын алу, елдің мүддесін қорғауда жинақтаған білімі және рухани қасиет үлгілері және т.б. Мағжан Жұмабаев айтып кеткендей,

ұлттық құндылықтар мен ұлт тұлғаларының рухани қасиеттерінің тарих өрісінде өмір сүретін құбылысқа айналуы ұрпақтан тарихи және ұлттық сананы талап етеді:

Алты алаш Абылайдай арғымағын

Алаштың аруағына пар қылатын.

Бетіне Абылайдай ардагердің

Келуді алты алашқа ар қылатын[2.249 б.]..

Елдің тарихы қоғамның ішіндегі бәсекелестіктің, бір рудың немесе бір аймақтың атын шығару үшін, әр адамның аталық тегінің атын шығару, беделін көтеруге падаланылатын құрал емес. Ұлттың тарихы елдің тағдырына төнген қауіппен күресуден туған дүние. Сондықтанда оның табиғаты шындықты, әділ баға беруді қалайды. Осы мәселеге қатысты алаш зиялылары «дүниедегі әділ сыншы халық пен тарих» деген. Тарих тәжірибелерінің қоғамға қажет екінші жағы адамға шынайылықты, әділетті болуды үйретеді. Әділ сыншы болу үшін ұрпаққа (тарихтан келе жатқан) рухани деңгейді иелену қажет. Төл тарихының болмыс бітімін дұрыс тани білген ұрпақ өз заманындағы тарихи оқиғаларға әділ баға береді.

Тарихи сана негізінде қалыптасып отыратын кісілік бұл тарихи оқиғалардың ішінде жүру, ерлік көрсету ғана емес, түзу мінезі (шынайылығы, тектілігі, адамгершілігі) арқылы кісіліктің иесі атану. Қазақ руханиятында қоғамға насихатталатын тарихи санаға қатысты дүниелердің бірі осы. Яғни қоғамның рухани өмірінде алдыменен кісілікке жараған адам ғана түбінде ерліктің иесі атанады. Көп жағдайда өсіп келе жатқан жастың тұлғалық дәрежеге жетуіне ықпал ететіні ата-ананың тілегінің елдің тілегімен ұштасып отыруы. Мәселен қазақтың батырлар жырындағы ерлік иесі атанатын кейіпкер көп жағдайда ата-ананың көптен күткен перзенті болып жырланады және үлкен тілекпен дүниеге келген сәбидің ата - анасы қартайған бай адамдар. Бірақ тілегі қабыл болып дүниеге келген сәбидің ата-анасы бай болғанымен, ол баланың өсу жолындағы тілегі, мақсат-мұраты әкесінің дәулетімен шектелмейді, оданда жоғары тұрған ұлттық мүддеге бағытталады. Ең соңында сол бала ұлт ісіне қажетті дүниелерді меңгеріп елдің өміріндегі ұлт тағдырына қатысты мәселелерге араласа бастайды. «Ертек жырдағы батырлар сипатына қарасақ – деген Ахмет Байтұрсынов, - ол жырлар халықтың рухы нағыз көтерілген шағында шыққандығын байқаймыз. Ошақ басы, үй ішінің қамы сияқты өмірдің ұсақ мақсат жағымен азаматтары есептеспей ұлы мақсат, ұлы мұратпен болып, жұрт үшін, көп үшін құрбан қылмайтын нәрсесі болмағанын көреміз. Әке шеше, туысқан-туған, мал-мүлік, ең қымбат жан-солардың бәрін жұрт қамының жолында бір тиынға баламағанын байқаймыз.

Тоғай толған жылқысы, қора толған қойы, желі толған түйесі бар байлар, жасы 80-90 ға келгенше бала көрмей, зарығып, тарығып .. жалғыз ұл көрсе, ол ұл жұрт жұмысына керек

болған жерде қартайған, әлсіз ата-анам қалып барады екен деп оған қайрылу жоқ, тоғай толған көп малым қалып барады, оған қайтемін деп уайымдап қарайламайды»»[1. 114 б].

Батырлықты туғызатын ұлттық идея. Идея халықтың деңгейінен, ұлттық зердеден шығады. Сол кездегі халықтың, яғни өзінің төл мәдениеті мен тарихын қалыптастырушы бабаларымыздың деңгейі үнемі ұрпақтың санасын бір бағытта, бір арнада, бір деңгейде ұстайтын тағылым үлгілерін жасап қалдыруында.

Тағылым басы ұлттың танымы болып табылады. Ұлттың танымы өзін қоршаған әлемді тану, зерделеуден бастап, атамекен территориясын белгілеп, иегеріп отыру және сақтау жолында қабылдаған ортақ идеямен жалғасады. Бұл идея қазақ руханиятында ел болу идеясымен көзге түседі. Ел болу қашанда ұрпақтан ұлт ісіне келгенде ер болуды қажет еткен. Ерліктің басы мінезде, азаматтық ұстанымда, кісілік талғамда. Осы қасиет үлгілерінің барлығын біріктіріп отыратын поэзия.

Жыр дегеніміз тарихи сана құбылысын негіздеп отыраты дүние. «Адамның жануарлардан ерекшелігі оның еске түсіруінде, ойлауында» - деп айтып кеткен Аристотель. Қазақ даналығында Әнет бабамыз айтып кеткен «өсиетке терең бол» деген қанатты сөз бар. Осы ұғыммен зерделсек, қазақ мәдениетіндегі ұлттық өнер түрлер, әсіресе тарихи жыр үлгілері даналықтың ерекше үлгілерінің бірі саналады. Бұлай дейтініміз батырлар жырында зерделеген дүниелерінің нәтижесінде халық тегісей ел мүддесіне жақын болды. Қазақ қоғамында тарихи жыр ұлттық рухын тегістей көтеріп отыратын құндылық саналған. Әлихан Бөкейханов айтқан, «Жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лайық» деген ұғым осы шындықтан туындаса керек.

Бұған дейінде тоқталып өткеніміздей, қазақ ұзақ уақытқа жалғасқан, сан ғасырлық тарихты артқа тастайтын мәдениет жолын таңдап алған. Мәдениеттің басты белгісі ұлттың өмір сүріп отырған атамекеніне жақын, сонымен бірге өмір сүретін (үндескен) болмысты қалыптастыру. Бұған ең басты ықпал етіп отыратын табиғи орта, атамекеннің климат жағдайы, онымен үйлескен ұлттың тәжірибесі. Мемлекеттің территориясын сақтау, мемлекет құруда және оның мүддесін қорғауда қоғамға қажет, ұрпақ игілігіне жарап отыратын ең басты құрал ұлттың тұтастығы. Батырлар жырына және тағы да басқа руханият үлгілеріне қарап халқымыздың өмірге сауатты түрде, даналық арқылы қарым-қатынас жасағандығын біле аламыз.

Батырлардың рухы, тұлғалар рухын сомдаған жыр тағылымы бейбітшілік уақытта, ғылымы дамыған заманда да қажет. Уақыт алға басып, адамзат қоғамы өзгерген сайын әлемде бәсекелестіктің қарқыны да күшеюде. Қазіргі жаһандану заманындағы бәсекелестік талабының ерекшелігі көзге көріне бермейді. Бірақ қоғамның ішіне орнығып жатады.

Осындай жаңа уақыт жағдайында ұлттық санасы биік адамдардың қай салада болмасын зиялылығының тарихи сана негізінде күш алып отыратындығы білінеді. Бұған бір ғана мысал кешегі кеңес қоғамы тұсында өмір сүрген Қаныш Сәтпаев сынды ғалымдарымыздың тағылымын айтуға болады. Мемлекетінің билігі өзгеге қараған уақытта өмір сүрсе де олардың ішкі ұстанымы болған. Олар ұлт руханиятын ерекше жақсы көрген, ұлт мүддесіне қызмет етуде мамандығымен шектелмеген. Қазақ мәдениетінің тарихынан, тарих өрісінде тұрған қазақ зиялыларының тағылымынан түйетініміз, кез келген мемлекет азаматы тарихты терең зерделеуі тиіс. Бұндай міндет әр елдің тарихында да болған, қоғамға жүктеліп отырған.

Әлемдік мәдениет кеңістігінде мемлекетінің тұлғасын қалыптастыруды көздеген елдер ерте заманның өзінде қоғамында тарих, философия ғылымдарының іргесін ерте қалаған. Бұның басты себебі мемлекет ісіне қажетті мол тәжірибені жинақтау, ұзақ уақытқа жалғасатын стратегиялық жоспар құру болса керек. Өкінішке орай біздің тарихымызда бұндай мүмкіндік болған жоқ. Әлемге үлгі болатын, әлем мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін дербес ұлттың тарихы мен мәдениетін қалыптастырғанымызбен, отандық ғылымның дамуына тарихта отаршылдық саясат, одан кейінгі кеңес өкіметінің идеологиясы жол бермеді. Мәселен Ахмет Жұбанов отаршылдық замандағы қазақ қоғамындағы талант иелерінің (қазақ жастарының) өмірі туралы былай деп жазады: «...Ер жетіп, буыны қатқасын Құрманғазы сол Шағбаланың қойын бақты. Баяғы «кемістіктері» домбыра, тоғышарлық әлі оның соңынан қалмайтын әңгіме болды. Бірақ, оның бәрі де Құрманғазы үшін алдағы мақсатына бөгет бола алмайды. Қойшылығы тамақ асырауы да, домбырасы жан азығы болды.

Құрманғазы далада жүріп судың сылдыры, желдің суылы, құстың шырылы, көктің күркірегені сияқты жаратылыс үндерін, әіресе адам қоғамының әділсіздік әлпеттерін көз алдына елестетін, сан-алуан мазмұнды қойшылардың ертегілерін тартқанда, «алпыс екі тамырыңды» иітетін сыбызғының үнін асқан ынтызарлықпен тыңдайтын...Он саусақтың өнерімен үстем тап өкілдерінің талай-талай соққыларын сындырған халықтан шыққан домбырашылардың күйлерін тыңдағанда өз басының тағдыры да сол бір күй оқиғаларының ортасына түсіп кеткендей болып, кей кездері ұйқы, тамақтан безіп те кететін. Осындай күй тыңдаудан туған ауыр ой, алысты жақындататын сұлу әңгіме, өз басындағы өмірдің ауыр салмағы жан-жақты төнсе де, қажырлы жас, ізденгіш өнерпаз еңсесі түсіп, мойи бермейтін. Жалғыз-ақ қиялды күйдің не бір қатпар-қатпар болып жатқан терең сырлары билегенде, қоралы қойдың көз алдынан ғайып болып кеткенінде сезбей, қойшы «заңының» тармақтарына дақ түсіріп алатын. Ауыл адамдарының көзіне Құрманғазы қызыл өгізді ерттеп мініп, жанына торсығын байлап алып ертеден кешке шейін қой соңында жүретін көп

қойшының бірі болып көрінгенімен – ердің қасындағы киіз қапқа салған домбыра, феодализм дәуірінің кейбір өздерінше өзгермес заңдарын тиеген арбаларын аударып кететін елеусіз шоқалақтың бірі еді»[3. 34-35 бб]. Тарихтағы қазақ қоғамында тұлғалар институты күштеп әлсіретілгенімен олардың рухы, идеясы, мұралары халықтың рухани әлемінде сақталып қалды.

Тарихи сана адам бойында жататын тектілік қасиеттің белгісі. Себебі тарихты кез келген адам оқиды. Бірақ тарихты оқығанда кез келген адамның сезімталдығы ояна бермейді. Ұлтымыздың рухани әлеміне айналған дүниелер қашанда тарихтың тағылымын зерделеген ортада ұлттық рухтың ұрпақ бойында іштей жанданып отыратындығын дәлелдеген. Құрманғазы сынды талант иелерінің, оның бергі жағындағы алаш зиялыларының бейнесі осы ойымызды негіздейді. Қазақ тарихты шежіре мағынасында түсінген. Шежіре ұлттық түп тамырын, мәдениетін, болмысын біріктіруші ұғым. Бұған қарап ұлт мәдениетінде тарихи сана құбылысының ұлттық болмыс деңгейінді және оның зиялыларының болмысы негізінде өмір сүретіндігін анық байқауға болады.

Ұлттық болмыс өрісіндегі тарихи сана құбылысы ол ұлттың дәстүрі, мәдениеті, шаруашылығы, ділі, ана тілі және т.б. құндылықтарды негіздеуден орын алып отырса, ұлт зиялыларының тұлғалық болмысы негізіндегі тарихи сана ұлттық мүдде ісінің қажеттіктері мен ұлттық рухқа негізделген идеядан туындап отырған.

Тарих болмаса, ұлттың тарихы ұрпақ санасында сақталмаса оның болмысы, рухы әлсірейді. Ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойында сақтап, оның өрісін кеңейтіп отыратын тарих білімі, тарихи сана күшімен қалыптасатын ұлттық сана.

Қазақ мәдениетінің құндылықтарына, қазақ халқының рухани дүниелеріне қарап рухани құбылыс, зерде, көзқарас, ұлттық ойлау, ұлттық бірегейлікке тән ерекше қасиет екендігін байқаймыз. Барлық елде түрлі қиыншылықтарды басынан өткізіп отырған. Сол қиыншылықтарды жеңуде қоғамға қажет басты нәрсе халықтың ұлттық санасын, рухын көтеру болған. Қоғамды, әсіресе халықты уақыт талабына икемдеуде (бағыт беруде) мемлекет өміріндегі гуманитарлық бағыттағы ғылым мен интеллигенция өкілдерінің ұстанымы тарихилық принцип болып табылады. Бұл принцип тарихи уақытта және бейбітшілік заманда да ең басты қоғамға қажет дүние.

Сонымен қазақ мәдениетінің тарихи кеңістігінде мемлекет пен ұрпақты біріктіріп, ел мүддесінің өрісін кеңейтіп отыратын құндылықтардың жарыққа шығуына ықпал ететін бір ғана дүние ұлттық сана. Осы ұлттық сананың ұрпақ тарапынан (рухани қызметі негізінде) мәдени құбылысқа айналып отыруы тарихтағы қазақ болмысының тұлғалану ерекшеліктерін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003.-208 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. - 448 бет.
3. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Алматы, 2002. 328 б.

МРНТИ

ФОРМЫ РЕЛИГИОЗНОГО РАДИКАЛИЗМА

Г.Д. ХУСАИНОВА

*Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, г.Актюбе,
Казахстан*

Аннотация. В статье рассматриваются особенности и формы религиозного радикализма на основе монотеистических религий. Делается попытка выявить природу данного феномена. Исследуется, как противостояние религий друг другу формирует у верующих представление об исключительности и истинности собственной религии, и как следствие, это формирует уверенность в том, что индивид, исповедующий данную веру стоит выше приверженцев иных религий. Автор заключает, что когда эта уверенность становится категоричной, появляется радикализм, основанный на уверенности в превосходстве собственной религии. Этот радикализм отличается полной бескомпромиссностью в отношении исповедуемых верующим убеждений. Вторая разновидность радикализма основана на идеологии фундаментализма. Применительно к религии фундаментализм означает приверженность неизменности традиционных религиозных догматов и устоев. Радикализм, основанный на идеологии фундаментализма, отмечается в статье, адекватно определяет термин экстремизм.

Ключевые слова: радикализм, фундаментализм, фанатизм, экстремизм.

Аннотация. Мақала монотеистік діндерге негізделген діни радикализмнің ерекшеліктері мен формаларын талқылайды. Бұл феноменнің табиғатын анықтауға әрекет жасалды. Бұл діндердің бір-бірімен қарама-қайшылығы өз діндерінің ерекшелігі мен ақиқатының идеясын қалай қалыптастыратынын қарастырады және соның салдарынан бұл дінді ұстанатын адамның басқа діндердің мүшелеріне қарағанда жоғары екендігіне сенімділік береді. Автор осы сенімділік категорияға айналғанда, радикализм өз дінінің үстемдігіне деген сенімділіктің негізінде пайда болады деп тұжырымдайды. Бұл радикализм мұсылманның ұстанатын нанымдарына қатысты толығымен ымырасыз болып келеді. Радикализмнің екінші түрі фундаментализм идеологиясына негізделген. Дінге қатысты фундаментализм дәстүрлі діни догмалар мен негіздердің өзгермейтіндігін білдіреді. Фанатизм идеологиясына негізделген радикализм мақалада экстремизм терминін барабар түрде анықтайды.

Түйінді сөздер: радикализм, фундаментализм, фанатизм, экстремизм.

Annotation. The article discusses the features and forms of religious radicalism on the basis of monotheistic religions. An attempt is made to reveal the nature of this phenomenon. It examines how the confrontation of religions with each other forms in believers the idea of the exclusivity and truth of their own religion, and as a result, it creates confidence that an individual practicing this faith is higher than adherents of other religions. The author concludes that when this confidence becomes categorical, radicalism appears, based on confidence in the superiority of one's own religion. This radicalism is completely uncompromising in relation to the beliefs professed by the believer. The second kind of radicalism is based on the ideology of fundamentalism. As applied to religion, fundamentalism means adherence to the immutability of traditional religious dogmas and foundations. Radicalism, based on the ideology of fundamentalism, is noted in the article that adequately defines the term extremism.

Key words: radicalism, fundamentalism, fanaticism, extremism.

В авраамических религиях, т.е. в иудаизме, христианстве и исламе, формируется специфическая интеллектуальная деятельность, задача которой с помощью рациональных средств обосновывать религиозные догматы, не поддающиеся пониманию с позиций как рассудка, так и разума.

Радикализм в большей мере присущ авраамическим религиям. Очевидно, он как-то укоренён в их особенностях? Приведём высказывание Маркса о религии. Согласно ему, «каждая религия полагает, что она отличается от всех остальных – особых, мнимых – религий своей особенной сущностью и что именно она в этой своей определённости и является истинной религией» [1]. И это абсолютно верно относительно любой религии. Все религии всегда относились друг к другу и продолжают относиться по принципу «мы – они», при этом сознательно или неосознанно ставя себя выше других. Что касается авраамических религий, то данный принцип для них один из главных. Так, иудаизм, несмотря на то, что христианство и ислам выросли из него и включили в свои священные книги его сюжет, тем не менее, внушает своим верующим, что эти религии несовместимы с ним. Яхве, бог иудеев заявляет своему племени: «...Да не будет у тебя других богов перед лицем Моим». И он даёт наказ: «Не последуйте иным богам, богам тех народов, которые будут вокруг вас. Но поступите с ними так: жертвенники их разрушьте, столбы их сокрушите, и роши их вырубите, и истуканов их сожгите огнём». И в Коране сказано, что Аллах – единственный Бог, «помимо которого нет божества» [2]. Иудаизм не принял ни христианство, ни ислам. Христианство также, сохраняя иудаистскую доктрину, Ветхий Завет, в неприкосновенности, относится к иудаизму, прежде всего, за то, что тот не признал пришествие Иисуса Христа и подверг его распятию.

Ислам также не приемлет ни иудаизм, ни христианство. Г. Ибрагим пишет: «Ислам не знает такого института, как церковь, и догматики, в том смысле, какой был бы верен применительно к христианству; определённое исключение составляет шиизм. Вместе с тем в

суннизме сложилось своего рода каноническое вероучение, которое состоит из следующих принципов: вера в Бога, ангелов, пророков, включая Моисея и Иисуса, Писания, Судный день. Разделяя иудейско-христианское единобожие, ислам претендует на большую строгость и последовательность в проведении унитарного принципа. В таких догматах, как Троица и Боговоплощение, ислам видит отступление от истинного монотеизма, затемнение его исконной чистоты» [3].

Каждая из этих авраамических религий отвергает другие и лишь себя почитает как подлинную. Так мусульманский теолог М. Н. аль-Атгас утверждает: «Существует лишь одна истинная религия Откровения и называется она ислам, и те, кто следует её путем, удостоены Божественной похвалы как лучшие из всех представителей человеческого рода» [4]. Религия Откровения, – согласно ему, – высшая форма религии, но все имевшие место доисламские откровения, данные через Моисея и Иисуса Христа – лишь ступени, тогда как откровение, данное через Мухаммада, – последнее, окончательное, а потому самое высшее. Сходные суждения можно найти и у христиан. Так, русские евразийцы первой половины XX в. писали: «Православие – не одно из многих равноценных христианских исповеданий. Православие – высшее, единственное в своей полноте и непорочности исповедание христианства. Вне его всё – или язычество, или ересь, или раскол» [5]. Любопытно при этом, что к язычеству они отнесли и такие мировые религии, как буддизм и ислам. И противостояние мировых религий друг другу продолжается до сих пор. Г. С. Померанц пишет: «Великие мировые религии, вышедшие когда-то за рамки племён, привели к духовной интеграции огромных регионов, создали каждая целый мир, христианский мир, мир ислама и так далее, но сегодня они играют двойственную роль: сближают – более или менее – народы одного региона, одного традиционного мира; а в глобальных масштабах христианство, ислам, индуизм, буддизм сами стали чем-то вроде новых племён. Мир вышел за рамки древних регионов, мир стал единым, а религиозные культуры остались разными, и они сталкиваются друг с другом в одном информационном пространстве. В этом мире мировые религии, мировые по названию, по своей задаче стоят перед необходимостью диалога, перед поисками общей почвы для диалога, для сближения. Почти во всех кровавых конфликтах современности они используются как знамя войны» [6].

Противостояние религий друг другу формирует у верующих представление об исключительности и истинности собственной религии или конфессии. В свою очередь это формирует уверенность в том, что он – как исповедующий данную веру – стоит выше приверженцев иных религий. Эта уверенность становится категоричной. Так появляется самая простая форма религиозного радикализма – радикализм, основанный на уверенности в

превосходстве собственной религии. Этот радикализм отличается полной бескомпромиссностью в отношении исповедуемых верующим убеждений. Вера - есть устремлённость к ценностям, к ценностному измерению Бытия. Но, подобно тому, как потребностно-полезностный уровень человеческого отношения к миру может распространяться за границы своей уместности, порождая утилитаризм, устремлённо-ценностный уровень также может «выходить из своих берегов». К чему это приводит? Дело в том, что, как отмечает А. А. Хамидов «сами ценности не вырабатываются в границах этого поля. А они всякий раз определённы, конкретны и конечны. Кроме того, существуют различные комплексы ценностей, к которым могут быть устремлены различные индивиды или группы индивидов. Здесь-то и таится опасность абсолютизации конкретных ценностей. Это опасность разделения на своих и не своих, на исповедующих “наши” и “не наши” ценности» [7]. Таким было в первобытной культуре отношение одних племён к нормам, обычаям, ценностям других племён. Таково же в замкнутых религиях отношение исповедующих их к другим религиям и к исповедующим эти религии верующим. А религия и религиозная вера захватывает человека всецело: и его интеллект, и его чувства, и его эмоциональную сферу.

Проникшийся первичной формой религиозного радикализма индивид незаметно переходит на вторую, более высокую его форму. Этой формой является фанатизм. Фанатизм есть утрата какой-либо объективности и критичности не только к другой вере, но и к своей собственной. Фанатик претендует на то, что он знает своего Бога, его мысли и намерения. Как отмечает К. Ясперс, «склонность к уверенности в знании воли Божьей... становится источником фанатизма. Множество ужасных деяний, совершавшихся в мире, обосновывались божественной волей. Фанатики не слышат многозначительности всего того, что вещает глас Божий. Тот, кто точно знает, что говорит и чего хочет Бог, превращает Бога в существо мира, над которым он властвует, и оказывается тем самым на пути к суеверию» [8]. Для религиозного фанатика характерно проявление нетерпимости по отношению к иным религиозным убеждениям, в том числе и иным убеждениям единоверцев. Так, слепо почитая Бога, фанатик как бы меняется местами с Богом и вещает, а то и действует от его имени. В свете религиозного фанатизма чужая вера есть всецело ложная вера, а чужой бог – это идол. Так религиозный фанатизм устанавливает монополию на «истинную» веру и на образ Абсолюта. А. А. Хамидов пишет: «Фанатизм не только противопоставляет свои ценности – чужим, но исходит из презумпции, согласно которой свои ценности следует чтить и поклоняться им, а также стремиться распространить их на весь мир, навязать их ему, чего бы это ему ни стоило. Чужие же ценности в соответствии с этой презумпцией следует не просто

игнорировать и развенчивать как лжеценности, но и всеми средствами искоренять» [9]. И история человечества знает многие практики такого искоренения. В области собственной религии фанатик оценивает единоверцев по степени соответствия их взглядов букве учения, разумеется, как он понимает его сам. В своих отношениях к ним он склонен навязывать именно свою трактовку тех или иных сторон вероучения и проявляет деспотизм в этом навязывании.

Следующей формой или ступенью религиозного радикализма, рождающейся в среде духовенства и теологов, является религиозный фундаментализм. Собственно говоря, фундаментализм есть крайняя форма религиозного догматизма. Фундаментализм или фундаменталистские ориентации и установки присущи почти всем современным религиям и религиозным сектам. «Он, – отмечает А. И. Кырлежев, – апеллирует к абсолютному авторитету божественного откровения, выраженного в Священном Писании (Тора, христианская Библия, Коран) или иных канонических религиозных текстах (Талмуд, святоотеческие писания, папские энциклики, законоположения шариата). При этом установка на буквальное следование тексту предполагает его однозначное понимание, что является отказом от герменевтического подхода, согласно которому возможно множество интерпретаций любого текста. Иными словами, религиозный фундаментализм предлагает «веру помимо интерпретации», что на практике приводит к требованию принять собственную интерпретацию его лидеров в качестве единственно верной. Соответственно религиозный фундаментализм выступает против плюрализма мнений, который, с его точки зрения, неизбежно ведёт к релятивизму, т.е. к допущению равноправия многих истин даже в пределах одной религиозной традиции» [10].

Религиозный фундаментализм является основанием для такой формы радикализма, как религиозный экстремизм. Слово «экстремизм» происходит от латинского слова «*extremus*», что значит «крайний», и означает приверженность к крайним взглядам и мерам. Он является синтезом, сплавом религиозного фанатизма и религиозного фундаментализма. Его основанием поэтому может являться невежественное, обыденное религиозное сознание, но и высокая интеллектуальность священнослужителя или теолога. В обоих случаях он характеризуется крайней нетерпимостью к иноверцам и к инакомыслящим единоверцам. Приведём характеристику религиозного экстремизма, предложенную А. М. Кадиевой. «Мы, – пишет она, – считаем, что экстремизм выступает одной из специфических форм радикализма. Экстремизм следует отнести к деструктивному радикализму, который имеет две разновидности, в зависимости от характера идеологии, лежащей в его основе и определяющей направленность и способ социальной деятельности радикалов. Первая

разновидность основана на фанатической идеологии, которая представляет собой иллюзорную и утопическую программу социального преобразования. Эту разновидность деструктивного радикализма мы определяем термином «фанатизм». Сам фанатизм, как отмечает М. Яхьяев: «является иллюзорно-деструктивной формой социальной революции... Фанатизм одержим иллюзорной идеей преобразования мира по своему иллюзорному идеалу».

Вторая разновидность радикализма основана на идеологии фундаментализма. Фундаментализм в широком смысле слова есть идеология, которая выступает за сохранение традиционных основ общественной системы, против их коренных изменений. Применительно к религии фундаментализм означает приверженность неизменности традиционных религиозных догматов и устоев. Именно эту разновидность деструктивного радикализма, основанного на идеологии фундаментализма, на наш взгляд, адекватно определяет термин “экстремизм”»[11].

Экстремизм как феномен не сводится только к умонастроению. В нём формируется специфически экстремистская идеология, которая является обоснованием, оправданием и своеобразной программой поведения и действий экстремистов. Следовательно, без специфически экстремистской деятельности экстремизм является неполным феноменом. Наконец, экстремизм требует создания экстремистской организации, пропагандирующей экстремистскую идеологию и осуществляющей экстремистскую деятельность.

Вторая половина XX в. и особенно наступивший XXI век характеризуются смыканием религиозного экстремизма с политическим радикализмом и с геополитическими стратегиями. И в этом случае экстремизм перерастает в терроризм. Латинское слово «terror» означает «страх», «ужас». Религиозно мотивированный терроризм является высшей формой религиозного радикализма. Терроризм незаконно использует насилие или угрозу насилия - убийства, захваты заложников, захваты самолётов и зданий, разного рода взрывы и т. д. В энциклопедическом словаре «Политология» сказано: «Центральным элементом террора является террористический акт, который, даже если он не преследует далеко идущие цели, привлекает внимание общественности и государственных органов к конкретной политической проблеме или ситуации и имеет в качестве своей непосредственной задачи захват заложников, похищение политических деятелей или их убийство, получение денег, специальных материалов, транспортных средств или оружия, освобождение политических заключённых, распространение общего состояния террора, устранение “сильной личности” или её сторонников, провоцирование репрессий со стороны государства, которые, по мнению организаторов террора, могут дать детонирующий политический эффект. Но

террористический акт только прокладывает “кратчайший”, прямой путь к заявленной “высшей” цели террора. Террористический акт лишён непосредственной возможности достижения объявленной конечной цели и обычно состоит из следующих элементов: насильственное действие во всём многообразии его форм, политический мотив в основе совершения террористического акта; сам акт направлен против отдельных лиц, организаций, наций, национальностей и меньшинств, государственных институтов или их представителей с целью их запугивания или выполнения определённых требований. Террор в отношении национальной, этнической, расовой или религиозной группы, осуществляемый с целью её полного или частичного уничтожения, рассматривается мировым сообществом уже как акт геноцида» [12].

В конце XX и в наступившем XXI веке распространился исламистский терроризм, который в «Википедии – свободной энциклопедии» определяется как «тактика насильственных расправ с оппонентами, находящая себе идеологическое обоснование и оправдание в трактовках вероучения как направленная на защиту исламского мира против влияния или агрессии немусульманских стран и идеологий, в особенности западного мира» [13]. Исламистский терроризм часто использует в осуществлении террористических актов смертников и смертниц. Идеология исламистского терроризма построена на предвзятом, субъективистском истолковании учения ислама в целом или его отдельных аспектов и на выдаче данного истолкования за аутентичный ислам. И на базе так истолкованного ислама лидеры этого движения заявляют о задаче создания планетарного халифата.

Современный исламистский терроризм тесно связан с политикой и геополитикой и превратился в международный фактор. Сегодня уже не секрет, что исламистские террористические группировки не только спонсируются ведущими западными государствами, в первую очередь США, но многие и созданы ими. Так, США фактически создали Талибан, Аль Каиду, Фронт ан-Нусра («Джебхат-ан-Нусра ли-ахлиш-Шам»), «Исламское государство Ирака и Леванта» (ИГИЛ; другая аббревиатура: ДАИШ) и другие.

Таково сегодня положение в мире в плане религиозного радикализма. Но какие бы формы он ни принимал, нормальной религиозности и нормальных верующих на Земле неисчислимо большинство. Стоит надеяться на то, что человечество рано или поздно изживёт все формы радикализма, в том числе и религиозные.

Список использованной литературы

1. Пятая книга Моисеева. Второзаконие. V 7 //Библия. Книги Священного писания Ветхого и Нового Завета с параллельными местами и приложениями. - М., 2013. - С. 220.
2. Коран. Изд. 2-е. М., - 1986. - С. 164.

3. Ибрагим Г. Ислам //Новая философская энциклопедия. В 4-х т. Т. II. М., 2001. -С. 163.
4. Аль-Атгас М.Н. Сейд. Введение в метафизику ислама. Изложение основополагающих элементов мусульманского мировоззрения. М.; Куала Лумпур, 2001. - С. 13. Ср.: С. 12.
5. Евразийство. Опыт систематического изложения //Пути Евразии. Русская интеллигенция и судьбы России., 1992. - С. 362.
6. Померанц Г. Диалог культурных миров //Лики культуры. Альманах. Т. - М., 1995. - С. 450.
7. Хамидов А.А. Гуманизм как дискурс. - Алматы, 2012. - С. 192.
8. Ясперс К. Философская вера //Он же. Смысл и назначение истории. - М., 1991. -С. 439.
9. Хамидов А.А. Гуманизм как дискурс. - С. 192.
10. Кырлежев А.И. Фундаментализм религиозный //Новая философская энциклопедия. В 4-х т. Т. IV. М., 2001. - С. 281.
11. Кадиева А.М. Религиозный экстремизм: сущность, причины, пути преодоления. Автореферат дис., канд. филос. наук. Махачкала, 2008. -С. 10.
12. Политология. Энциклопедический словарь. -С. 373.
13. https://ru.wikipedia.org/wiki/_Исламистский_терроризм

ҒТАМР 03.20

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ӨСП-ӨНУ ТАРИХЫ (1991-2018 ЖЖ.)

А.Т. МӘДЕН, А.Р. НУРУЛЛАЕВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы Ақтөбе қаласы халқының демографиялық даму мәселесі талданған. Авторлар өткен ғасырдың соңғы онжылдығы қарсаңындағы қала халқының санын айқындай келе, статистикалық және санақ материалдарының негізінде 1990 жылдардағы және қазіргі кезеңдегі этнодемографиялық даму үдерістерін зерттейді. Соның негізінде ХХ ғасырдың соңында қалада күрделі демографиялық ахуалдың қалыптасқандығын, көші-қонның деңгейінің артып, бала туудың кеміп, кересінше күрделі әлеуметтік жағдай мен денсаулық сақтаудың нашарлығынан өлім-жітімнің көбейгендігін атап өтеді. Қала халқындағы осы жағымсыз демографиялық тенденциялардың жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығының ортасына дейін сақталғандығын статистикалық деректер негізінде көрсетеді. Авторлар бүгінгі уақытқа дейін қала халқы санының екі есеге өскендігін атап өтіп, оған ықпал еткен факторларды айқындап береді.

Түйінді сөздер: қала халқы, этнодемография, урбанизация, агломерация, көші-қон, табиғи өсім.

Аннотация. В статье анализируется проблема демографического развития населения города Актобе в годы независимости. Авторы определив численность городского населения в преддверии последнего десятилетия прошлого века, на основе статистических и материалов переписи населения исследуют развитие этнодемографических процессов. Ссылаясь на полученные результаты было выявлено, что в конце ХХ века в

городе сложилась тяжелая демографическая ситуация, была увеличена интенсивность миграции, упал показатель рождаемости, из-за ухудшения здравоохранения и тяжелых социальных условий увеличилась смертность. На основе статистических данных утверждается, что эти негативные демографические тенденции сохранились до середины первого десятилетия нового тысячелетия. Авторы отмечая рост городского населения почти в два раза, определили факторы повлиявших на этот процесс.

Ключевые слова: городское население, этнодемография, урбанизация, агломерация, миграция, естественный прирост.

Annotation. The article analyzes the problem of the demographic development of the population of the city of Aktobe in the years of independence. Having determined the size of the urban population on the threshold of the last decade of the last century, the authors study the development of ethno-demographic processes on the basis of statistical and census data. Referring to the results obtained, it was revealed that at the end of the twentieth century a difficult demographic situation developed in the city, migration intensity increased, the birth rate fell, and mortality increased due to deteriorating health care and severe social conditions. Based on statistical data, it is argued that these negative demographic trends persisted until the middle of the first decade of the new millennium. The authors, noting the growth of the urban population almost doubled, identified the factors that influenced this process.

Key words: urban population, ethno-demography, urbanization, agglomeration, migration, natural growth.

Ақтөбе қаласы қазіргі таңда еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан қарқынды дамып отырған шаһарлардың бірі. Қалада 2018 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 476 967 адам тұрады [1, 36 б.]. Осы тұрғындарының саны бойынша Ақтөбе қаласы республикадағы Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды қалаларынан кейінгі бесінші орынды иеленіп отыр. Қаланың урбандалу үдерісі айтарлықтай қарқынмен жалғасуда. Тұрғындар санының артуына «ауыл – қала» бағытындағы ішкі көші-қон да ықпал етуде. Дегенмен, оның қарқыны 1990 жылдар және 2000 жылдардың басымен салыстыруға келмейді, көп төмен.

Тәуелсіздік алған 27 жылдың ішінде Ақтөбе қаласының демографиялық ахуалы тұрақты болды және осы кезеңде тұрғындарының саны екі есеге жуыққа артты. Бүгінгі мақаламызда осы аралықтағы демографиялық үдерістерді талдауға арнаймыз.

Кеңестік кезеңдегі соңғы жүргізілген халық санағы – 1989 жылғы санақ болды. Сол санақ кезіндегі Ақтөбенің халық саны 253 532 адамды құрады [2, 73 б.]. Бұл сол уақыттағы облыстағы қала халқының 63,5 %-іне тең. Жалпы, 1989 жылғы санақ қорытындысы бізге Ақтөбе қаласындағы халық өсімінің динамикасын тәуелсіздік жылдары жүргізілген санақ нәтижелерімен салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді.

1991 жылы КСРО-ның ыдырауы, соның нәтижесінде республикада қалыптасқан күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдай Ақтөбе қаласының демографиялық дамуына өзгерістер әкелді. 1990 жылдардың басынан қалада өмір сүрген өзге ұлт өкілдері, оның ішінде, орыстар, немістер, украиндар, және тағы басқалары өздерінің тарихи отанына орала бастады. Бұл ретте, басқа елдерді айтпағанда, Қазақстандағы өткен ғасырдың 90 жылдардағы

көші-қон ішкі этнодемографиялық құрылымды өзгертіп қоймай, ТМД, сондай-ақ, алыс-жақын шет елдердің демографиялық бейнесіне бірқатар өзгерістер жасағандығын атап өткен жөн.

Ақтөбе қаласы халқының 1990 жылдардағы көші-қонына қатысты нақты деректер табу қиын. Өйткені, сол жылдары жергілікті статистикалық басқармалардың өзінде халықтың көші-қонын есепке алу ісі жүргізілмеді. Сондықтан, қала халқының көші-қон деңгейін, оның этнодемографиялық дамуға ықпалын облыс халқының, сондай-ақ облыстағы жалпы қала халқының көші-қонына қатысты мәліметтер арқылы бағамдауға тырысамыз.

Қолда бар статистикалық материалдар көрсететіндей, 1993-2002 жылдар аралығы облыстың қала халқы үшін ауыр демографиялық кезең болды. Осы жылдары қала халқының саны үздіксіз қысқарды. Оны төмендегі кестеден көруге болады (№1 кесте) [3, 7 б.; 4, 83 б.; 5, 36 б.].

Кесте 1. 1990-2006 жж. Ақтөбе облысының қала халқы (жыл басына, мың адам)

жылдар	Халық саны	Жалпы халықтағы үлесі	жылдар	Халық саны	Жалпы халықтағы үлесі	жылдар	Халық саны	Жалпы халықтағы үлесі
1990	404,7	54,8	1996	393,8	55,3	2002	363356	54,4
1991	409,2	55,3	1997	392,5	55,6	2003	365276	54,6
1992	410,4	55,4	1998	389,2	56,0	2004	369209	54,9
1993	405,2	55,1	1999	384,0	56,2	2005	374775	55,2
1994	404,1	55,0	2000	379,7	55,9	2006	380427	55,4
1995	395,6	54,9	2001	368122	54,9			

Жоғарыда атап өтілгендей, кесте мәліметтерінен облыс қала халқының 1990-2002 жылдар аралығында үнемі қысқарып келгендігін көреміз. Тек 2003 жылдан жағдай тұрақтанып, өсім орын алған. Облыс қала халқындағы осы демографиялық өзгерістер негізінен Ақтөбе қаласының есебінен орын алғандығын болжау қиын емес. Аудандық бағыныстағы қалалар халқының саны да қысқарды. Оның ішінде облыс орталығына жақын орналасқан және кеңестік кезеңде тұрғындары негізінен өзге ұлт өкілдерінен құралған Алға қаласы халқының санының айтарлықтай кемігендігін атап өткен жөн.

Күрделі демографиялық ахуал қалыптасқан аталмыш жылдары Ақтөбе қаласындағы халық саны көші-қон есебінен қысқарумен қатар, табиғи өсімнің кемуінің есебінен де азайды. Яғни бұл кезеңде бала туу көрсеткіші күрт төмендеп, өлім-жітім саны артты, денсаулық сақтау нашарлады. Дегенмен, қала халқының қысқаруының бірқатар бөлігін ауылдан қалаға ағылған халық жауып отырды. Облыс қала халқының табиғи өсім деңгейіндегі өзгерістерді төмендегі кестеден бағамдауға болады (№2 кесте) [3,97-99 бб.; 4, 12-14 бб.; 5, 85-87 бб.].

Кесте 2. 1990-2005 жж. Ақтөбе облысындағы қала халқының табиғи өсімі

Жылдар	Туылғандар саны	Өлгендер саны	Табиғи өсім	жылдар	Туылғандар саны	Өлгендер саны	Табиғи өсім
1990	8999	3013	5986	1998	5052	4127	925
1991	8275	3219	5056	1999	4549	3928	621
1992	7768	3222	4546	2000	5389	4365	1024
1993	6894	3739	3155	2001	5474	4241	1233
1994	6481	3986	2495	2002	5644	4255	1389
1995	5984	4316	1668	2003	6877	4225	2652
1996	5892	4127	1765	2004	7782	4050	3732
1997	5425	4413	1012	2005	8141	4087	4054

Кестеде келтірілген статистикалық мәліметтер жоғарыдағы біздің пайымдауларымызға дәлел болады. Көріп отырғанымыздай, облыс халқындағы туу көрсеткіші 2000 жылға дейін үнемі кеміп келген. 1990-1999 жылдар аралығында бала туу – 49,4 %-ке қысқарды. Бұдан кейінгі жылдары бала туу көрсеткіші тұрақтанып, туылғандар саны арта түскен. Өлім-жітімге келсек, біз қарастырып отырған 1990-2005 жылдар аралығындағы он бес жылдықта оның көрсеткіші 1 мың адамға артқан. Өлім-жітімнің көбеюіне жоғарыда атап өтілген халыққа медициналық қызмет көрсетудің нашарлауының да ықпал еткендігі сөзсіз. Қала халқындағы осы кері үдерістердің нәтижесінде табиғи өсімнің қысқарғандығын айттық. Оның шырқау шегі 1999 жылға сәйкес келген. Осы жылы табиғи өсім бар болғаны 621 адамды құраған. Одан кейінгі жылдары табиғи өсім деңгейі артып, 2000 жылдардың басында қарқын ала түскен.

Сонымен, 2000 жылға дейін-ақ көші-қон Ақтөбе қаласы халқының этнодемографиялық құрылымына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Кейінгі жылдардағы көші-қон қарқынын айқындауға облыс қала халқының көші-қонына қатысты статистикалық мәліметтер мүмкіндік береді (№3 кесте) [6].

Кесте 3. 2000-2006 жж. Ақтөбе облысы қала халқының көші-қоны

жылдар	Барлығы			Мемлекеттермен көші-қон					
	Көші-қон айырымы	келгені	кеткені	алыс шет елдермен			таяу шет елдермен		
				Көші-қон айырымы	келгені	кеткені	Көші-қон айырымы	келгені	кеткені
2000	-5190	6801	11991	-716	36	752	-6387	940	7327
2001	-761	9639	10400	-852	23	875	-2676	1561	4237
2002	525	10009	9484	-661	22	683	-1481	1537	3018
2003	1320	9496	8176	-379	31	410	-325	1762	2087
2004	1748	10139	8391	-287	24	311	324	2356	2032
2005	1731	9627	7896	-135	28	163	183	1875	1692
2006	1949	9658	7709	-17	16	33	633	1557	924

Кестеден көрінетіндей, облыс қала халқының көші-қонында 2002 жылдан бастап оң айырым қалыптасқан және оның деңгейі жылма-жыл қалыпты артып келген. Облысқа көшіп келушілердің негізгі денінің қалаларға орныққандығы айтпаса да белгілі. Қалаларға келушілер үлесі берілген жылдарда 29,6 %-ке ұлғайған. Алыс шет елдермен көші-қон үдерісінде берілген жеті жыл бойы теріс көші-қон айырымы сақталды. Дегенмен, алыс шет елдерге кеткен эмигранттар саны 2002 жылдан бастап азая түсіп, аталмыш жеті жылда қысқару деңгейі – 95,6 %-ті құрады. Кестеде берілгендей халықаралық көші-қондағы таяу шет елдерімен көші-қон ағынында 2004 жылдан оң айырым қалыптасқан. Аталмыш жеті жылда облыс қалаларынан таяу шет елдерге кетушілер саны 87,4 %-ке кеміген.

Біз қарастырып отырған 27 жылдың ішінде Ақтөбе қаласының ұлттық құрамы да түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Тәуелсіздіктің арқасында қаладағы негізгі ұлт – қазақтар болып отыр. Жергілікті қазақ халқы қалаларға тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары ғана аяқ басып, өмір сүре бастады десек артық айтқандық болмайды. Өйткені, кеңес заманындағы саясат бойынша қазақтар қалаларға жіберілмеді, олар тек ауылда тұратын «аграрлық ұлт» ретінде қарастырылды. Қалада тұратын қазақтардың үлесі өте аз болды, олар жалақысы жоғары жұмыстарға, басшылық қызметтерге жіберілмеді. Сөйтіп, кезіндегі патшалық Ресей мен Кеңес үкіметінің саясатының нәтижесінде қазақтар өз жерінде азшылық, құқықтары сақталмайтын ұлтқа айналды.

2015 жылдың басындағы статистикалық мәліметтер бойынша Ақтөбе қаласы әкімшілігіне қарасты аумақта 439315 адам тұрды. Оның 335182-ін немесе 76,3 %-ін қазақтар, 74195-ін немесе 16,9 %-ін – орыстар, 11755-ін немесе 2,67 %-ін – украиндар, 6742-ін немесе 1,5 %-ін – татарлар, 2647-ін немесе 0,6 %-ін немістер, 1244-ін немесе 0,3 %-ін кәрістер, 868-ін немесе 0,2 %-ін әзірбайжандар, 6682-ін немесе 1,6 %-ін өзге ұлттар құрады [7].

Қазіргі таңда Ақтөбе қаласы халқының саны жылдам өсіп келеді. Қала халқының 1991-2018 жылдардағы өсу динамикасын төмендегі кестеден көруге болады (№4 кесте) [8].

Кесте 4. Ақтөбе қаласы халқының өсу динамикасы

Жылдар	Халық саны	Жылдар	Халық саны	Жылдар	Халық саны
1991	265 300	2008	268 644	2013	371 357
1999	253 088	2009	345 687	2014	377 752
2004	249 759	2010	348 956	2015	387 807
2005	253 952	2011	361 174	2016	397 572
2006	258 014	2012	367 391	01.01.2018	476 967
2007	262 830				

Кестеден көрінетіндей, Ақтөбе қаласындағы халық саны 27 жылдың ішінде 211 667 адамға немесе 44,4 %-ке өскен. Бұл әрине ағымдағы санақ мәліметтері болып табылады. Қаланың қазіргі тұрғындарының саны 2018 жылғы өсімді қосқанда біз келтіріп отырған тұрғындар санынан да көп болуы мүмкін. Бұл ретте, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзі Ақтөбе облысының еліміздегі тез өркендеп келе жатқан өңірлердің бірі екенін атап өтіп, 20 жыл ішінде Ақтөбе қаласының тұрғындары екі есе көбейгенін және қазіргі уақытта жарты миллионнан асқанын айтқан болатын.

Бүгінде Ақтөбе Қазақстанның батыс аймағындағы қалалардың ішінде тұрғын саны жағынан алдыңғы орында, ал Қазақстан қалалары арасында Алматы, Астана, Шымкент және Қарағанды қалаларынан кейін бесінші орында тұр. Қала халқы санының өсуіне әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруы, көші-қонның тұрақтануы, бала туу көлемінің өсуі және балалардың өлу көрсеткішінің төмендеуі де әсер етіп отыр.

Халық санының жылдам өсуіне байланысты үкімет қаланың әлеуметтік-экономикалық даму жобасын әзірледі. Ақтөбе қаласының миллион халқы бар мәртебесін алу үшін бағытталған бас жобасын ретке келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Жобаны жүзеге асыру 2011 жыл мен 2040 жыл аралығына есептеліп отыр. 2000-шы жылдардан бастап қала аумағында 30 астам жаңа аудан пайда болды [9]. 2012 жылдан бастап 5 мөлтек ауданнан құралған, тұрғындар саны болашақта 260 мың адамға жетуі мүмкін Нұр Ақтөбе ауданының құрылысы жүріп жатыр [10].

Қала халқы санының артуына Ақтөбе агломерациясын дамытуға бағытталған іс-шаралардың жүзеге асырылуы да оң әсерін тигізетін болады. Жалпы «агломерация» - латын тілінен келген сөз. Ол «топтану», «шоғырлану» деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл сөз «экономикалық, мәдени және тұрмыстық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты елді мекендердің (әсіресе, қалалардың) шағын аумаққа топтануы, шоғырлануы» деген мағынаны білдіреді екен. Агломерация көбіне жеке ірі қаланың (ядроның) төңірегінде қалыптасады. Оның аумағында өнеркәсіп, инфрақұрылым, ғылым мен білім беру ісінің салалары, мәдениет, ауыл шаруашылығы – барлық сала қатар дамиды. Агломерация орталығындағы ірі қала, яғни ядро айналасындағы елді мекендердің дамуына үлкен ықпалын тигізеді [11].

Республиканың батысында **2020** жылға дейінгі өңірлерді дамытудың бірыңғай Бағдарламасына сәйкесті Ақтөбе агломерациясы облыс орталығы – Ақтөбе қаласының айналасында қалыптасатын болады. Ақтөбе агломерациясы аумағы құрамына **70** елді мекен кіретін облыстың **6** ауданы (Алға, Қарғалы, Қобда, Мәртөк, Хромтау, Мұғалжар аудандары) мен Ақтөбе қаласын қамтиды, оның ішінде 2 шағын қала (Алға, Қандыағаш) және Хромтау моноқаласы бар. Агломерацияның жалпы аумағы **4,8** мың шаршы шақырымды

құрайды, аумақта **596,5** мың адам немесе облыс халқының **72,5 %-ті** тұрады [12]. Оның үстіне осы Ақтөбе қаласының қарқынды урбанизациясын реттеу мақсатымен Ақтөбе қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы [13] жасақталған және қазіргі таңда жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарлама қала өмірінің барлық салаларын қамтыған, экономика, әлеуметтік даму, инженерлік инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, т.б. бағыттар бойынша нақты жоспарлар құрылып, оған қол жеткізу тетіктері айқындалған.

Сонымен қорытынды жасасақ, қазіргі таңда Ақтөбе қаласының халқы жан-жақты өсіп-өнуде. Тұрғындар санының артуы негізінен табиғи өсім есебінен қамтамасыз етілуде. Қаладағы денсаулық сақтау саласын дамытуға, ана мен бала өлімінің көрсеткішін азайтуға бағытталған іс-шаралар да демографиялық ахуалға оң әсерін тигізіп отыр. Қала халқының көші-қон деңгейі тұрақтанып, механикалық өсім негізінен қалаға көшіп келіп жатырған тұрғындар есебінен қамтамасыз етілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы. 01.2018 / Ақпараттық-талдамалы журнал: Ақтөбе облысының Статистика департаменті. Ақтөбе, 2018.-94 б.
2. Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 г. по Казахской ССР. Численность и размещение населения. Алма-Ата, 1990.
3. Демографический ежегодник Казахстана, 1999. Стат. сборник. Алматы, 2000.
4. Регионы Казахстана, 2004. Стат. сборник. Алматы, 2004.-516 с.
5. Регионы Казахстана, 2006. Стат. сборник. Алматы, 2006.
6. Итоги миграции населения Актыобинской области за 2000, 2001, 2002, 2003, 2004, 2005, 2006 гг.
7. 2015 жыл басына Ақтөбе облысы халқының жекелеген этностары бойынша саны // stat.gov.kz
8. Қазақстан қалалары мен елді мекендеріндегі халық саны // <http://pop-stat.mashke.org/kazakhstan-cities.htm>
9. Алишбаева А. Как не заблудиться в новых районах Актобе // <http://www.diapazon.kz>. 05.12.2012
10. Рахатқызы М. «Нұр-Ақтөбе» — болашақтың қаласы // <http://www.aktobegazeti.kz>. 13 желтоқсан 2012 ж.
11. Рахатқызы М. Ақтөбе агломерациясы орталығында қуатты индустрия болуы тиіс! // <http://www.aktobegazeti.kz>. 13 ақпан 2014 ж.
12. Ақтөбе агломерациясын дамыту туралы анықтама // <http://aktobe.gov.kz>

13. Ақтөбе қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы (2016 жыл 11 қаңтардағы №412 Ақтөбе қаласының мәслихаты шешімімен бекітілген) // <http://akt.gov.kz>

FTAMP 03.20

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘРІС ДИАСПОРАСЫ

Д.М. АЛПЫСБАЙ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстанда орын алған көші-қон үрдістерін шындық бетіне шығарып, зерделеп, әрі миграцияланудың арқасында пайда болған корей диаспорасының саяси-әлеуметтік жақтарын қарастыру. Бұл еңбектің өзектілігі тек бұдан ғана көрінбейді, сонымен қатар, әлемдік миграция айдарына Қазақстанға байланысты көші-қон үрдісінің басты белгілерін енгізуінде де байқалады. Зертеудің тақырыбы Қазақстандағы корей диаспорасы болғандықтан Қазақстан мен Корей арасындағы экономикалық, мәдени және тағы да басқа қатынастарды қалыптастыруға да бұл мәселені зерттеу өзекті болып табылады.

Түйінді сөздер: кәріс диаспорасы, әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жапон бодандары, қайта өрлеу феномені.

Аннотация. В этой статье мы рассмотрим политические и социальные аспекты корейской диаспоры, возникшие в результате миграции и изучения миграционных процессов в Казахстане. Актуальность данной работы видна не только, но и во введении основных признаков миграционного процесса в связи с глобальной миграцией. Поскольку предметом исследования является корейская диаспора в Казахстане, также важно изучить вопрос об экономических, культурных и других отношениях между Казахстаном и Кореей.

Ключевые слова: корейская диаспора, социально-экономические проблемы, японские колонии, феномен возрождения.

Annotation. In this article, we consider the political and social aspects of the Korean diaspora, which have arisen as a result of migration and the study of migration processes in Kazakhstan. The relevance of this work is visible not only, but also in the introduction of the main features of the migration process in connection with global migration. Since the subject of the study is the Korean diaspora in Kazakhstan, it is also important to study the issue of economic, cultural and other relations between Kazakhstan and Korea.

Key words: Korean diaspora, socio-economic problems, Japanese colonies, the phenomenon of rebirth.

Бүгінгі Қазақстандық корейлердің негізгі бөлігі кезінде Қиыр Шығыс өлкесінен жер аударылды. "Неліктен "деген сауалға КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК (б)П Орталық Комитеті бірігіп шығарған "Корей халқының Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан көшіру туралы " қаулысы (1937 жылы 21 тамызы) бір ауыз сөзбен "Қиыр Шығыс өлкесіне жапон шпионажының еніп кетуіне жол бермеу мақсатында" деп жауап береді.

Мәселенің байыбына баруға, мұндай мәлімет жеткіліксіз. Сондықтан, сол жылдардың қосымша деректеріне жүгінелік. И.Сталиннің өзі редакциялаған, 1938 жылы БК (б)П Орталық Комитеті ұнатқан "БК (б)П тарихында мынадай жолдар бар : ""1932 жылы Жапония тарапынан соғыс қаупі күшейді. Жапон империалисттері Қытайға соғыс жарияламастан және өздері шығарған "жергелікті жанжалдарды " зымияндықпен пайдалана отырып, ұрланып келіп Маньчжурияға әскерлерін кіргізді. Жапонияның ашықтан-ашық көздеген мақсаты-қытайды өзіне бағындыру , сөйтіп ол жерден европалық-америкалық империалистік белді мемлекетті қуып шығару болды."

Осы мәселені кеңінен зерттеген қазақстандық тарих ғылымының докторы Г.В.Хан бұл туралы бұлай жазады "Эты был наказание за предательство отдельных людей, от которых не застрахован ни один народ, это было наказание за национальную принадлежность к возможным сторонникам возможного противника "

Тарихшы Г.В Хан өзінің басқа бір зерттеуінде мәселенің байыбына бару үшін корейлерді жер аудару туралы 1937 жылдың 21 тамызында қабылданған жоғарыдағы қаулыдан басқа, дәл осы күні өмірге келген тағы бір құжатқа- шабуыл жасаспау туралы совет-қытай келісімшартына назар аударуды ұсынады және осыған байланысты өзі төмендегідей қорытынды жасайды: "... Это было две стороны одной медали. Депортация корейцев под предлогом "пересечения проникновения японского шпионажа " следует рассматривать так один из моментов "большой политики", как демонстрацию Советским Союзом".

Бұл жердегі ең басты мәселе — КСРО-ның бастамасымен, 1937-жылдың 21-тамызында бір-біріне шабуыл жасамау туралы Қытай-Кеңес Одағы Шарты бекітілді. Осыған байланысты 21-тамызда екінші құжат КСРО ХКК мен БК (б)П ОК-нің «Қиыр Шығыстың шекаралық аймақтарынан кәріс ұлтының өкілдерін көшіру туралы» Қаулысы қабылданды. [1]

Қаулының баптарына сәйкес, кәрістерді Қиыр Шығыстан күштеп кетіруді, 1938-жылдың 1-қаңтарына дейін шұғыл түрде, Қазақ ССР-на қоныс аудартып, орналастырылуларын талап етті. Көшірілетін кәрістердің тұрмыстық-шаруашылық заттары, мал-мүлік мәселелері, олардың құны, егістіктерінің ақысы, барған жерлерінде қайтарылып берілулері туралы уәделер айтылды. Бірақ бұл шаралардың бәрі бос желеу, әшейінгі амал-айла, алдап-сулау болғанына жер аударылғандардың көздері кейін жетті.

Қазақстанға көшірілген кәрістер нақты түрде қоныс аударудың екі кезеңін бастарынан кешірді.

Біріншісі — 1937 жылдың күзімен 1938 жылдың көктеміне дейін. Олар уақытша босатылған жерлерде болды, осы уақытта олар жертөлелерде, қоймаларда, атқораларда, шошқақоралар мен соған ұқсас орындарда, өздерімен алып келген қаражатпен өмір сүрді. Ал олар өздерімен бірге тек киім-кешек, жолға арналып есептелген мардымсыз азық-түлік қорын әкелген болатын.

1938 жылғы көктемде кәрістерді қоныс аударудың **екінші** кезеңі басталды. Кәрістерді үйреніп, тұрақтап қалған жерлерінен күштеп көшіру 1937-жылдың желтоқсан айымен біткен жоқ, 1938-жылдың көктеміне дейін Қазақстанға қарай кәріс жанұялары тиелген эшелондар келіп жатты. Кәрістерді жүк вагонымен тасымалдады, олар вагондарға артық тиелді, біротбасының мүшелерін әр түрлі эшелондарға тиеп жіберіп, жолда туыстарын жоғалтып алу, жаппай ауруға ұшырау жағдайлары болды. 1937 жылғы 28 қазандағы мәлімет бойынша Қазақстанға 70 эшолон кіргізілген болатын. Сонымен, 1937-жылы Қазақстанға 20141 кәріс жанұясы күштеп көшірілді. Олар бір деректерде 95421 адам делінсе, енді бірінде 98454 деп көрсетіледі. Ал, оларды Қазақстан төңірегінде орналастыру былайша жүзеге асырылған: Алматы облысына-1721 жанұя; Оңтүстік Қазақстан облысына-8693; Ақтөбе облысына-1874; Қостанай облысына-877; Батыс Қазақстан облысына-1839; Солтүстік Қазақстан облысына-2702; Қарағанды облысына-2425 отбасы орналастырылған. [2]

Әкелінген қоныс аударушылар мына жерлерге орналастырылды:

- Алматы облысы бойынша -1616 отбасы, 7581 адам.
- Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша- 8867 отбасы, 43181 адам.
- Ақтөбе облысы бойынша - 1744 отбасы, 7666 адам
- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша - 2299 отбасы, 9350 адам.
- Қарағанды облысы бойынша - 3073 отбасы, 14792 адам.
- Қостанай облысы бойынша -720 отбасы, 3476 адам.
- Батыс Қазақстан облысы бойынша -1950 отбасы , 9017 адам.

Кәріс ұлтының Қазақстанға қоныс аударушылары негізінен Жапон бодандары болды. КСРО Халық комитеті кеңесінің 1938 жылғы 20 ақпандағы қаулысы негізінде Қазақстан аумағына кәріс қоныс аударушыларды орналастыру үшін ең құнарлы жерлері бар совхоздар, 25 мың гектар Қаратал күріш совхозы, жер көлемі 33 мың гектар №3 Қарғұл совхозы, 84399 гектар Қызыл әскер ет-сүт совхозы, 128588 гектар Жармуханбетов ет-сүт совхозы, 10438 гектар «Қызыл партизан» шошқа совхозы және Қазалы қаласындағы шаруашылықтар жойылып жіберілді, ал жергілікті тұрғындар - қазақтар бұл жерлерден қуылды, олардың жартысы кулактар ретінде сотталып кетті.

Қазақстанның ХКК мен КП(б) ОК 1938 жылғы 3 наурыздағы "Кәріс қоныс аударушыларды мекендендіру және шаруашылыққа орналастыру жөнінде қаулысымен Қазақстанға 20530 отбасы көшірілді, оның ішінде 14600 отбасы күріш өсіру, мал шаруашылығы және дәнді дақылдар өсіру, 2400 отбасы — балық шаруашылығына, 3530 - өндірістік орындарға, совхоздарға, МТС, артель және басқа мемлекеттік мекемелерге қоныстандырылды. Олардың едәуір бөлігі (60 пайызға дейінгі) Қызылорда және Алматы облыстарына орналастырылды.

Кәрістерді Қазақстанға күштеп жер аудару арқылы сол кездегі кеңестік көсемдер мынандай саяси және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешпекші болды:

Біріншіден, Екінші Дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қиыр Шығыста 200 мың кәрістер тұрды, ал Жапония 1936 жылдың маусым айында қабылдаған «Империяның ұлттық қорғаныс Қаулысында» КСРО-ны бірінші нөмерлі жауы деп көрсетіп, осы жылдың шілде айында жапон-герман антикоминтерн пактісіне қол қойды. [3]

Екіншіден, 1934-жылдың 7-мамырында кәрістермен көршілес қоныстанған өңірде Еврей автономиялық республикасы құрылды. Егер кәрістерді еріксіз жер аудармаса, оларға да осындай үлес тиуі керек еді.

Үшіншіден, Қазақстан республикасында күріш, басқа да ауылшаруашылық өнімдерін күрт өсіру қажет болды, ал 1931-33-жылдардағы аштықтан, «асыра сілтеуден» қырылып қалған қазақ халқының, ауыл шаруашылығында еңбек ететін жұмысшы күшін толықтыру қажет болды.

Сөйтіп, 1937-жылдың 28-қазанында Қазақстанға 100 мыңға жуық кәріс ұлты 90 эшелонмен алып келінді. Бұл жерде ұйымдастыру жұмыстарының асығыстығының арқасында жолдағы азап, азық-түлік тапшылығы, санитарлық сәйкессіздік, медициналық қызметтің мүлде жоқтығы, жұқа киім, азынаған вагондар, қарттар мен жас балаларға қамқорлықтың жетіспеуі, адам төзгісіз жағдайда болғанын айта кету керек. Ал, келген жерлеріндегі елді мекендерде климатқа байланысты жылы тұрғын үйлер жетіспеді, жоба бойынша қоныс аударушылардың үйі кішкентай ғана ас үй және тағы бір шағын бөлмеден тұрды, оның көп жерін пеш алып тұрған. Сонда 7-9 адамнан тұратын жанұяға бұл өте тар еді, бірақ Арнайы құрылыс оған мән берген жоқ. Кәрістерге деп салынатын үй құрылысы жұмыстарының жүргізілу барысы бақылауға алынбады. Олар ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде Республика бойынша алдыңғы қатардан көрінді.

КСРО- басшылары кәрістерді алғашқы көшірер кездегі моральдық-материалдық ынталандыру, қаражатпен есе қайтару туралы уәделерінен әрине айнып шыға келді. Тіпті ол

тұрмақ, кәрістерді облыс орталықтары мен бірсыдырғы ірі қалалардан аулақ орналастырып, бір елді мекеннен екінші елді мекенге ұлықсатсыз баруларына тыйым салынды.

Қазақстандағы корей диаспорасы Шығыс Азияда орналасқан корейлердің КСРО-ның Қиыр Шығысына, одан қазақ жеріне миграциялану әсерінен пайда болды. Көші-қон үрдісі орын алғаннан кейін кәріс жұрты жаңа ортаға бейімделе бастады. Бұл процесс алғашында корей халқына қиын тигенімен, уақыт өте келе олар Қазақстанды туған еліне балаған ұлттардың бір бөлігіне айналды. Қазақ елі тәуелсіздігін алғаннан соң корей халқының мәртебесі жоғарылап, жағдайы біршама жақсарды. Қазіргі бейбітшіл заманда корейлер сан ғасырлық ерліктің нәтижесінде елімізде тату-тәтті өмір сүруде. Алайда бұл ұлы диаспораның әлі де толық түйіні таппаған мәселелері бар.

Қазіргі таңдағы статистикалық құжаттарға сәйкес 2000-2014 жылдар аралығында Қазақстандағы корей халқының аймақ бойынша орналасу сандық көрсеткіші төменгі кестеде берілген.

Кесте 1. Қазақстандағы корей халқының орналасуы

Жыл	Облыстар						
	Алматы	Жамбыл	Қарағанды	Қызылорда	Оңтүстік Қазақстан	Алматы қаласы	Астана
2000	17251	13875	13936	8772	9876	19326	2524
2001	16944	13763	13730	8542	10132	19620	2991
2002	16804	13535	13551	8319	10064	20092	3367
2003	16722	13306	13529	8199	10004	20750	3443
2004	16669	13188	13511	8091	9997	21517	3530
2006	16640	12987	13529	7901	9858	23311	3754
2010	16675	13012	14258	7952	9945	24021	3865
2014	16488	14000	14097	7704	97854	24545	3834

Бұл кестеден кәріс халқының саны Қазақстан жерінде көбінесе облыс бойынша тұрақты екендігі көрініп, тіпті кейбіреулерінде өсушілік байқалады.

1997 жылдың 10 қазанында Алматы қаласында Республика сарайында кәрістердің Қазақстанға қоныс аударуларына 60 жыл толуына орай жиналыс өтті, бұл жиналыста Президент Н.Ә. Назарбаев баяндама жасады.

Н.Ә. Назарбаевтың «біз кәріс халқының қайта өрлеуі феноменінің куәгеріміз» деген сөздері өте бір қызу жылулықпен қабылданып, тыңдалды, бір-бірін құтықтап жатты, олардың алдарынан жаңа мүмкіндіктер ашылғанына қуанышты болатын.

Бұл жиында республикадағы кәріс ұлысының атынан Қазақстандағы кәрістер Ассоциациясының президенті Ю.А. Цхай сөз сөйледі. Ол алпыс жылдық оқиғаларды - тұтас халыққа жасалған қастандық туралы атап өтті. Ю.А. Цхай барлық кәріс диаспорасының жалпы пікірін айтты: «Қазақстан жаппай қоныс аударту жылдарындағы көптеген депортацияланған кәрістер үшін тұрақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар біз мұнда өз ұрпақтарымыз үшін отан таптық. Қазақстандықтардың осы бір жылы қабылдауын кәрістер ешқашан да ұмытпайды» деп атап көрсетті.

Міне, бүгінде Қазақстан Тәуелсіздігінің, КСРО-ның ыдырауының, жеке басқа табынудың жойылуының арқасында, Қазақстанға еріксіз келген кәріс ұлтының ұрпақтары екінші Отаны – Қазақ елін туған үйі санап отыр. Бүгінде көптеген ұлттарды құрайтын Қазақстан халқы өз тарихындағы жаңа белестерде, жаңа құрылым – Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрды, ол заңды негізделіп, келелі істерге жаңа күш беріп отыр. Қазақстан Республикасында қабылданатын саяси шешімдер көп ұлт өкілдерінің қатысуымен талқыланып, жүзеге асырылады. Міне, сол көп ұлттың бірі – Қазақстандық кәрістер, өз болашағының, екінші елінің саяси-экономикалық тұрақтылығы мен демократиялық дамуына байланысты екенін толық түсінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хан Г.В. История корейцев Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995 г. – 208 с.
2. Н.Э.Масанов, Ж.Б.Абылхожин, И.В.Ерофеева, А.Н.Алексеенко, Г.С.Баратова. История Казахстана. Народы и культуры. – Алматы, 2001 г. – 380 с.
3. Год кризиса. 1938-1939. Т.1. Документы и материалы. - М., Политиздат, 1990 г. – С. 23-24
4. Ким Г.Н. Депортация.Стереотипы и новые подходы исследования депортации корейцев 1937 года

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО
ECONOMICS AND LAW

МРНТИ 10.86.41

**НОВЫЕ СТРАТЕГИИ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА ПРЕОДОЛЕНИЕ ПРОБЛЕМ,
СВЯЗАННЫХ С ГЕНЕТИЧЕСКИМИ ПОДХОДАМИ В СУДЕБНОЙ ЭКСПЕРТИЗЕ**

М.Ж. ЖАНДОСОВА

*Филиал РГКП «ЦСЭ МЮ РК» ИСЭ по Северо-Казахстанской области, Петропавловск,
Казахстан*

Аннотация. В статье рассматриваются свойства молекулы ДНК, а также основанные на этих свойствах возможности использования биологических следов в процессе раскрытия и расследования преступлений во всем мире. Приведены примеры следственной практики использования биологических следов и формирования национальных баз ДНК в Англии, Казахстане. Особое внимание уделяется формированию геномной базы биологических следов ДНК в Казахстане.

Ключевые слова: ДНК, доказательства, биологические следы, судебная экспертиза, судебная идентификация, база данных ДНК геномная регистрация молекулы ДНК.

Annotation. The DNA molecules, as well as the possibility of using biological traces in the process of solving and investigating crimes all over the world based on these properties are considered in the article. Investigative practices examples of the biological traces use and the formation of national DNA bases in England and Kazakhstan are given. Particular attention was paid to the formation of the genomic base of biological DNA traces in Kazakhstan.

Keywords: DNA, evidence, biological traces, forensic identification, genomics registration of DNA molecules.

Аңдатпа. Мақалада ДНК молекулаларының қасиеттері және қылмысты ашу мен тергеу барысында осы қасиеттеріне негізделген биологиялық іздерді қолдану мүмкіндіктері қарастырылған. Биологиялық іздерді қолданудың тергеу іс-тәжірибесінің мысалдарымен Англия мен Қазақстанның ДНК ұлттық базасын қалыптастыруы келтірілген. Қазақстанда биологиялық іздердің геномдық базасын құрастыруына ерекше назар аударылған.

Түйін сөздер: ДНК, дәлелдеулер, биологиялық іздер, сот экспертизасы, соттық идентификация, ДНК мәліметтер базасы, ДНК молекуласының геномдық тіркеуі

Биологические следы всегда служили важным доказательством при расследовании различных видов преступлений. Данные исследования в Казахстане проводятся в рамках судебно-генетических экспертиз с преимущественным использованием усовершенствованных вариантов методик.

Начиная с конца XX века, в ряде зарубежных стран одним из наиболее распространенных биологических исследований становится ДНК-анализ. Имеется несколько причин, по которым молекула ДНК так привлекательна для использования в судебной

идентификации. Во-первых, это уникальность индивидуальной ДНК. Каждый человек в мире генетически индивидуален (кроме, однояйцовых близнецов, которые, по сути, являются клонами). Во-вторых, генетическое постоянство организма. Генетическая информация, в отличие от состава белков или жиров, не изменяется в течение жизни, а также в зависимости от типа клеток, из которых была выделена ДНК. В-третьих, чувствительность метода. Для современных методов ДНК-анализа достаточно даже нескольких капель крови, образца слюны, или пятна спермы, по площади в 10 раз меньше булавочной головки, или ДНК, оставшейся на выкуренной сигарете. И, наконец, относительная стабильность молекул ДНК. В отличие от белков, являющихся нестабильными структурами, молекула ДНК обладает повышенной устойчивостью к воздействиям окружающей среды. Это свойство ДНК является для экспертов ценным, поскольку позволяет проводить идентификацию по прошествии даже очень большого срока давности, или же если останки человека не могут быть опознаны никакими другими методами (например, в случаях различных гнилостных разложений тканей и др.)

Современная технология исследования ДНК позволяет успешно исследовать практически все ткани и биологические жидкости организма человека, содержащие ДНК, биологические объекты, загрязненные микрофлорой, минимальные количества биологического материала, смешанные следы (содержащие биологический материал двух и более человек с возможностью дифференциации). При этом, на биологическую экспертизу могут быть представлены как следы крови человека различной давности, размера, концентрации, следы слюны на окурках, жевательных резинках, фрагментах бумаги, сперма, следы спермы, смешанные с выделениями потерпевших, волосы с жизнеспособной луковицей, включая единичные, так и фрагменты тканей и органов человека, включая костную [1, 112-156]. Проводятся как диагностические экспертизы, позволяющие определить половую принадлежность следов крови (слюны, волоса, фрагмента ткани или органа), выделить генетические признаки следов крови (слюны, спермы, влагалищных выделений, волоса, фрагмента ткани или органа) при отсутствии образцов для сравнения (преступник в розыске, безвестное исчезновение человека, убийство без трупа, неопознанный труп), так и идентификационные, позволяющие решить вопросы о принадлежности крови (слюны, волоса и т.д.) конкретному лицу (потерпевшему, подозреваемому и т.д.). Решаются вопросы о принадлежности части тела расчлененного трупа одному человеку, установления биологического родства, имеющее решающее значение в установлении личности неопознанного трупа [2, 31-50].

Психолого-психиатрические особенности личности террориста во многом определяются тем, что он непосредственно соприкасается со смертью, которая, с одной стороны, влияет на его психику, поступки и на события, в которые он включен, а с другой – его личностная специфика такова, что он стремится к ней. Террорист начинает соответствовать ей, разрушает последние преграды, отделяющие от нее, как бы позволяет ей непосредственно влиять на себя. Это – террорист-некрофил. Смерть оставляет на нем свой образ, начинает говорить с ним на своем языке, и он его понимает. Террорист не защищен от нее задачей выживания, чаще всего он и не ставит таковую перед собой, поскольку сам стремится к ней. Раз приблизившись к ней, такой человек начинает приобретать опыт, который либо осознается и становится основой внутреннего развития, либо не осознается и на уровне личностного смысла определяет поведение, в том числе через потребность вновь и вновь испытать дрожь от соприкосновения с тем, что находится за гранью. Наркотическая для них атмосфера близости к смерти может толкать на совершение самоубийственных террористических актов, но также и других убийств, не обязательно террористических, например, при участии в разных военных конфликтах.

Террористы, которые видят в смерти, своей или чужой, единственный путь решения вставших перед ними проблем, естественно, не испытывают страха перед возможной гибелью. Поэтому профилактический эффект неотвратимости уголовного наказания в отношении таких людей практически ничтожен. Они не боятся смерти, а перспектива длительного, даже пожизненного лишения свободы обычно не принимается ими во внимание, они просто не думают об этом. Только уже после вынесения приговора такие люди начинают осознавать, что им всю жизнь или значительную ее часть предстоит провести в местах лишения свободы. Их страдания, связанные с наказанием, начинаются с этого момента.

Мотивы террористических действий в основном формируются не в неформальных малых группах, не под влиянием опасных общеуголовных преступников или в совместном совершении «обычных» преступлений. Возникновение и развитие мотивов происходит в ходе семейного воспитания, под влиянием местных этнорелигиозных обычаев и традиций, носящих сугубо пережиточный характер, под влиянием призывов старших и авторитетных лиц. Данные обстоятельства имеют немалое практическое значение.

Список использованной литературы

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года №231-V по состоянию на 18.07.2018.-52 с.
2. Антонян Ю. М., Кудрявцев В. Н., Эминов В.Е. Личность преступника// Типология и классификация преступников. - Москва, 2004. - С. 80-81
3. Антонян Ю. М., Кудрявцев В. Н., Эминов В.Е. Личность преступника// Типология и классификация преступников. - Москва, 2004. - С. 84-85
4. Кудрявцев В. Н., Эминов В.Е. - Террористы // Типология и классификация преступников. - Москва, 2004. - С. 123-124
5. Криминология: Учебник / Алауханова А.Е. - Алматы: Баспа, 2012. – 217 с.

МРНТИ 10.81.51

КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЖЕНЩИНЫ КАК СУБЪЕКТА УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ

А.А. БЕКБАУОВА, А.А. ТАНЖАРБАЕВА

*Актыобинский региональный государственный университет им. К. Жубанова, г.Актобе,
Казахстан*

Аннотация. В статье рассматриваются особенности криминологической характеристики женщины как субъекта уголовного правонарушения, психологическая характеристика личности женщины - правонарушителя. В работе особое внимание обращается на изучение характеристик женщин, совершивших уголовные правонарушения в зависимости от различных критериев. Характеристика женщины как субъекта уголовных правонарушений во многом зависит от вида и характера самого преступления. В статье исследуются причины и факторы, способствующие совершению преступлений лицами женского пола. Данное исследование направлено на изучение способов, которые дадут возможность предупреждать совершение уголовных правонарушений. Особое внимание в статье уделяется изучению психологических и криминологических характеристик женщины, склонной к совершению уголовного правонарушения, также проблемам психологической зависимости данных женщин.

Ключевые слова: преступности, уголовное правонарушение, криминологическая характеристика, уголовная характеристика, личность женщины, преступление, причины преступности, предупреждение.

Андатпа. Мақалада әйелдің қылмыс субъектісі ретінде криминологиялық және қылмыстық сипаттамалары, әйел жынысты адамның жеке басының психологиялық ерекшеліктері талқыланады. Осы мақалада әртүрлі критерийлерге байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасаған әйелдердің сипаттамаларын зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі ретінде әйелді сипаттау негізінен қылмыстың өзіндік сипаты мен сипатына байланысты. Мақалада әйелдердің қылмыстарды жасайтын себептері мен факторлары қарастырылады. Бұл зерттеу қылмыстық құқық

бұзушылықтардың алдын алу жолдарын зерттеуге бағытталған. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға бейім әйелдің психологиялық және криминологиялық сипаттамаларын, сондай-ақ осы әйелдердің психологиялық тәуелділігін зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді.

Түйінді сөздер: қылмыс, қылмыстық құқық бұзушылық, криминологиялық сипаттамалары, қылмыстық сипаты, әйелдің жеке басы, қылмыс, қылмыс себептері, алдын-алу.

Annotation. The article discusses the features of the criminological characteristics of a woman as a subject of a criminal offense, the psychological characteristics of the personality of a female offender. In this paper, special attention is paid to the study of the characteristics of women who have committed criminal offenses depending on various criteria. The characterization of a woman as a subject of criminal offenses largely depends on the type and nature of the crime itself. The article examines the causes and factors contributing to the commission of crimes by females. This study is aimed at exploring ways to enable the prevention of criminal offenses. Particular attention is paid to the study of the psychological and criminological characteristics of a woman prone to committing a criminal offense, as well as the problems of the psychological dependence of these women.

Key words: crime, criminal offense, criminological characteristics, criminal characteristics, the identity of a woman, crime, causes of crime, prevention.

Личность субъекта была всегда важной проблемой всех наук криминального профиля, и в первую очередь криминологии. В новое время проблема личности субъекта получила особую актуальность. Показывая общую ситуацию во всех областях научного знания, актуальность именно этой проблемы предопределена тем, что без научного познания тех, кто совершает преступления, нельзя эффективно бороться с преступностью в целом.

Личность преступника является составным элементом предмета криминологии. Значимость этой проблемы выражается, прежде всего, в том, что преступление как акт человеческого поступка и волеизъявления конкретного лица в значительной степени производно от его сущностной характеристики и особенностей. Преступление и преступник являются теми клеточками своеобразного организма преступности, изучение и познание которых способны дать криминологический материал для последующей работы по предупреждению преступлений. Личность преступника, с одной стороны, понятие общесоциологическое, с другой - юридическое. Это означает, что личность преступника нельзя рассматривать в отрыве от его социальной сущности, вне связи со всей системой общественных отношений, в которую он включен. Под их воздействием формируется социальный облик преступника как целостное единство конкретного лица с образующими его нравственно-психологическими чертами и свойствами (взгляды, убеждения, ценностные ориентации, жизненные ожидания, интеллектуальные и волевые свойства). С учетом сказанного личность преступника может быть определена «как лицо, совершившее преступление, в антиобщественной направленности которого выразилась совокупность негативных социально значимых свойств, влияющих в сочетании с внешними условиями и

обстоятельствами на характер преступного поведения в целом» [1]. Личность преступника в криминологии - системная научная проблема в том смысле, что она предполагает исследование собственно личности преступника, преступного поведения, образа жизни преступника, особенностей его социальной среды, связей и отношений». Исследование личности преступника всегда связано с исследованием уголовного правонарушения, всех его обстоятельств и имеющих значение последствий его действий.

При изучении личности женщины необходимо рассмотреть определенные группы личностных признаков, естественно с учетом определенных черт, которые связаны с половой принадлежностью.

Выборочные криминологические исследования и статистические данные свидетельствуют о том, среди преступников, женщин гораздо меньше, чем мужчин, наиболее крупную группу среди женщин-преступниц занимают лица в возрасте до 30 лет (около 48%). Но среди отдельных категорий соотношение различных возрастных групп может быть иным.

Общеизвестно закономерность, что среди взяточниц и крупных расхитительниц преобладают лица средних и старших возрастов, их больше и среди женщин-рецидивисток. В возрасте 30 - 40 лет наблюдается наиболее широкое участие женщин в общественном производстве, растут их социальные контакты. В эти годы женщины нередко назначаются на руководящие должности, и иногда это приводит к преступлениям корыстного характера (хищений, взяточничества). Женщины совершившие преступления как правило старше 40 лет, одиноки, что обусловлено распадом их супружеских связей и потерей родителей.

Большую по численности группу среди женщин, совершивших насильственные преступления занимают лица в возрасте 18 - 24 лет, порядка шести пунктов меньше занимают лица в возрасте 30 - 40 лет.

В связи с тем, что к женщинам, совершившим уголовные правонарушения проявляется гуманность (если совершены не очень серьезные правонарушения) и становятся они на преступный путь как правило на много позже, чем мужчины, то женщины осужденные к лишению свободы в сравнительном отношении старше, чем мужчины.

По образовательному уровню различные группы женщин-преступниц мало чем отличаются друг от друга. [2]

В момент совершения уголовного правонарушения немногим более половины женщин состояли в брачных отношениях. У тех из них, кто в результате осуждения не был наказан к лишению свободы, семья не распалась. У женщин, содержащихся в местах лишения свободы сохранилась семья лишь у 22.8%. Меньше всего женщин, состоящих в брачных отношениях среди преступниц совершивших убийство своего новорожденного ребенка. Убийство

ребенка происходит как правило в результате неблагоприятных обстоятельств или ранней половой жизни, отсутствием мужа, материальных затруднений, ненадлежащие жизненные условия для воспитания будущего ребенка. Все это способствует тому, что беременная женщина пытается сделать аборт, а если это не удастся, то совершает детоубийство. На принятие такого решения могут оказывать влияние лица, от которого женщина находится в материальной или иной зависимости: отец будущего ребенка, родители, родственники, знакомые.

Психологическая зависимость женщин-преступниц выражается в зависимости от общественного мнения, от взгляда со стороны так как данная категория лиц не составляет исключения из всех женщин. Общеизвестен факт, что для женщин очень важна оценка со стороны других людей и то, какое впечатление они производят, для свойственна такая черта, как демонстративность. Демонстративность поведения у женщин-преступниц служит (в психологическом плане) целям самоутверждения. Но повышение демонстративности поведения у таких лиц одновременно снижает и контроль за ним.

Для преступниц характерна застреванность эффективных, психотравмирующих переживаний в сочетании с высокой импульсивностью это приводит к игнорированию или недостаточному учету всех необходимых обстоятельств, неадекватному восприятию и оценке возникающих жизненных ситуаций, плохому прогнозированию последствий своих поступков, не обдуманности поведения.

Причины преступности, как и сама преступность, объективны и закономерны. Это доказывается реальным существованием преступности на протяжении всего прошедшего периода функционирования нашего государства и отсутствием каких-либо ощутимых признаков, успехов в борьбе с ней. Об этом же свидетельствуют данные о достаточно ярко выраженной стабильности структуры, состоянии и динамике преступности. Отсутствуют и данные о ликвидации каких-либо видов преступной деятельности в результате уголовно-правовой борьбы с ними.

К огромному сожалению на сегодняшний день ни сама женская преступность, ни определяющие ее причины не стали еще предметом всеобщего внимания. Все возникающие проблемы тщательно не изучаются и не анализируются, а предупредительные усилия сводятся в основном к наказанию виновных, когда как наравне с ними должны устраняться обстоятельства вызвавшие преступные действия.

В основе причин преступности женщин лежит социальный характер причины преступности тесно связаны с определенными, конкретными условиями жизни общества, а место женщины в системе общественных отношений, ее роль и функции, имеют большое значение, и поэтому, как это не огорчительно женская преступность представляет собой

неизбежное и естественное явление, постоянно возникающее в ходе общественного развития. Есть определенный ряд факторов, способствующих существованию женской преступности, усилению ее общественной опасности, проявлению жестокости и агрессивности. К сожалению, на сегодняшний день наше государство переживает тяжелый экономический и политический кризис, что плохо сказывается на условиях жизни населения, и это в свою очередь негативно влияет на формирование нравственности отдельных людей, их установок и типов реакций на складывающиеся жизненные ситуации и конфликты.

Произошел ряд изменений в профессиональной принадлежности женщин, они либо заняты непосредственным производством материальных ценностей или трудятся в управленческом звене, и здесь на лицо видна формальность равноправия мужчин и женщин в сфере труда, в результате такого положения обнаруживается ряд причин, предопределяющих совершение мелких хищений и обмана покупателей.

Одной из важнейших причин антиобщественного поведения является и обеднение семейных обязанностей женщин.

В чем же причины преступности женщин, что в настоящее время вызывает ее рост, Антонян Ю.М. в своей книге "Преступность среди женщин" выделил следующие явления и процессы:

- 1) активное участие женщин в общественном производстве;
- 2) ослабление социальных институтов, и в первую очередь семьи;
- 3) возросшая напряженность в обществе, возникновение в нем конфликтов и враждебности;
- 4) рост антиобщественных явлений, таких как наркомания, алкоголизм, проституция, бродяжничество и попрошайничество. [3]

Почти все эти перечисленные явления, способствующие существованию женской преступности, тесно переплетаются друг с другом, и постепенно под влиянием больших и глубоких перемен, проходящих в нашем государстве, таких как: социальные, экономические, культурные, стали набирать силу.

Женщины стали намного больше, чем раньше, трудиться в общественном производстве и активнее в общественной жизни. Действительно не смотря на тяжелое экономическое положение в нашей стране, женщины составляют примерно половину численности рабочих и служащих, большинство из них заняты в сферах: народного образования, здравоохранения, культуры и искусства, науки и научного обслуживания, общественного питания, торговли, сбыта, снабжения, заготовке, аппарат управления, кредитование и государственное страхование, текстильная промышленность, сельское хозяйство и т.д. большое количество

женщин являются руководителями государственных и частных предприятий, учреждений и организаций, возглавляют мелкие структурные подразделения. [4]

Вторым, немаловажным явлением, влияющим на женскую преступность, автор выделил ослабление социальных институтов, и в первую очередь семьи. Не стоит и забывать о том, что женщине приходится совмещать свою профессиональную деятельность с исполнением семейных и материнских обязанностей. В результате она все время работает с перегрузками, постоянно испытывает усталость, нервное напряжение, у женщины из-за этого могут появиться высокая тревожность, психические расстройства, состояние дезадаптации и т.д. Женщина перестает дорожить семьей, работой, внешне легко бросает и ту, и другую, начинает вести антиобщественный образ жизни.

Разрушение семьи означает то, что женщина перестает исполнять исконно женские роли и обязанности. Семья, своя или родительская, в определенной мере лишилась прежнего значения регулятора поведения и всего образа жизни, ослабились ее контрольные способности.

Третьим фактором, порождающим женскую преступность, является возросшая напряженность в обществе, тревожность людей. Именно эти явления вызывают со стороны людей агрессию, которая для них приобретает форму защиты от возможного нападения, внешней угрозы.

Женщины наиболее остро чувствуют и переживают существующую напряженность, социальное неблагополучие, конфликтность, они более восприимчивы, и уязвимы. Именно на них лежат важные обязанности по обеспечению семьи продуктами питания и другими благами, воспитанию детей, уходу за ними и т.д., поэтому они остро реагируют на любые неблагоприятные процессы, угрожающие семье и особенно детям. [5]

Для предотвращения или предупреждения женской преступности, на наш взгляд, нужна специальная программа, включающая в себя комплекс криминологических норм по профилактики женской преступности. Таких как повышение социального уровня защищенности женщин, разработки и предоставления другого жизненного статуса, усиление внимания на детях и семье, а также решить проблемы в экономической, духовной и других сферах жизни нашего общества. Подводя общий итог о причинах преступности женщин, можно сказать что причины преступности женщин тесно связаны с противоречиями общественного развития, эти причины отличаются большой спецификой. Эта специфика определяется социальной и особенно трудовой активностью женщин, их местом в производстве, ролями, которые они исполняют. Огромное значение имеют те условия, которые представляет общество женщине, для успешного выполнения ее трудовых, семейных и родительских обязанностей.

Список использованной литературы

- 1.Криминология: Учебник/Под ред. акад. В.Н. Кудрявцева, проф. В.Е. Эминова. - М.: Юрист, 1995. - 512 с.
2. Васильчикова Н. В. Криминология: Конспект лекций /Н.В. Васильчикова, В.В. Кухарук. - М.: Юрайт-Издат; 2009. - 144 с.
3. Антонян Ю.М. Преступность среди женщин. - М.: Росс.право,1992. -256 с.
4. Малков В.Д. Криминология: учебник для вузов / В.Д. Малков. - М.: Изд-во: Юриспруденция, 2011. - 544 с.
- 5.Криминология. Учебник /Под ред.Алауханова А.Е. Алматы-Баспа, 2012. - 198 с.

ҒТАМР 316.422:338.2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ: ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Ә. ТҮРҒАНБАЕВ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан экономикасының ерекшелігін ескере отырып, еңбек нарығының даму мәселелері, оны мемлекеттік реттеу шараларының тиімділігі, сондай-ақ оларды дамытудың негізгі бағыттары қарастырылған. Еңбек нарығы елдің бүкіл нарықтық экономика жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Қоғамның жаңа даму жағдайларында еңбек нарығы проблемалары жаңа тұжырымдамалық мағынаға ие болады, оның дамуы экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, географиялық және басқа да факторлармен анықталады.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, жұмыс бастылық, өзін-өзі жұмыспен қамту, жұмыссыздық, жұмыс күші, қоғамдық жұмыстар, нәтижелі жұмыс бастылық, нәтижесіз жұмыс бастылық.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы развития рынка труда с учетом особенностей казахстанской экономики, эффективность мер его государственного регулирования, а также основные направления их развития. Рынок труда является важной составляющей всей системы рыночной экономики страны, одним из основных проблем социально-экономического развития общества. В новых условиях развития общества проблемы рынка труда приобретают новую концептуальную сущность, его развитие определяются экономическими, социальными, демографическими, географическими и другими факторами.

Ключевые слова: рынок труда, занятость, самозанятость, безработица, рабочая сила, общественные работы, продуктивная занятость, непродуктивная занятость.

Annotation. This article discusses the development of the labor market, taking into account the peculiarities of the Kazakh economy, the effectiveness of its state regulation measures, as well as the main directions of their development. The labor market is an important component of the whole system of the market economy of the country, one of the main problems of social and economic development of society. In the new conditions of development of

society, the problems of the labor market acquire a new conceptual essence, its development is determined by economic, social, demographic, geographical and other factors.

Key words: labor market, employment, self-employment, unemployment, labor force, public works, productive employment, unproductive employment.

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауы ел экономикасының қазіргі жағдайдағы одан әрі дамуының нық негіздерін қалады. «Ең алдымен, «болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет. Еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады», - деп атап көрсетілген болатын Жолдауда [1]. Мұндай жағдайда еңбек нарығын мемлекеттік басқару аса өзектілікке ие болады.

Қазақстандағы еңбек нарығы мемлекет тарапынан жұмыспен қамту бағдарламалары арқылы реттелінеді.

Еңбек нарығының барлық қатысушылары - қызметкерлер, жұмыс берушілер, кәсіптік одақтар, мемлекет және басқа да қатысушылар нарықтағы өз мүдделерін үйлестіріп, өз саясатын айқындауы тиіс.

Қазақстандағы мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламалары бұл міндетті шешеді және әрбір кезеңде қойылған мақсаттарға қол жеткізе отырып, осы процесті үнемі жетілдіреді [2].

Осыған байланысты әрбір уақыт кезеңінде еңбек нарығының проблемаларын үнемі айқындау қажет.

Қазіргі экономикадағы нарықтық қатынастардың дамуы еңбек саласындағы нарықтық жүйенің тиімді жұмыс істеуін негіздейтін үдерістер мен механизмдер туралы көптеген мәселелерді туындатады, оларды шешу еңбек нарығындағы теориялық тәсілдерді пысықтауды талап етеді.

"Еңбек нарығы" термині әр түрліше анықталады. Бір зерттеушілердің пікірінше, еңбек нарығы "тауарлық (нарықтық) экономикаға сәйкес келетін еңбек ресурстары (жұмыс күші) қозғалысының қоғамдық - экономикалық нысанын" білдіреді [3, 11-б.]. Басқа зерттеушілер еңбек нарығын "ұдайы өндіру" тәсілі тұрғысынан қарастырып, "жұмыс күшінің орнын толтыру үшін қажет өмірлік құралдар қорына еңбекке деген жеке қабілеттерді алмастыруға және қызметкерлерді тауарлық өндіріс және айналым заңдары бойынша қоғамдық еңбек бөлу жүйесіне орналастыруға байланысты қатынастардың күрделі жүйесі" ретінде анықтайды [3, 12-б.].

Дамыған нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығы мынадай элементтерді қамтиды: жұмыспен қамту және жұмыссыздық саласындағы мемлекеттік саясат принциптерін, кадрларды даярлау жүйесін, жалдау жүйесін, келісім-шарт жүйесін, жұмыссыздарды қолдау қорын, қайта даярлау және қайта мамандандыру жүйесін, еңбек биржаларын, жұмыспен қамтуды құқықтық реттеуді [4, 217-б.].

Еңбек нарығы, біздің ойымызша, басқарудың барлық деңгейлерінде - республикалық, аумақтық - өндіріс пен мамандар даярлаудың макро пропорциясын қалыптастырудың жоспарлы сипатын сақтай отырып, оны ұдайы өндіру механизмінің басты емес, бірақ толықтыратын элементі.

Ол тұтыну сұранысының конъюктурасына сәйкес экономика секторлары арасындағы жұмыс күшінің ауысу тетігінің икемділігін қамтамасыз етуге, өндіріс монополиясына және кәсіпорындарда еңбекақы төлеу шарттарының үстемдігіне қарсы тұруға бағытталған.

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің негізгі төрт бағытын ажыратуға болады:

1. Жұмыспен қамтудың өсуін ынталандыру және жұмыс орындарының санын арттыру жөніндегі бағдарламалар.

2. Жұмыс күшін даярлауға және қайта даярлауға бағытталған бағдарламалар.

3. Жұмыс күшін жалдауға жәрдемдесу бағдарламалары.

4. Үкімет жұмыссыздықты әлеуметтік сақтандыру жөніндегі бағдарламаларды қабылдайды, яғни жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыға қаражат бөледі.

Қазақстан Республикасы еңбек нарығының бүгінгі жай-күйін талдау мынадай мәселелерді анықтады.

2018 жылдың 1 сәуіріне есептегенде жұмыспен қамту органдарында есепте 133,8 мың адам тұрған, халықты жұмыспен қамту органдарының көмегімен 97,2 мың адам немесе уәкілетті органдарға өтініш білдіргендердің жалпы санының 63,9 пайызы жұмысқа орналастырылған, олардың ішінен 13,0 мың жұмыссыз азамат әлеуметтік жұмыс орындарына, 8,9 мың түлек жастар практикасынан өтуге жіберілген.

2018 жылдың өткен кезеңінде 29,7 мың адам қоғамдық жұмыспен қамтылған, 9,5 мың адам кәсіптік оқуға және қайта даярлауға жіберілген. 2018 жылғы наурыздағы бағалау бойынша жұмыссыздар саны 439,8 мың адамды құраған.

Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшіне шаққанда 4,9% құраған. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 2018 жылы 133,8 мың адамды немесе жұмыс күшіне шаққанда 1,5% құраған [5].

Республикада қазіргі кезде еңбек нарығын реттеу саласында, негізінен, пассивті әдістер қолданылады. Олар еңбек нарығына түскен және жұмыс күшін қолдануды белсенді іздейтін

жұмыс күшіне. Яғни іс – шаралар көбінесе жұмыссыздарға қатысты және оларды тез арада жұмысқа орналастыруға, ал қажет болған жағдайларда қайта даярлауға бағытталған жағдай қалыптасты.

Жұмыспен қамту саласындағы саясат халықтың нәтижелі жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатына сүйенген кезде ғана табысты болуы мүмкін. Бұған тек еңбек ресурстарының сапасын қамтамасыз ету арқылы ғана қол жеткізуге болады. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін қажетті еңбек ресурстарының сапасы адам ресурстарын дамыту стратегиясы арқылы мүмкін болады.

Еңбек ресурстарының біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарды арттыру жағдайында еңбек нарығын мемлекеттік реттеу бірнеше бағытты жүзеге асырады, оның ішінде мыналарды атауға болады:

- жұмыссыздар қатарынан кадрларды қайта даярлау жүйесін құру;
- жұмыссыздарды кәсіпкерлік қызметке үйрету мақсатында шағын бизнесті дамыту және шағын кредит беру;
- білім беру жүйесін дамыту елдің кадрлық әлеуетін арттыру факторы ретінде.

Білетіміздей, жұмыссыздық Қазақстандағы кедейліктің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Сондықтан қазақстандық мемлекет халықты жұмыспен қамтуды арттыруға және жұмыс орындарын құруға басты назар аударады.

Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес республика үкіметінің негізгі бағыттарының бірі болып танылады.

Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламаларда қоғамдық жұмыстар арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету міндеті қойылған болатын. Сонымен қатар, жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру тиімділігінің төмендігі уақытша жұмыспен қамтылудың тұрақты болмауының себебі болып табылады. Ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуына және қандай да бір ақы төленетін жұмыстың болмауына байланысты оларды өткізуге қатысуға ұсыныстан бас тартқандар көбінесе болмайды. Алайда, қоғамдық жұмыстар қазіргі уақыттағы ұйымдастырылатын түрінде жұмыс берушілерде де, жұмыссыздарда да пайдаланылмайды. Бұның негізгі себептері біліктілігі төмен еңбек, төмен еңбекақы, оларды жүргізудің қысқа мерзімді сипаты, төлемдермен болатын кідірістер болып табылады. Қоғамдық жұмыстардың шығыны жоғары, ал тиімділігі аз болады.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жеткіліксіз қаржылық қамтамасыз ету жұмыспен қамтылмаған халықты және жұмыстан босағандарды кәсіби оқыту және қайта даярлау, жұмыспен қамтудың әртүрлі икемді нысандарын ұйымдастыру мүмкіндіктерін, қоғамдық жұмыстарды және т.б. кеңейтуді уақытша шектеуге мәжбүр етеді.

Жұмыссыздыққа төленетін жәрдемақы деңгейінің төмен болуы, яғни ең төменгі тұтыну бюджетін қамтамасыз етпеуі, жұмыссыздарға қаражатын капиталдандыруға және әр түрлі нысандарда өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік реттеудің маңызды міндеттерінің бірі қандай да бір мамандыққа деген қолда бар сұранысты ескере отырып, жұмыссыздардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында олардың ішінен кадрларды қайта даярлаудың тиімді жүйесін құру болып табылады.

Осыған байланысты қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру тәжірибесі қызығушылық тудырады. Жұмыссыздардың біліктілігін арттыру бағдарламалары шеңберінде әртүрлі іс-шаралар өткізу еңбек әлеуетінің сапасын қамтамасыз етуде, кедейлікпен және өзге де әлеуметтік проблемалармен күресте маңызды рөл атқарады. Бұл мәселені шешу бүгінгі күні Қазақстанда ерекше маңызды болып отыр. Республикада жұмыссыздық пен кедейлікке қарсы күрес шеңберінде мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың, халықаралық ұйымдардың ынтымақтастығына маңызды рөл беріледі.

Сонымен қатар, халыққа бастапқы медициналық-санитарлық көмек, сапалы жалпы орта білім беру сияқты базалық қызметтерді әкімшілендіру, әсіресе шалғайдағы ауылдық аудандарда, одан әрі жетілдіруді талап етеді. Бүгінгі күні қаражаттың жоқтығына емес, орталық және жергілікті деңгейде жоспарлау тиімділігінің жеткіліксіздігіне байланысты көрсетілетін қызметтер сапасының төмендігі орын алуда. Мемлекеттік басқарудың басты кемшілігі бұрын да, қазіргі уақытта да жағдайға әсер етудің операциялық және ахуалдық нысанының басым болуында болып отыр.

Белгілі бір проблемалар жұмыссыздыққа қарсы күресте мемлекеттік емес институттардың әлеуетін іске қосу жөніндегі жұмыста сақталуда. Мемлекеттік және мемлекеттік емес институттар арасындағы үйлестіру деңгейін арттыру қажет. Бұл міндеттерді шешу Қазақстандағы жұмыссыздықпен табысты күресудің басты шарттарының бірі болып табылады.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар мыналарды көздеуі тиіс:

- жұмыссыз жастарға олардың қызмет саласын анықтау мақсатында кеңес беру және кәсіптік бағдар беру, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;
- жастар үшін жұмыс орындарын квоталау;
- салық салуда жеңілдікті несиелер, жеңілдіктер беру жолымен шаруа (фермер) қожалығын құруда халыққа экономикалық қолдау көрсету;
- жұмыс күшінің аумақтық және кәсіби ұтқырлығын арттыру мақсатында облыс шегінде бос орындар мен жұмыс орындарының өңіраралық банкіні құру;

- жұмыссыздарды қоғамдық уақытша жұмыстарға олардың беделі мен материалдық қызығушылығын арттыру жолымен кеңінен тарту;

- экономиканың бейресми секторында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуына, үй еңбегін ұйымдастыруға, жұмыспен қамтудың икемді нысандары негізінде жеке қызметке жәрдемдесу.

Осы бағыттарды іске асыру үшін мемлекет дамуының іргелі проблемаларын шешу және халықтың көпшілігі үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында жалпыұлттық деңгейдегі тиімді жұмыс істейтін институттарды құру қажет және оларды мемлекет дамуының әрбір жаңа кезеңінде жетілдіру маңызды.

Іс – қимыл тұжырымдамасы мен стратегиясы, жеткілікті өкілеттіктері бар пәрменді мемлекеттік институттар - жұмыссыздықпен табысты күресу үшін қажетті алғышарттар. Алайда халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында азаматтардың мүдделерін барабар көрсету және қажетті саясатты жүргізу үшін мемлекеттік институттар өз қызметінде бюрократтанбауға, есеп беруге және "ашық" болуға тиіс.

Демек, тиімді жұмыс істейтін мемлекеттік жүйе тұрақты экономикалық және әлеуметтік даму үшін қажетті шарт болып табылады. Сонымен қатар жұмыссыздықпен күресте, сондай-ақ кадрлық әлеуетті арттыруда маңызды рөл мемлекеттік емес институттарға да тиесілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан [Электрондық ресурс]. – 2018. - <http://www.akorda.kz> – (интернет көздері)
2. Программа «Дорожная карта занятости 2020» [Электрондық ресурс]. - // <http://adilet.zan.kz> - (интернет көздері)
3. Оразова Б. Рынок труда: теория вопроса // Труд в Казахстане - 2009 - №6. – С. 11-12 (журнал мақалалары)
4. Рынок труда. - Под общей редакцией профессора Буланова В.С. и профессора Волгина Н.А. - М., 2007. – 315 с. (кітап)
5. Интернет-ресурс Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Электрондық ресурс]. – 2018. - // www.stat.gov.kz. – (интернет көздері)

ҒТАМР 10.86.31

ИЗРАИЛЬ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ЖОЛ КӨЛІК ОҚИҒАСЫНЫҢ ОРНЫН ТЕКСЕРУ КЕЗІНДЕГІ ҚОЛДАНАТЫН НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

О. СПАНОВ

*Ақтөбе өңіраралық сот сараптамалары орталығы, Ақтөбе,
Қазақстан*

Аннотация Данная статья посвящена вопросам организации исследования дорожно-транспортных происшествий в Государстве Израиль. Проанализированы характерные особенности проверки места происшествия, особое внимание уделено различным методикам и способам осмотра и изучения места дорожно-транспортного происшествия. Автор статьи подробно и тщательно описывает следственные действия израильской полиции на месте аварии, использование современных технических средств в процессе осуществления экспертной деятельности. Автором обоснована необходимость внедрения в отечественную практику экспертной деятельности передовой опыт израильских экспертов. В статье особо указана важность применения современных передовых технологий для усовершенствования методов и способов проверки и исследования места дорожно-транспортного происшествия.

Ключевые слова: исследования дорожно-транспортных происшествий, методики осмотра, действия израильской полиции

Annotation. This article is devoted to the organization of road traffic accidents research in Israel. Special attention is paid to various methods and techniques of scene inspection. The author of the article extensively describes the investigative actions of the Israeli police at the place of the incident, using of modern technical means in the process of forensic activities. The author substantiates the necessity of introduction of the advanced experience of Israeli experts into the domestic practice. The article indicates the importance of the use of modern equipment to improve the methods of inspection and investigation of the site of road traffic accident.

Key words: road traffic accidents research, inspection procedures, Israeli police actions

Бұл мақала Израиль Мемлекетінде жол-көлік оқиғаларын зерттеуді ұйымдастыру мәселелеріне арналған. Оқиға орнын тексерудің сипаттамалық ерекшеліктері талданған, жол-көлік оқиғасы орнын қарау мен зерттеудің әрқилы әдістемелері мен тәсілдеріне ерекше назар аударылған. Мақала авторы израильдік полицияның апат орнындағы тергеу іс-әрекеттерін, сарапшылық іс-қимылды жүзеге асыру үрдісінде заманауи техникалық құралдарды пайдалануды егжей-тегжейлі және мұқият мазмұндайды. Израиль сарапшыларының алдыңғы қатарлы тәжірибесін сараптамалық қызметтің отандық тәжірибесіне енгізу қажеттілігі автормен негізделген. Мақалада жол көлік апаттары орын алған жерді тексеріп зерттеуге қолданылатын әдістер мен тәсілдерді жетілдіру үшін заманауи үлгіде озық технологияларды пайдаланудың маңызы зор екендігі ерекше атап өтілген.

Түйінді сөздер: жол-көлік оқиғаларын зерттеу, тексеру рәсімдері, Израиль полициясының әрекеттері

Соңғы уақытта әлем бойынша жол көлік апаттарының орын алуы жиілей түсуде. Сол себептерге байланысты Республикада жол көлік оқиғаларының орын алу жағдайларына

сәйкес жүргізілетін сараптамалардың, оның ішінде, жол көлік оқиғаларының жағдайларына, көлік құралдарының техникалық жағдайларына және сот көлік трасологиялық сараптамалық зерттеулерінің сандары қарқынды екпінмен артуда.

Біздің, Ақтөбе өңіраралық сот сараптамалары орталығының жол көлік оқиғаларына қатысты өткізген сараптамаларының көрсеткіш саны 2017 - ші жыл бойынша 525 - ті, ал 2018 - ші жылдың алты айында 295 - ті құрады. Бұл көрсеткіштер жыл сайын сараптама тағайындаудың өсу үстінде екендігін көрсетеді.

Осы жылдың маусым айының 03 – 20 аралығында республика бойынша жол көлік оқиғаларының жағдайларын зерттеу сараптамаларын жүргізетін сарапшылардың бір тобы болып Израиль мемлекетінің, Иерусалим қаласында орналасқан «The Madid Institute» оқу орнына білім жетілдіру курсына жіберілгенбіз. Жалпы халықаралық статистикалық мәліметтерге сәйкес, әрбір 100 мың шақырымға шаққанда біздің елімізде 24,2 адам, ал Израиль мемлекеті бойынша 5,8 адам қаза болады екен. Бұл көрсеткіш Израиль мемлекетінің жол көлік оқиғаларын сараптауда, оның алдын алуда көш ілгері дамып кеткендігінің дәлелі. Білім жетілдіру курсына осы саладағы тың жаңалықтар мен сараптама өндірудегі әдіс - тәсілдер жете түсіндірілді.

Курста жалпы жол көлік оқиғаларының жағдайларын зерттеуде, орын алған жерді қарау маңызды роль атқаратындығына жіті назар аударылды. Көлік апаттары орын алған жерге зерттеулер жүргізуде, біздің елде қолданысқа енгізуге қажетті Израиль мемлекетінің полицейлерінің көптеген оң тәжірибелері бар. Израиль мемлекеті бойынша арнайы мамандандырылған жол көлік оқиғасын тергеу жөніндегі топ полицейлері, жол көлік оқиғасы орын алған жердегі тиісті қарау, тексеріс, тергеу амалдарын жүргізгеннен кейін, сол жерде, сол мезгілде соқтығысуға ұшыраған көлік құралдарының зақымдануларын зерттей отырып, тиісті сараптамаларды жүргізіп, зерттеу нәтижелеріне сәйкес қорытындылар жасалынады.

Жол көлік оқиғасы орын алған жерді тиянақты, объективті, жан жақты қарау, көлік құралдарының соқтығысулары орын алған жерді нақты дәлірек анықтауға септігін тигізеді. Алдымен көлік жүргізушілерінің көрсетулері еске алынады, содан соң соқтығысу орын алған жердегі көлік құралдарынан қалған дөңгелек іздері сызбаға түсіріледі (тежеу іздері, тайғанау іздері, жәй дөңгелек протекторларының таңбаланып түскен іздері және тағы да басқа жағдайларда түскен іздер). Автокөлік іздері тиісінше түсу ерекшеліктеріне сай классификацияланып, дұрыс талданады.

Автокөліктің алдыңғы дөңгелектерінен қалған тежеу іздерінің екі жақ шеттерінің дөңгелектердің жалпақтықтарына сәйкес келетіндей қою, ортасының ашық кара түсті, ал артқы дөңгелектерінің тежеу іздерінің ортасының қою кара түсті болып, ал мотокөліктің

алдыңғы дөңгелегінен қалған тежеу ізі, дөңгелектің өте қою қара түсті, артқы дөңгелектің тежеу ізіне қарағанда жіңішкеуе келетіндігі, ал артқы дөңгелегінің тежеу ізінің бұралаңдап ашық қара түсті болып түсетіндіктері ескеріледі.

Дөңгелек іздерінің автокөлік жылдамдықты үдете бастаған кезде, не тайғанақтау кезінде, ішіндегі ауа қысымы аз не көп болған, көліктің жүктілігі шамадан тыс артық болған кездерінде түскендіктері анықталынады. Автокөлік жаяу жүргіншіні басып кеткен жағдайда, жаяу жүргіншінің киіміндегі дөңгелек іздері идентификацияланады. Автокөлік салмақты жаяу жүргіншіні тежеулі жағдайда алдыңғы жағымен соққан кезде, тежеу ізінің соққы сәтіне келген жерінің жалпайып кететіндігі есепке алынады. Жаяу жүргіншінің соққы орын алған жерге қатысты орналасуына және де алған дене жарақатының автокөлікке жанасуға түскен ерекшеліктеріне сәйкес, соқтығысқа дейінгі оның нақты қозғалыс бағыты мен траекториялары анықталады.

Сондай – ақ асфальт жол үстіндегі жаңадан соқтығысудың салдарынан пайда болған, жырылып зақымданған жерлер белгіленеді. Ол жырылған жерлер қай автокөліктің, қай бөлшегінің жолдың жүріс бөлігімен үйкелісінің салдарынан пайда болғандығы және соқтығысудың салдарынан көлік құралдарынан бөлектеніп кеткен деталдар мен бөлшектерден қалған іздер екендіктері нақтыланады. Асфальт бетіндегі жырылған жер терең, әрі қысқа болса, сол жерде соқтығысу орын алды деп, егер жырылған жер тайыз, әрі ұзын болса онда, ол зақымдануды соқтығысудан кейін болды деп топшылауға болады.

Тынық, желсіз ауа райының жағдайында жүргізілген эксперименттерге сәйкес, соғылған жаяу жүргіншінің бас киімінің соққы болған жердің айналасына радиусы 4 метр болатын маңайына ұшып түсетіндігі, ұсақ шаң тозаң, топырақтардың, көлік құралдарының деталдары мен бөлшектерінен түскен ұсақ сыртқы бояу қабаттарының орналасуы, соқтығысқан, не жаяу жүргіншіні соққан жерде қалатындығы ескеріледі. Сызбада барлық іздердің өлшемдері, басталып аяқталған шеттері жолдың элементтеріне қатысты байластырылады. Асфальт үстіндегі соқтығысудың салдарынан сынып шашылған заттардың көлемі мен орналасулары, егер болған жағдайда аққан сұйықтықтардың, майлардың бастап аға бастаған жерлері мен көлемі сызбада көрсетіледі. Асфальт бетіне төгілген аккумулятор электролитінің ұзақ уақыт бойы сақталынатындығы есепке алынады. Дөңгелек іздерінің қисайып бағытын өзгерткен жері, жоғарыда айтылғандай асфальт бетіндегі зақымданған іздердің орналасуы, көлік құралдарының алғашқы соқтығысуы орын алған жер болып есептелінеді.

Соқтығысудан кейінгі автокөліктердің нақты толық тоқтап орналасқан жерлері белгіленеді, автокөліктердегі алынған зақымданулардың, соқтығысу механизміне сәйкестігі

мен соқтығысу процессінен кейінгі тиісінше әр фазадағы ығысулары ескеріліп, олардың сәйкестігі орай, автокөліктердің соқтығысуға дейінгі және соқтығысудан кейінгі қозғалыс траекториялары анықталынады.

Жоғарыдағы көрсетілгеніндей дөңгелектерден қалған тежеу іздерін, автокөліктердің соқтығысуға дейінгі және соқтығысудан кейінгі толық тоқтағанша ауырлық нүктелерінің ығысу ара қашықтықтарын, соқтығысу механизмдерін дұрыс анықтай отырып, реконструкциялық моделдеу, автокөліктердің оқиға алдындағы жүріс жылдамдықтарын есептеп шығару үшін өте маңызды. Жол көлік оқиғасы орын алған жол бөлігіндегі көлік жүргізушілерінің жұмыс орнынан алдыңғы бағыттағы кедергілердің көріну ара қашықтықтары және жаяу жүргіншінің көлік жүргізушінің көзіне түсуінің мүмкін ара қашықтығының шамасы, сол жерде, сондай киімі бар жаяу жүргіншіні пайдалану арқылы анықталынады. Кейбір ауыр жүк көлігінің қатынасуымен болған жаяу жүргіншіні соғып кетуі кезінде, жаяу жүргіншінің жүргізушінің көзіне түспей, «өлі аймақта» болуының мүмкіндіктері тексеріледі.

Жоғарыдағы анықталынуға тиісті мәліметтер жол көлік оқиғасының жағдайындағы автокөлік жүргізушісінің апатты болдырмауы жөніндегі техникалық мүмкіндігінің болған – болмағандығына тиісті есептеулер жүргізу үшін өте қажет. Жол көлік оқиғасы орын алған жердің бөлігі фотогеометрия заңдылықтарымен суреттерге түсіруде, Голландиялық «GPS» жүйесі пайдаланылады.

Барлық соңғы үлгідегі автокөліктердің «EDR» жүйесінен «CDR» модулін қауіпсіздік көпшігіне жалғау арқылы, компьютерге қарастырылып отырған жол апаты сәтінде, автокөлік тежеу берген бе? бермеген бе? бұрылыс жасады ма не бұрылыс жасамай төтесінен қозғалып келген бе? қапталдап таю процессінде болған ба? дегендей көптеген мәліметтер алынады.

Автокөліктің рульдік басқару, тежеу, жарық беру жүйелерінің, айналарының, әйнек тазалағыштары мен дөңгелек аспаларының, дөңгелектері мен тіркемесінің техникалық жағдайлары тексеріледі. Барлық тестілеу жолымен анықталынған мәліметтер, кезең – кезеңмен жазбаша түрде тиісті формаларға толтырылып отырылады және де сәйкесінше кезең – кезеңмен суреттерге түсіріледі. Тестілеу нәтижесінде алынған кейбір техникалық жараксыздықтардың, орын алған уақыты (жол көлік оқиғасына дейін бе, әлде соның салдарынан ба, не одан кейін бе) анықталады.

Кейбір жүйелердің аяқ асты өз функциясын атқармай қалып істен шығуы, оның ішінде – дөңгелектің кенеттен жарылуы, тежеу, рульдік басқару, дөңгелек аспалары және сыртқа жарық беру тағы да басқа жүйелерінің кенеттен жасамай қалуы тексеріледі. Дөңгелектердің өте төменгі, не өте жоғарғы қысымдағы үрленген ауамен ұзақ уақыт пайдалануы, дөңгелектің аяқ асты жарылып кетіп, автокөліктің қисаюына, өз бағытынан ауытқуына

әкеліп соқтыруы мүмкін. Күдік болған жағдайда дөңгелекке сараптамалық зерттеу жүргізіледі.

Автобустардың не жүк көліктерінің қатынасуларымен орын алған ірі, күрделі жол көлік апаты кезінде, тахографтары оқу үшін ағытылынып алынады. Тахографты шешіп алып оқу (1996 жылдан бері Израильде 8 + 1 орындық жолаушы таситын кіші автобустардан бастап, жүк көтергіштігі 3,5 тоннадан басталатын барлық жүк көліктерінің тахографсыз жүруіне тиым салынған) көлік құралының жол апаты сәтіндегі қозғалыс жылдамдығын, соқтығысу сәтінің дәл орын алған уақытын, сол күнгі жүргізушінің автокөлікті жүргізген уақытының ұзақтығын, іс – қимыл әрекетін барынша дәл анықтауға септігін тигізеді.

Жүргізуші оқиға орнын тастап кеткен уақытта соттың санкциясы арқылы күдіктінің барлық телефонмен сөйлескен сөздерінің детализациясы алынып, сол сәтте күдіктінің қай жерде болғандығы анықталынады.

Жаяу жүргіншіні соғып кеткен жағдайда, жүргіншінің аяқ киімі айғақтық зат ретінде алынып, табанындағы, өкшесіндегі жол бетімен үйкеліске түскен іздердің ерекшеліктері, пайда болу жағдайы зерттелінеді.

Оқиға орын алған жердің маңайындағы, айналасындағы барлық камералар мен бейнебақылау жазбалары жинақталынады.

Жол көлік оқиғалары жиі орын алатын жол бөліктерінде бейнебақылау камералары көптеп орналастырылған. Және де әрбір орын алған жол көлік оқиғасының себеп - салдары нақты анықталынып, тиісті құзырлы органдарға ескертпе хаттар жолдаулар арқылы, кемшіліктер уақытылы жойылып, түзетілініп, жол көлік оқиғасы орын алғанның өзінде де салдары төменгі дәрежеде болатындай жағдайға, жол көлік оқиғасының алдын алудың профилактикалық шаралары жүзеге асырылып отырылады.

Жол көлік оқиғасы орын алған жерде қауіпті жағдайда орналасқан кедергілер, инфраструктуралық құрылыстар (жол белгілері мен элементтері, бордюрлер т. б.) анықталса, тиісті құзырлы мекемелерге ескерту беріледі. Кейбір инфраструктуралық құрылыстардың ұшты не өте қырлы бастары қосымша құрылыстар арқылы қауіпсіздендіріледі, ал қауіпті аймақта орналасқан кедергілер мен құрылыстар қауіпсіз аймақтарға көшіріледі.

2003 – ші жылдан бастап Израиль полициясы жаңа үлгідегі маркасы «VERICOM – VC 3000» өлшеуіш құралын пайдаланып келеді. Бұл есептеуіш – көлік құралдарын тестілеудегі ең үздік технологиялық өлшеуіш құрал. Қондырғы қолдануға оңай, ыңғайлы әрі қарапайым. Нәтижелерді тез, әрі жылдам есептеп береді. Қондырғы өте дәл компьютерлік есептеулерге негізделген, автокөліктің қозғалыс жылдамдығының өзгерістері, баяулауын не ұшқырлығын

тез анықтай біледі. «VERICOM – VC 3000» өлшеуіш құралы хрустальды сағатты пайдалана отырып, математикалық процесстердің көмегімен «G – force» жөніндегі және қозғалыс жылдамдығының уақыты мен ара қашықтығы жөніндегі мәліметтерді ескереді. 1 секундта 100 есе жылдам есептеулер жүргізетін қуатты құрылғы.

«VERICOM – VC 3000» өлшеуіш құралын пайдалану арқылы, автокөліктің тежеулі жағдайы тестіленеді, жол көлік оқиғасы орын алған жердегі жол бетінің үйкеліске түсу коэффициенті анықталынып, көлік құралының тежеу мүмкіндігіне саралау жасалынады. Тестілеуден кейінгі белгілі болған мәліметтерді қондырғының экранынан не болмаса графикалық дисплейінен көруге болады. Мәліметтер 21 минутқа дейін сақталынады. «VERICOM – VC 3000» өлшеуіш құралы сараптаманы нақты жасауға бағытталған саладағы тың жаңалық болып табылады.

Автокөліктерді тежеуге эксперименттер жасау кезінде, қай жерден бастап тежеу қолданылғанын, көлік жүргізушісінің тежеуге әрекет жасауға кететін уақыты мен тежеу жүйесінің тежелінуінің кешігуінің уақытын анықтау мақсатында, автокөліктің артқы бамперіне бекітілетін, аяқпен тежеу басқышына бағындырылған датчик арқылы іске қосылатын «тежеу пистолеті» пайдаланылады.

Сондай – ақ, тежеліну күші мен негізгі тежеу жүйесінің функциональдық қызметін атқару жөніндегі мәліметтерді алу мақсатында, «Motomtr» маркалы өлшеуіш құралы қолданылады. Эксперимент кезінде алынған мәліметтер қағаз бетіне графика түрінде шығарылады.

Израиль полициясы оқиға орнын қарау барысында, жол көлік оқиғасының орын алуына себеп болған факторларды анықтайды. Жалпы жол көлік оқиғасының орын алуына себеп болушы факторларға, біріншіден - автокөліктік - көлік құралының өлшемдері, ауырлық нүктесінің орналасуы, дөңгелегінің жол бетімен үйкеліске түсу коэффициенті, көлік құралдарына әсер етуші күштер, көлік құралының тежеу жүйесі, дөңгелектері, жарық беру жүйесі, сыртқы айналары, барлық жүйелерінің бүтіндігі, қауіпсіздік және де қосымша технологиялары, екіншіден – адами – жүргізушінің физиологиялық мінез құлқы, оның қандай – да бір жүйені күтудегі шектеулілігі, басқа жүргізушілермен өз - ара көлігін басқаруы, үшіншіден – табиғи – ауа – райының қолайсыз жағдайлары (күшті жел, дауыл, боран, жауын – шашын т.б.), төртіншіден – инфраструктуралық - жол белгілерінің көп, бірнеше болуы тағы да басқа жол бойында кездесетін кедергілерге баса назар аударылады.

Халықаралық статистика мәліметтеріне сәйкес адами факторлардың салдарынан орын алатын жол көлік апаттарының 95 пайызы, қалған факторлардың салдарынан 5 пайызы орын алады екен.

Израиль полициясының жол көлік оқиғаларын зерттеу жөніндегі ұлттық департаменті бөлімінің мамандары өздері оқиға орнын қарап тексерістерін жүргізеді және сол жерде сараптамалық зерттеулер жүргізіп, сараптама қорытындыларын есеп түрінде береді, бұл ол елдің заң талабы.

Сараптамалық зерттеулер жүргізетін сарапшы жол көлік оқиғасы орын алғаннан кейін оқиға орнын қарау, тексеру амалдарына өзі қатынасқаны дұрыс, әйткенмен бізде осы мәселе ақсап тұр. Сонда сараптаманың да сапасы өте жоғары болары хақ. Елімізде орын алған ең болмаса ірі жол көлік апаттарының орнына сарапшының қатынасуы заңдастырылса дұрыс болар еді.

Израилдегі білім жетілдіру курсы сарапшы әріптестерімізді көптеген жаңашылдықтарға үйретіп, Израиль университетіндегі ғылыми жетекшісі профессор Ави Домның, автокөлік жол көлік оқиғаларының сараптамалары шеңберіндегі инженер, израиль полициясының полковнигі Меир Ордың, жол көлік оқиғасының сараптамаларын автоматтандыру технологиялары жөніндегі сарапшы Дэвид Хамеридің, автокөлік қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі сарапшы инженер Эдриан Валенти Кортустың және жол көлік оқиғалары жөніндегі заңгер кеңесшілер Семо Бенджаминнің, Элияху Бармидің берген дәрістері, жол көлік апаттары орын алған жерді тексеріп зерттеуге қолданылатын әдістер мен тәсілдерді жетілдіру үшін, заманауи үлгіде озық технологияларды қолданудың маңызы зор екендігін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кристи Н.М. Методические рекомендации по производству автотехнических экспертиз. – М, 1971. – 250 с.
2. А.И.Булатов. Анализ дорожно-транспортных происшествий. Д.Коолинз., Д.Моррис., редактор. – Москва, 1971 г: Издательство «Транспорт», - 305 с.
3. Транспортно-трасологическая экспертиза по делам о ДТП. Выпуск 1, 2, под редакцией Корухова Ю.Г. М., 1977, 1988. – 300 с.
4. Бычкова С.Ф., Куттыкожанов Ж.Г., Рехсон С.Н. Методические аспекты проведения интегративных экспертных исследований по установлению механизма о ДТП. Экспертная практика (сборник методических рекомендаций) выпуск VI. Алматы, 2001 г.
5. Евтюков С.А., Васильев Я.В. Экспертиза дорожно-транспортных происшествий. Справочник. – СПб: Издательство ДНК, 2006. - 536 с.
6. Использование специальных познаний в расследовании дорожно-транспортных происшествий / Под общ. ред.: к.т.н. А.М. Кривицкого и к.ю.н. Ю.И. Шапорова. - Мн.: Харвест, 2004 г.

7. Расследование дорожно-транспортных происшествий. Под общей редакцией Федорова В.А., Гаврилова Б.Я. – М.: «Экзамен», 2003. – 464 с.
8. Ю.Б.Суворов., Судебная дорожно-транспортная экспертиза.
9. Техничко-юридический анализ причин дорожно-транспортных происшествий и причинно-действующих факторов, Учебное пособие, Издательство «ПРИОР», Москва 1998 год, Московский автомобильно-дорожный институт (технический университет).

МРНТИ 10.09.01

ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

А.К. КУРМАНОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Статья рассматривает содержание института «Суд биев» в казахском обычном праве. Данный институт являлся органом, который участвовал в разбирательстве гражданских и уголовных дел. При этом рассматривается вопрос о становлении первоначальных этапов судопроизводства в зависимости от категории рассматриваемого дела и устанавливается состав «судей». Кроме того, в работе приведены вопросы о процессуальном положении субъектов судопроизводства, в том числе и сторон судебного разбирательства. Поднимается вопрос о статусе представителя и его участии в осуществлении защиты интересов истца и ответчика. Интерес вызывают стадии ведения судебного разрешения спора. В статье выявляются особенности деятельности института «Суд биев» для разрешения различных категорий дел и степень юридической силы решения, вынесенного данным судом.

Ключевые слова: суд биев, спор, представитель, истец, ответчик, судебный процесс, судебное решение, разбирательство.

Аңдатпа. Мақалада «Билер алқасы» институтының қазақтың әдет-ғұрыптық құқықтағы мазмұны қарастырылады. Бұл институт азаматтық және қылмыстық істер шешуде қатысқан орган болды. Сонымен бірге, сот талқылауының бастапқы сатыларын қалыптастыру қарастырылып жатқан істің санатына бойынша және «судьялардың» құрамына байланысты сұрақ қарастырылады. Сонымен қатар, ғылыми жұмыста сот өндірісінің субъектілерінің, сонымен қатар процеске қатысушылардың процессуалдық жағдайы туралы сұрақтар көтерілді. Өкілдің мәртебесі туралы және оның шағымданушы мен жауапкердің мүдделерін қорғауға қатысуы туралы мәселе көтеріледі. Дауды сот шешуінің жүргізу кезеңдері қызықтырады. Мақалада «Билер алқасы» институт қызметінің әртүрлі істер бойынша ерекшеліктері және осы сот қабылданған шешімнің заңды күшінің дәрежесін анықтау айқындалады.

Кілт сөздер: сот алқасы, дау, өкіл, талапкер, жауапкер, сот процесі, сот шешімі, талқылау.

Annotation. This institute was a body that participated in civil and criminal cases. At the same time, the question of the formation of the initial stages of legal proceedings is considered depending on the category of the case under consideration and the composition of the “judges” is established.. In addition, the work contains questions about the procedural position of the subjects of the proceedings, including the parties to the

proceedings. The question of the status of the representative and his participation in the implementation of the protection of the interests of the claimant and the defendant is raised. Of interest are the stages of the judicial resolution of the dispute. The article identifies the peculiarities of the activity of the Institute "Court of Biys" for resolving various categories of cases and the degree of legal force of the decision made by this court.

Keywords: biy court, dispute, representative, claimant, defendant, judicial process, court decision, proceeding.

Қазақ халқы тәуелсіз ел болған кезеңнен бастап ерте кездегі мемлекетті басқару тәжірибелеріне аса көңіл бөле бастады. Әрине, ата-бабаларымыздың елді басқарудағы және құқықтық қатынастардағы дау-дамайларды шешуде ұрпақтарына деп қалдырып кеткен үлгі-өнеге, тәжірибелеріне аса көңіл бөліп, оны жандандыруға деген ұмтылыс бірден-бір дұрыс жол болып табылады. Өйткені, қазіргі кезде елімізді өркениетті елдер қатарына қосу жолында және шынайы құқықтық мемлекет болуда, өзіміздің ұлттық болмысымыз бен ұлттық құқықтық мәдениетіміздің, салт-дәстүрлеріміздің ізгі көріністерін ескергеніміз абзал.

Жалпы ой таразысына салар болсақ, қазақ жері Ресей өкіметінің отарлау саясатының құрсауына түскенге дейін хан мен сұлтандар, билер тек қана қоғамдық қатынастардағы дау-дамай, жанжалды ғана емес, сонымен қатар елдік, рулық, азаматтық мәні бар мәселелерді кең көлемде шешіп, әділ билік айтып отырғанын аңғарамыз.

Қазақ қоғамындағы құқықтық қатынастарда яғни сот мәселесінде, жер дауы, құн дауы, жесір дауы және т.б. дауларды қарауда негізінен хан мен билер өз басымдылығын көрсетіп отырды. Ол жөнінде белгілі заңгер ғалым Т.М.Культелеев: "...специальным органом разбивавшим уголовные и гражданские дела всех основных категорий, был так называемый суд биев",-десе [1, 62], сол сияқты бір топ заңгер зерттеушілер осы пікірді қолдай келе: "...суд биев являлся основной судебной властью", - деген тұжырым айтады [2, 80].

Қазақ қоғамында негізінде істің қаралуы екі сатыға бөлінген: біріншісі, екі дауласқан жақ дау төрағалық етушіге (хан немесе билер тобы) істі қарауына дейін, өзара келісіп дауды шешуге қимыл - әрекет жасайды. Әдеттік құқықта оны "бітім", "береке", "салауат" деп атаған. Ал екінші сатысы "жүгініс" деп аталған.

Қазақ халқының әдет-ғұрып құқығын зерттеуші заңгер ғалым Сакен Өзбекұлы бұл институттарды былай түсіндіреді:

"Бітім" - екі жақтың өзара келісімі арқылы, сөз жүзінде даудың аяқталуы. Бітімнен кейін билерге істі қарауына құқық берілмейді. Себебі, бітімді, өзара келісімді бір жақты бұзу сөзде, сертте тұрмау - жалпы ар - ожданның жоқтығының белгісі.

"Береке" - айырбас немесе сатып алу туралы сөз жүзінде шарт жасау. Өзіндік мүдделерін қанағаттандыру. Жалпы қазақтың әдеттік құқығында "береке" институты барлық келісім, шарттардың негізі болған.

“Салауат” - немесе кешірім - дауласқан екі жақтың бір - біріне талап қоюдан бас тартуы, яғни кешірім беруі. Кешірім жасау ауыл, ел, ру ақсақалдарының қатысуымен өтетін болған [3, 42-43]. Негізінен “...салауат, яғни, уақыт мәртебесіне беріп, ұмытуға салу және соның негізінде дауларды бітіру. Салауатпен бітіскендер болашақта қайта дау көтеруге, айып сұрауға хұқы жоқ болған” [3, 72].

“Жүгініс” - яғни рулар арасында болған даулар мен қақтығыстарды хан және билердің алқалық құрамымен қарауы. Негізінде бұл институт қауымдық демократияның бір нышаны ретінде танылады және оның тәртібі бойынша екі жақтың келісімімен, дауға ешқандай қатысы жоқ өзінің әділеттілігімен ел көзіне түскен, ақыл - парасаты жоғары, яғни “ала жіпті аттамаған” “ара би” сайланады. Ол істің барлық мән - жайын алқалық құрамындағы ханға немесе билерге баяндайды, екі жақты бітімге келуге шақырады. Бітім болмаған жағдайларда дау бойынша төрағалық етуші ұсынылған барлық дәлелдерді таразыға сала отырып, өздерінің билігін айтады. Даудың соңы “ала жіп” кесу рәсімімен аяқталады. [3, 42-43]

Дәстүрлі қазақ қоғамында сот процесі басталу үшін айыптаушы немесе жәбірленуші өзі таңдаған ханға немесе биге барып, өзінің дауын айтып шағымданса жеткілікті болды.

Сот дауды қарағанда сотта төрағалық етуші адамның бірінші мақсаты бітімге қол жеткізу еді. Яғни, дауласқан, араздасқан жақтарды жұрт алдында келістіріп, бітімдестіру. “Дау мұраты-бітім”, - дейді қазақ. Бұл көшпелі қазақ қоғамындағы сот процесінің негізінде жатқан басты принциптің бірі және оның айшықты да әсем көмкерілген нұсқасы еді.

Сот процесінде қай-қай адамда төреші бола алды. Дегенмен дау бойынша төреші болатын адам қазақтардың едет – ғұрып құқығын жетік білетін болу керек. Дауды мәні бойынша қарау үшін зәбір көрген адам белгілі бір адам үстінен өзіне қандай-да бір шығын келтіргендігі турасында шағымданса жеткілікті еді. Арызданушы адам ұзақ уақыт өткендігіне қарамастан қандай да бір әрекеттің өзіне залал тигізгені үшін шағымдана алады. Мұндай жағдайда арыздану-шының құқығы қандай да бір белгіленген уақыт аралығымен шектелмеді. Ол жөнінде Н.Маковецкий мынандай пікір білдіреді: “...строго определенного понятия о давности, как об институте гражданского права киргизы не имеют всякое право, нарушенное хотя бы в незапамятные времена, может быть восстановлено, если только есть ясное доказательство его”, - деген сөздері жоғарыда көрсетіп кеткен ойымызды дәлелдей түседі [4, 38]. Алайда, өткен заманда дауды қарауда елу жылға дейін уақыт мерзімі болғанын байқауға болады. Мұны халық аузында жүрген “Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” деген накыл сөзіне қарап та айтуға болады. Осыны ескерген билер ұзақ уақыт өткен дауға “ескі дау” деп қарап, негізінен ондай даулар алдына келген жағдайда екі дауласушы жақты келісімге келтіру арқылы немесе жоғарыда келтіріп кеткен бітім және салауат сияқты институттармен істерін бітіріп отырған.

Айыптаушы жаққа дау бойынша төреші адамды таңдауда қандай да бір шектеу қойылмаған. Ол өзі танитын, сенетін, білетін биге немесе мүлдем таныс емес биге барып, өзінің дауын айтып шағымдануға ерікті. Бірақ та жауап беруші жақ айыптаушы таңдаған бидің әділеттігіне күмән білдіруге себептері болса, онда биді ауыстыруға құқылары болған. Осыған байланысты, билер дауласқан екі жақтың адамдарының өз қалаулары бойынша сайланды. Егер би тек бір жақтың қалауымен таңдалынса, шығарған билік әділетсіз деп танылып, іс қайта қаралады. Мұндай екі жақпен бірігіп отырып би таңдаудың құндылығы, жеңілген жақ қанша өз мүддесіне қарама-қайшы келетін билікті естісе де, әділеттігіне күмәні жоқ, себебі өз қалауымен сол биге билік айтуға құқық берді. Ал егер де айыптаушы таңдаған бидің әділеттігіне жауап беруші де сенім білдірсе, онда би таңдау осымен аяқталып, сот процесі басталып кететін.

Егер дауласушы екі жақ бір-біріне рулық байланысы болмаса, ондай жағдайда би екі жаққа да жақын болмауы керек. Егер олай болмаған жағдайда екі жақтың біреуі оны (биді) дауда әділ шешім айтпайды деген күмәнмен істен аластатуы мүмкін. Мұндай жағдайда дауласушы жақтың бір жағы болып қатысып отырған руласы үшін би сот ісіне тек қана қорғаушы ретінде ғана қатыса алды. Дауда дауласушы жақтар бірдей билер тобын шығарып отырды. Осы шыққан билер бірігіп отырып өз араларынан немесе көп жағдайда сырттан өздеріне дауды шешуде төбе билікті айтатын төбе биді белгілеген және екі жақ та оны (төбе биді) сыйлауға және оның дау бойынша шығарған билік шешіміне тоқтауға, ол шешімді өз жағынан орындауға келіскен.

Қазақ әдет – ғұрып құқығындағы сот процесінің бір ерекшелігі оның жариялығы мен ашықтығы. Қандай да дау болмасын, билер оны қараған кезде жариялықты және сот ісінің ашық болуын қамтамасыз етіп отырды. Бұл жөнінде қазақ әдет-ғұрып құқығын және билер сотын ертеректе зерттеген ғалымдар сот процесінің ашық және жариялық түрде жүргізілетінін атап айтты. Солардың бірі И.Козлов өз жазбаларында: “...киргизский суд-гласный, публичный, совестный и мировой. Гласность суда обуславливается его публичностью”-десе [5, 225], ал Л.А.Словоохотов “Народное судопроизводство киргиз гласно, публично, непродолжительно. Долгими годами своей жизни народ выработал своеобразную, но вполне ему понятную структуру судебных процессов. Обойдя столь вредный для правосудия бюрократические элементы и создал состязательный процесс народно - семейного характера”, - деді [6, 83]. Айтылған ойларды белгілі заңгер ғалым С.Өзбекұлы әрі қарай дамыта келе, мынадай пікір айтады: “... решения казахских биев принимались открыто, гласно, и суд совершался прилюдно. Поэтому все моменты процесса проходили перед глазами участников и свидетелей. Запрещалось рассматривать дела в

закрытом совещании” [7, 55]. Сот процесінің жариялылық және ашық түрде жүргізілуі ертеден келе жатқан дәстүр болып табылды. Сондықтан да қазақтың әдет-ғұрып құқығында жабық сот процесі /мәжілісі/ деген ұғым мүлде болмаған. Сот процесінің ашық та, жариялылық түрде жүргізілуі, сот процесіне екі дауласушы жақтың өкілдерінің қатысуы және де сот шешімінің дұрыстығын халықпенен талқыға салуы, бұл билер сотындағы сот процесінің әділетті өтуіне үлкен септігін тигізіп отырды. Сол себепті де, белгілі бір дауды шешуге екі дауласушы жақпен төреші болып танылған бидің өзі де сот процесіне басқа да билерді немесе ел ішіндегі игі жақсыларды шақыртып, қатыстыртып отырды. Олар дауда шешім шығармаса да өздерінің қатысуымен шығарылған билік шешімнің әділеттілігін және заңдылығын қамтамасыз етіп отырды.

Билердің дауды қарағандағы тағы бір ерекшелігі бұл дау-жанжалдарды шешкенде қара сөздің, тілдің көмегімен шешуі. Ерте кезден қазақ халқы сөз қадірін пір тұтқан, соған байланысты “тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады”, “сөз тапқанға қолқа жоқ”, - деген тұжырымдарды дәл тауып айтқан. Осы сияқты, дау да “дауды шешен бітірмейді, шебер бітіреді”, - деген қазақ халқы сот процесінде де осы сөз өнерінен айналып өткен жоқ. Қандай дау болмасын құн дауы, жер дауы, жесір дауы, мал-мүлік дауы, ар-намыс дауы және т.б. дауларда әрқашанда билердің сөз жарыстыруымен бейнеленеді. Мұның өзін белгілі заңгер, академик С.Зиманов: “...разрешения споров и конфликтных ситуаций, судебное разбирательство непременно предполагали состязание в красноречии. Нередко правым и в почете оказывался тот, кто был более красноречив. Вот почему, как правило, представлять интересы аульной общины и рода призывались не только влиятельные люди, но и рядовые кочевники, владеющие словом”, - десе [8, 11], ал З.Кенжалиев: “Қазақ қоғамындағы сот процесі халықтың ауызша сөйлеу мәдениетінің деңгейін, соның талап -тілегін ескеріп отыруға мәжбүр еді” дей келе, “сот процесіне қатысуға тек сөз өнерін жетік меңгерген кісі ғана жіберілетін”, - деген сөздері айтқан ойларымызды нақтылай түседі [9, 59].

Демек, сот процесіндегі сөз сайысы билерге ғана тән болған, сонысымен, билер қарама-қарсы жақтың құқық, заң саласындағы біліктілігін сыннан өткізген. Міне, осындай сайыстан жеңген жақ дауда да өз басымдылығын көрсеткен.

Сот процесі басталғанда тараптар бидің алдында даудың қалай басталғанын және қалай болғандығы жөнінде өз ойын ортаға салады. Мұнда әрбір дауласушы жақ сот саласындағы белді қағида болып саналатын “жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлеу” деген принципке сүйеніп отырды. Бұл принцип сот процесіндегі пікірталастың, сөз жарысының шектелмеуіне, оның мейлінше еркін және жан-жақты болуына дауласушылардың өз мүдделерін қорғау барысында бар мүмкіндікті пайдалануға бағытталған еді. Мұның себебі де

түсінікті еді. Өйткені би даулы мәселені шешкенде, шындықты табуға, екі жақты бітімге келтіруге тырысады.

Дауда бірінші сөз шағымданушы жаққа беріледі, ал одан кейін би жауап беруші жаққа сөз береді, ал ол өз кезегінде өзіне қарсы айтылған айыптаулардың әділеттігіне толықтай немесе жартылай мойындаса және келтірген залалдың орнын толтыруға дайын екендігін айтса, би бірден екі жақты келісімге келтіріп бітім жасауға кірісіп кеткен. Ал егерде жауап беруші жақ айыптауларды негізсіз десе, онда сот процесі істі қараудың келесі сатысына көшті. Мұндай жағдайда айыптаушы жақта та, жауап беруші жақта та, өз куәлерін келтірген, егер ондайлар болса. Куәлер өздерінің сөздерімен белгілі-бір жақтың сөздерін мойындап немесе теріске шығарып отырды. Куәлер өздерінің көргенін, білгенін және естігенін сот алдында ашық та анық, тіке де тура, ешкімнен қаймықпай айтуға ерікті әрі міндетті болды. Негізі, билер куә болуға барлық адамды жібере бермейтін. Куә бола алмайтындар қатарына әйелдер, жасы он беске толмағандар, ақыл есі толық емес адамдар және осыған дейін өтірік куә бергені үшін ұсталғандар, төлеңгіттер мен құлдар, сонымен қатар баласы-әкесі үшін, немересі-атасы үшін яғни жақын туысқан адамдар сотта куә бола алмады. Ал көрсетілгендерден басқа адамдар сотта куә бола алды. Бірақ дауласушы жақтардың егер оған себептері болса, куәлерді қаралып жатқан даудан аластатуға құқылары болды. Мұндай себептерге мыналар жатты: куәге пара беру, туысқандық, айыптаушымен немесе жауап берушімен достығы немесе қастығы. Дәл осындай себептермен биді де дауды шешуден аластатуы мүмкін, бірақ та егер мұндай айыптаулар дәлелденбеген жағдайда айыптаушы жақ жазаға тартылды. Кей жағдайда, егер оған екі дауласушы жақ келіссе, куә болуға айыптаушы немесе жауап беруші жақтың руласы да бола алады.

Егер куәлерді келтіру арқылы істі шешу олардың жоқтығынан мүмкін болмаған жағдайда дауды елге беделді, танымал адамдардан ант алумен бітірген. Әдетте билермен “ант алып, ант беруді көпшілік жағдайларда: ер құны, жесір құны, ұрлық, жер дауы сияқты күрделі дау-жанжалдарда қолданылатын дәстүрлі заң” болған.

Егер де құныкер жағы адамның өлімін біреуден көріп құн талап етіп, сарапшылардың төрелігіне түскен кезде, жауапкер жағы мойындамай, ол да тиісті дәлелдерімен өзін ақтайтын болса, төреші би құн талап еткен жаққа талап еткен құнын алып беруге билік шығара алмайды, осыған байланысты төреші би жауапкерден “ант” алуға шешім шығарады.

Дауда билермен анттың екі түрі қолданылған. Біріншісі, жауап беруші адам қабылдайтын “ақтайтын” ант, ал екіншісі, шағымданушы жақтан қабылданатын ант “айыптаушы” немесе “теңдік” деп аталды. Бұлардың ішіндегі біріншісі көп қолданылған.

Өйткені, сот бойынша төрағалық етуші кішігірім дауларда егер қылмысын дәлелдейтін нақты айғақтар болмаған жағдайда жауап берушіден ант алу арқылы дауды бітіріп отырған.

Сот процесінің осы сатыларынан кейін бидің дау бойынша шығарған шешімін екі дауласушы жақ та әділетті деп тапса, онда дау бітті деп саналып, дау біткендігінің ырымы ретінде шағымданушы мен жауапкер орталарынан ала жіпті кестірген. Бұл екі жақтың бітімге келгенін және алдағы уақытта осы дау бойынша шағым қабылданбайтынын білдірген. Ал егер де дауласушы жақтың бір жағы бидің шығарған шешімімен қанағаттанбаса, ханға немесе басқа биге дау бойынша шағымдана алды. Ол жөнінде Максимов мынандай пікір білдірді: “...по древнему киргизскому праву решения биев вообще не подлежали обжалованию, разве только ханам” [11, 71]. Осыған байланысты хан немесе би дау бойынша шығарылған билік шешім әділетсіз деген шағым түссе, хан немесе билер тобы билік шешімді талқыға салып, егер билік шешім дұрыс берілген болса, шағымданушының талабын қарамай, қайтарып жіберген. Және де билік шешімді сол күйінде қалдырған. Олай болмаған жағдайда, яғни шағымданушының талабы негізделген болса, онда хан немесе билер тобы билік шешімді шығарған биді қастарына ала отырып, айыптаушы мен жауап берушінің қатысуымен істі қайтадан қараған. Дау қаралып жатқан кезде биді сыйламау, оған қарсы айқайлау және оны балағаттау, биді ұру, жарақаттау, өлтіру немесе өлтіремін деп қорқыту сияқты іс-әрекеттер дау бойынша төрағалық етуші адамның шешіміне әсер етті.

Дау бойынша қарайтын адам екі жақтың толық келісіміне дейін дауды қарауды тоқтатпаған. Егер де екі жақ өзара келіссе, онда дау сол уақытта тоқтатылған. Өйткені, дауда бидің негізгі міндеті дауласушы екі жақты өзара келісімге келтіру болды. Сондықтан да ол екі жақты татуластыруға бар күшін салды. Сонымен бірге, дауласушы екі жақ сот процесі басталмас бұрын би қандай шешім шығарса да көнуге келіскен соң, дау аяқталғаннан кейін, бидің шешімін айыптаушы да, жауап беруші де орындап отырған. Сот үкімін орындау дауды жеңіп шыққан жаққа жүктелді. Мұның өзі қоғамда атқарушы билік органдарының болмауымен байланысты болды. Егер де екі жақтың бірі бидің шешімін орындаудан бас тартса, онда екінші жақ шешімді орындату үшін заңды күштеу құралы “барымтаны” қолданған. Барымта бұл қазақтың әдет-ғұрып құқығының ерекше бір саласы болып табылады. Барымтаны М.Вяткин былай деп түсіндіреді: “...барымта являлась старым институтом, несомненно унаследованным от рядового строя. Это был набег на аул ответчика в целях возмещения нанесенного ущерба, когда ответчик не подчинялся приговору суда биев” [12, 117].

Барымта бұл түп негізінде жәбір көруші өз құқығының бұзылғандығына байланысты оның орнын толтыру үшін қарсыласының малын айдап әкетуден шыққан. Мұндай әрекет

дәйекті талаптан туындайтын ұйғарылған билік кесімінің орындалу мүмкіндігінің бір түрі болды.

Тәуке ханның “Жеті жарғысы” бойынша айыпталушы сот үкімін орындамағанда немесе ауыл ақсақалы даулы мәселені әділ шешуден бас тартып, қылмыстыны өз қорғауына алған кезде жәбірленушінің ауылдастарында, руластарында амалсыздан барымтаға баратын құқығы болған. Бұған байланысты А.Левшин мынандай пікір білдіреді: “Егер де жауап беруші билер сотының шығарған шешімін орындамаса немесе сол ауылдың ақсақалы даулы мәселені қараудан бас тартып, сонысымен жауап берушіге қамқорлық жасаса, ондай жағдайда ауыл ақсақалының рұқсатымен шағымданушы өз туған-туыс, көрші-қолаңдарымен жауапқа тартылушының ауылына жасырын барып, малын айдап әкеткен, бірақ бұл жөнінде шағым мен ақы үйлесімділігін қадағалайтын өз басшысына хабар беруге міндетті болған деді” [13, 370].

Қазақтың әдет-ғұрып құқығында барымтаны қарақшылық пен ұрлықтан ерекшелендіретін өзіндік түрлі белгілері бар. Мәселен шапқыншылықтың барымтаға саналуы үшін мынандай шарттардың орындалуы керек: 1/ барымтаға түнде емес, күндіз аттану керек; 2/ барымта жасалғаны туралы ашық айтылуы шарт; 3/ барымтаның мақсаты жасалынған нұқсанның мөлшері-ұрлық, кісі өлімі, жесір дауы және тағы басқа сол сияқты көрген зәбірдің орнын толтыратындай болуы қажет; 4/ би шешімі бойынша тиесілі ақысын жауапкер жағы зәбір көргенге қайтарып бермегенде, барымта жасалынатын болған.

Жалпы алғанда, қазіргі кезеңде Қазақстанда құқықтық, демократиялық, зайырлы мемлекет құрамыз десек онда біз осыған дейін ата - бабаларымыздың ел басқаруда, сот билігіндегі ұрпақтарына деп салып кеткен сара жолын ұмытпай оны әрі қарай жалғастыруымыз керек. Өйткені, құқықтық мемлекеттердің пайда болуының өзі бұл мемлекеттік-құқықтық процестердің ұзақ та заңды даму салдарынан, яғни, ескі, тиімсіз институттарды өзіндік бір сұрыптаумен және мұқият таңдау нәтижесінде алынған алдыңғы қатарлы, тиімді институттармен алмастырудан пайда болғанын ескерсек, онда қазіргі кезде мемлекетімізде құқықтық мемлекеті, демократияны құру жолында еліміздің ұлттық құқық тарихындағы билеріміздің сот билігіндегі әділдік, теңдік, әділеттілік, әділетті басқару тәжірибелерін қолданысқа алып, елді басқаруда, сот билігін жүзеге асыруда басты қағида ретінде алсақ, одан біздің ұтарымыз көп болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Культелеев М.Т. Уголовное обычное права казахов. - Алма-Ата, 1955. - 300 с.
2. Материалы по казахскому обычному праву. //Сост. Т.М.Культелеев; М.Г.Масевич; Г.Б.Шакаев. - Алма-Ата, 1948. - Сб.1. - 347 с.

3. С.Өзбекұлы Қазақ билерінің көзқарастарындағы әділетті басқару және әділсот мәселелері // Қазақстан заңдары. – 1998. - №3. - Б. 54-61
4. Зиманов С.З., Атишев А.А. Политические взгляды Ч.Валиханова.- Алма-Ата, 1965. – 112 с.
5. Добросмыслов А.И. Суд у киргиз Тургайской области в XVIII и XIX века. - Казань, 1984 г. - 92 с.
6. Леонтьев А.А. Обычное право киргизов: Судостройство и судопроизводства. // Юридический Вестник. - 1989 г. - №5.
7. Ч.Ч.Валиханов Собрание сочинений в пяти томах. - Том1. - Алма-Ата, 1984 - 430 с.
8. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағлымы). Алматы, 1997, 192 б.
9. Ғ.С.Сапарғалиев “Қазақ көшпелі қоғамының әдет заңдарының бастауы туралы” //Мемлекет және құқық журналы. – 2001.- №1. - Б.19-22
10. Таным тармақтары / Құрастырған: Қойшығара Салғараұлы.- Алматы, 1998.- 275 б.
11. Нәрікбаев М.С. Ұлы билерімізден жоғары сотқа дейін. - Алматы, 1999. - 192 б.
12. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIXвека. - Алма-Ата, 1958.- 293 с.

ҒТАМР 06.35.31

ММ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ҚЫЗМЕТІН ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНА ХҚЕС СӘЙКЕСТЕНДІРУ

З.О. ИМАНБАЕВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес ұсынылған қаржы есептілігінің нысандарына арналған - бұл бүкіл әлем бойынша компаниялардың қаржылық есептілігін дайындау үшін қаржылық және іскерлік операцияларды тану, бағалау және ашуға қойылатын талаптарды белгілейтін ережелер. Қаржылық есеп беру стандарттары компаниялар арасындағы жаһандық ауқымда есеп құжаттамасының салыстырмалылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ сыртқы пайдаланушылар үшін есептік ақпараттың болуы үшін жағдай болып табылады.

Түйін сөздер: бюджеттік мекеме, қаржылық есептілік нысандары, ХҚЕС, тоқсандық және жылдық есеп беру.

Аннотация. Статья посвящена формам финансовой отчетности, представляемой в соответствии с МСФО. Международные стандарты финансовой отчетности (МСФО) - это правила, устанавливающие требования к признанию, оценке и раскрытию финансово-хозяйственных операций для составления финансовых отчетов компаний во всем мире. Стандарты финансовой отчетности обеспечивают сопоставимость бухгалтерской документации между компаниями в общемировом масштабе, а также являются условием доступности отчетной информации для внешних пользователей.

Ключевые слова: бюджетные предприятие, финансовая отчетность, МСФО, ежеквартальные и годовые отчеты

Annotation. The article is devoted to financial reporting forms submitted in accordance with IFRS. International Financial Reporting Standards (IFRS) are the rules that establish the requirements for the recognition, evaluation and disclosure of financial and business transactions for the preparation of financial statements of companies around the world. Financial reporting standards ensure the comparability of accounting documentation between companies on a global scale, and are also a condition for the availability of accounting information for external users.

Key words: budget organizations, financial reporting, IFRS, annual report and annual report

Бюджеттік ұйымдардағы бухгалтерлік есеп түсінігі - баршамызға белгілі, табысы көбінесе бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуіне тікелей байланысты болып табылады. Бюджеттік мекемелердің шаруашылық операциялары бизнес тілі болып табылады. Бизнес барлық қатынасушыларын бір мақсат біріктіреді, яғни бухгалтерлік мәліметтер жеткілікті және толық болуы шарт.

Нарықтық қатынастардың экономикалық өмірге етуіне байланысты, әсіресе коммерциялық бағыттағы және меншікті кәсіпорындар табыс табуды мақсат тұтады. Егер бухгалтерлік есепті кәсіби бухгалтерлер мен ақпараттарды пайдаланушылардың көз қарасы тұрғысынан қарайтын болсақ, онда бухгалтерлер үшін ақпараттардың қашан және қандай жұмыстарын жүргізумен қатар, қаражаттар мен олардың құралу көздерінің қозғалысын есептеп, қорытынды есепке түсіру мақсаты туындайды.

Нарықтық қатынастар жағдайында шаруашылық ұйымдары әр түрлі көздерден келіп түсетін капитал жиынтығынан қалыптасады, яғни оларға кәсіпорынның капиталына өз қорларын салатын инвесторлар қаржысынан, кәсіпорынның шаруашылық қызмет нәтижесінде қалыптасатын табысынан қалыптасуы мүмкін. Әр түрлі көздерден қалыптасқан кәсіпорын қорлары әр түрлі мақсаттарға жұмсалады: шаруашылық субъектілерінде негізгі қорларды қалыптастыруға, тауарлы босалқыларды қалыптастыруға, еңбек ақы төлеуге, дебиторлық қарыздарды қаржыландыруға және тағы басқаларға.

Қазақстан Республикасының экономикалық және саяси тұрақтылығының маңызды көрсеткіштерінің бірі - мемлекеттік мекемелер қызметі болып табылады. Бұл мекемелерді ұстау мемлекеттік бюджет міндеті. Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары есебінен мемлекеттік мекемелерге белгіленген тағайындаулар өз уақытында бақылауға

ұшырап отырады. Бухгалтерлік есеп кез келген мемлекеттік мекеменің жағдайын бағалап, нақтылауға мүмкіндік беретін есеп жүйесі. Ол мемлекеттік органдардың операциялары мен оқиғалары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен, сондай-ақ есеп саясатымен регламенттелген тәртіпке келтірілген жүйесін білдіреді .

Бухгалтерлік есеп - мемлекеттік мекемелердің есеп беру мен басқару, сондай-ақ экономикалық талдау жасау жұмыстарының нақты түрде жүзеге асырылуын қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп отырады. Бухгалтерлік есептің тексеру, қадағалау, жинақтау принциптерін жүзеге асыру арқылы меншік заңдылығы мен қаржы және қаржыландыру тәртібі, үнемдеу шаралары тиісті заңдарға сай іске асырылады. Бухгалтерлік есептің ақпараттық мәліметтері мен көрсеткіштеріне сүйене отырып, экономикалық талдау кестелері жасалынады. Сонымен қатар бухгалтерлік есеп қорытынды құжаттары мен мәліметтеріне қарай әрбір ұжымның әлеуметтік дамуына және ондағы жұмысшы-қызметкерлердің материалдық ынталануына шаралар белгілеу жұмыстары іске асырылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ жекелеген мемлекеттік мекемелер жанындағы орталықтандырылған бухгалтериялар түсетін түсімдерге және олардың жұмсалыуына байланысты операцияларды «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулық бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 27.01.1998 ж. №30 бұйрығына сәйкес есепке алудың орындалуын жүзеге асырып отыр.

Бюджеттік ұйымдардағы бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасы Заңдарының сақталуына, шығыс сметаларының орындалу барысына, кәсіпорындармен, ұйымдармен және тұлғалармен есеп айырысудың жай-күйіне, ақшалай қаражаттар мен материалдық құндылықтардың сақталуына бақылау жасау үшін мемлекеттік органдарды толық және дұрыс ақпараттармен қамтуы тиіс. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитетімен келісіп қажет болған жағдайда өз қызметінің өзгешелігін ескере отырып, өз жүйесінің мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөнінде жалпы ережелерді қолдану тәртібі туралы нұсқаулар шығарады.

Шығыс сметаларын орындаудың бухгалтерлік есебі бухгалтерлік есептің мемориалдық-ордерлік нысаны бойынша жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні қолданыста жүрген «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулық бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 27.01.1998 ж. №30 бұйрығымен қатар орнына «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 15.06.2010 ж. №281, «Қаржы есептілігін жасаудың және

ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 08.07.2010 ж. №325 бұйрықтары шықты[1]. Бұл бұйрықтар бірнеше өзгешеліктерімен ерекшеленеді, яғни мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп халықаралық есеп стандарттарына сәйкестенеді. Қаржылық есептілікті жасаудың және ұсынудың жаңа ережелері, сонымен қатар қаржылық есептіліктің нысандарын толтыру ережелері қарастырылған. Сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес әзірленген.

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары қаржылық есептілік элементтерін топтауға және құндық мәнде ағымдағы көрсетуге арналған және нөмірлерінің төрт саны бар. Нөмірдің бірінші саны бөлімдерге тиістілігін, екіншісі – кіші бөлімдерге тиістілігін, үшіншісі – синтетикалық шоттардың топтарына тиістілігін, төртінші сан – қосалқы шоттарға тиісті. Сондай-ақ қолданыстағы Шоттар жоспарының бөлімдері жоғарыда аталған бұйрықта тоғыз бөлімге жинақталған .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есепті жүргізудің елімізде қабылданған жаңа заң талаптарына сай алдағы уақытта қаржылық есептілік жасаудың және ұсынудың нысандары мен ережесін, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын қолданысқа енгізу керектігін айқындау, насихаттау бүгінгі таңдағы маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Барлық мемлекеттік мекемелер халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сәйкес есеп жүргізуге көшуіне байланысты жаңа Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 бұйрығына сәйкес «Қаржылық есепті жасау және ұсыну Ережелері» бекітілді, бірақ әзірге мемлекеттік мекемелер бюджеттік мекемелер үшін арнайы бекітілген нысандар бойынша қорытынды қаржылық есеп беруді ұсынады[1,2].

Республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер жоғарыда аталған ережеге сәйкес бекітіліген көлемде және нысандарда есеп беруді жасайды.

Есеп беруді жасаған кезде төмендегідей тәртіп сақталуы тиіс:

- есепті кезең үшін барлық операцияларды толық және шынайы көрсету;
- есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күніне синтетикалық шоттар бойынша қалдық аналитикалық шоттардың айналымына сәйкес болуы және баланс пен есеп берулердегі мәліметтердің синтетикалық және аналитикалық есеп мәліметтерімен сәйкес болуы;
- көрсеткіштерді мұқият толтыру және есеп беру нысандарында түзету мен өшіруге жол бермеу. Қателер жөнделген болса, сәйкесінше түзетулер жасалғандығы туралы жазбалар

беріліп, түзету күні көрсетіледі және есеп беруге қол қойған тұлғалармен расталып, қол қойылуы тиіс[3,4].

ХҚЕС бойынша мемлекеттік мекемелердің ұсынатын тоқсандық және жылдық есеп беру нысандарына мыналар жатады:

1.Бюджеттен қаржыландыру сомаларының қозғалысы туралы анықтамамен бірге Баланс (№ 1 нысан);

2.Қаржыландыру жоспарының атқарылуы туралы есеп беру (№ 2 нысан);

3.Тауарларды өткізуден түсімдер жоспарының орындалуы және ол бойынша ақшалардың шығысы туралы есеп беру (№ 4 нысан);

4.Қайтарымдылық негізінде заңды немесе жеке тұлғалардың мемлекеттік мекемеге берілетін ақшалары туралы есеп беру (№ 4-Д нысаны);

5.Демеушілік және қайырымдылық көмектен ақшалардың түсімі және шығысы туралы есеп беру (№ 4-СП нысаны);

6.Шетел валютасындағы қаражаттардың қозғалысы туралы есеп беру (№ 4 В нысаны);

7.Активтердің қозғалысы туралы есеп беру (№ 5 нысан);

8.Материалдық запастар және арзан құнды тез тозатын заттар қозғалысы туралы есеп беру (№ 6 нысан);

9.Өкілеттілік шығыстарына бөлінген қаражаттардың пайдаланылуы туралы есеп беру (№ 7 нысан);

10.Зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, арнайы мемлекеттік жәрдемақылар және өзге де жәрдемақыларды төлеу туралы есеп беру (№ 8-ВП нысаны);

11.ҚР Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның резервтерінен бөлінген қаражаттардың пайдаланылуы туралы есеп беру (№ 9 нысаны);

12.Активтердің, материалдық запастарды, арзан құнды тез тозатын заттарды, жетіспеушілігі және ұрлануы туралы есеп беру (№10 нысаны);

13.Сыртқы займдар бойынша есеп беру (№ 11 нысаны);

14.Гранттар бойынша есеп беру (№ 12 нысаны);

15.Республикалық және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің балансының есеп айырысу баптары бойынша дебиторлық қарыздарының жағдайы туралы аналитикалық мәліметтер (№ 15, 16 нысандары);

16.Республикалық және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің балансының есеп айырысу баптары бойынша кредиторлық қарыздарының жағдайы туралы аналитикалық мәліметтер (№ 17, 18 нысандары);

17.Шығыстар бойынша кіріспе есеп беру (№ 4-20 нысаны);

18. Есеп айырысудың аккредитивтік нысанын пайдалану арқылы бюджет қаражаттарын пайдалану туралы есеп беру (№ 19 нысаны)[5].

Мемлекеттік мекемелер жылдық, тоқсандық қаржылық есептілікті тиісті құжаттармен расталған тексерілген бухгалтерлік жазбалардың негізінде жасайды. Баланс жасалғанға дейін синтетикалық есепке алу шоты бойынша айналымдармен және қалдықтармен бірге талдамалық шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарды салыстырып тексеру жүргізіледі[6].

Есепті жылдың аяғындағы бухгалтерлік баланс баптарының деректері жүргізілген түгендеудің нәтижелерімен расталған болуы тиіс және бұл ретте айқындалған алшақтықтар жылдық қаржылық есептілік ұсынылғанға дейін түзетуі тиіс[7].

Бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік және қаржылық есеп жүйесін халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сәйкестендіру нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болады:

1. халықаралық есеп және есеп беру жүйесіне етене ену;

2. үдемелі индустриялық-инновациялық стратегиясы шеңберіндегі жобаларға мемлекеттік мекемелердің қатысу және бюджеттен тыс қаражаттарды тарту мүмкіндігінің артуы;

3. мемлекеттік мекеме қызметіне бақылау, тексеру, қадағалау жасауда құзырлы мемлекеттік ұйымдармен қатар, тәуелсіз аудиторлық фирмалар мен аудиторлардың тексеру жүргізу мүмкіндігі;

4. бухгалтерлердің жеке меншік нысандағы кәсіпорын бухгалтериясынан мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есеп қызметіне ауысыдағы жеңілдік және оперативті түрде істі алып кету мүмкіндігі;

5. бухгалтер мамандарын даярлауда студенттерге білім берудегі жеңілдік.

Қорытындылай келгенде, мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті ұйымдастыруда:

- бухгалтерлік есеп жүйесі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сай ары қарай ұлттық тұрғыда жетілдіру мен дамыту;

- барлық мемлекеттік мекемелерді ақпараттық жүйені орната отырып, есеп жүйесін электронды түрде басқару.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулық бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 27.01.1998 ж. №30 бұйрығы

- 2 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 15.06.2010 ж. №281 бұйрығы
- 3 «Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 08.07.2010 ж. №325 бұйрығы
- 4 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесін бекіту туралы» 01.12.2004 ж. №424 бұйрығы
- 5 «Мемлекеттік бюджет пен облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 08.12.2004 ж. №432 Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінде операциялар мен оқиғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6314 болып тіркелген) Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары
- 6 Қазақстан Республикасының кодексі «Бюджетке төленетін салықтар және басқадай міндетті төлемдер»
- 7 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 заңы «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі N 325 Бұйрығына Калиева Д. Финансовая отчетность государственных учреждений // Бухгалтерия организаций-получателей бюджетных средств. - № 4, 2013. – С.21-22.

IRSTI 10.27.51

HISTORICAL AND LEGAL ASPECTS OF THE FORMATION OF PERSONAL RIGHTS AND FREEDOMS IN THE SYSTEM OF INTERNATIONAL HUMAN RIGHTS LAW

SAUTBAEVA S.B.

K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

Аннотация. В научной статье дан историко-правовой анализ становления личных прав, свобод человека и их реализация в системе современного международного права. Проблема обеспечения личных прав человека, история формирования концепции прав человека, различные аспекты их обеспечения и защиты, исследовались в научной отечественной литературе и в литературе зарубежных государств. Концепция обеспечения и защиты прав и свобод человека имеет длительную историю, на ее формирование и развитие оказали влияние политико-

правовые учения исследователей, нормы национального и международного права, наиболее полное закрепление права и свободы человека и прежде всего личные права и свободы получили с принятием основополагающих международно-правовых конвенционных документов в сфере обеспечения и защиты прав человека.

Ключевые слова: право, свободы, концепция, декларация, пакт, нормотворческая деятельность, презумпция невиновности, национальные правовые системы.

Аннотация. ғылыми мақалада жеке адам құқықтарын, адамның бостандықтарын қалыптастырудың тарихи-құқықтық талдауы және оларды қазіргі заманғы халықаралық құқық жүйесінде енгізу қарастырылған. Адамның жеке құқықтарын қамтамасыз ету проблемасы, адам құқықтарының тұжырымдамасын қалыптастыру тарихы, оларды қамтамасыз етудің әртүрлі аспектілері және Қазақстан ғылыми әдебиетте, шет елдердің әдебиетінде зерттелді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғаудың тұжырымдамасы ұзақ тарихты құрайды, оның қалыптасуы мен дамуына зерттеушілердің саяси және құқықтық ілімдері, ұлттық және халықаралық құқық нормалары әсер етті, адам құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау саласындағы конвенциялық құжаттар.

Түйінді сөздер: құқық, бостандықтар, тұжырымдамалар, декларация, пакт, заңсыздық, кінәсіздік презумпциясы, ұлттық құқықтық жүйелер.

Annotation. the scientific article provides a historical and legal analysis of the formation of personal rights, human freedoms and their implementation in the system of modern international law. The problem of ensuring personal human rights, the history of the formation of the concept of human rights, various aspects of their provision and protection, were investigated in the Russian scientific literature and in the literature of foreign countries. The concept of ensuring and protecting human rights and freedoms has a long history, its formation and development were influenced by the political and legal teachings of researchers, the norms of national and international law, the most complete consolidation of human rights and freedoms and above all personal rights and freedoms received with the adoption of fundamental international legal convention documents in the field of ensuring and protecting human rights.

Key words: law, freedoms, concept, declaration, pact, rulemaking, presumption of innocence, national legal systems.

Human rights are an integral part of personality and human existence. The process of formation of the modern concept of human rights and freedoms has come a long way, closely related to the history of society. Its origin goes back to the first forms of social life of people, which caused the need to regulate their behavior in the world. It should be noted that the problem of ensuring personal human rights (in particular, the history of the concept of human rights, various aspects of their protection and enforcement) has been studied in the scientific literature of a number of foreign countries [1]. Formed an independent direction of scientific knowledge in the system of legal disciplines

At all stages of society's development, the concept of human rights has been shaped by philosophical views and legal regulation. The dual nature of human rights has led to the emergence of natural law and positive theories [2]. According to the Italian Professor W. Cheroni, the first is characterized by the removal of human rights «from the field of morality, criteria of justice,

regardless of legal order, the second emphasized the positive nature of modern law as a right established or guaranteed by the state» [2].

However, it seems erroneous to look in isolation at doctrinal concepts regarding the natural nature of human rights and their legal regulation. For all the different times of these processes, they interact with each other. Any theoretical or religious view remains only an abstraction without legal protection from the state. The whole process of forming the philosophical and legal concept of human rights confirms this argument. The idea of natural human equality - equality in nature, so essential to the understanding of human rights, was expressed by the ancient Greek sophists (Protagoras, Antiphon, Lycophron) and the Chinese thinkers (Mao-Tzu, Confucius) in VI-IV centuries BC [34]. In VI century BC the Greek archon Solon developed the Constitution fixing the principles of the democratic device of society, accountability of officials for an arbitrariness in relation to the population [4].

The idea of equality of all people was promoted in early Christianity. Such postulates are characteristic: «everyone receives an award on the work; where there is no law, there is no crime; what measure measure, such will be measured also to you»[5].

To the Roman jurists belongs the credit for the development of the concept of subject of law and equality before the law. «Under the law must be subject to all» - said Cicero. Philosophical ideas were not adequately reflected in the legislation in the conditions of class society in Ancient Greece and the Roman state. Human rights were regarded by law as a privilege only for slave owners. A similar trend is characteristic of the middle Ages, with its class-hierarchical structure, where human rights were the privilege of individual classes, and equality of rights was conditioned by belonging to the same class. At the same time, the class limitations of human rights do not detract from the English document - the «Magna Carta» of 1215, which for the first time established the right to personal integrity (Habeas corpus Act). Article 39, which declared: «No free person shall be arrested or imprisoned, or deprived of possession, or in any way deprived otherwise than by lawful sentence, and under the law of the land» [6], creates lasting glory to this document.

In the works of scholars dealing with aspects of human rights, the idea that the basis of the theory of human rights was laid in the works of famous ancient thinkers (mainly Western) prevails. The well-known thinkers of the East also contributed to the development of the theory of human rights, the formation of the main approaches to the problem. In this regard, we can share the position of the researcher Sattarov, Who justifies the idea that: «...the history of human rights cannot be comprehensively considered without the totality of ideas and teachings about human rights and freedoms originated in different parts of the world» [6]. We can agree with this statement. In the writings of thinkers of the East as Abu Nasr of Farabi, Hafiz Sherazi, Alisher Navoi, Jaloliddin of Rumi, Shaykh sa'di, Fizuli laid the foundations of the modern concept of the

rights and freedoms of the individual. Of course, the fact that some aspects of the problem touched upon in the works of famous Muslim scholars like al-Bukhoriy, al-Termiziyy street, al-Maturidi, al-Marginani and a number of other.

However, a key role in the formation of the natural legal concept of human rights was played by philosophers-educators XVI-XVIII centuries: Englishman J. Locke, Americans V. Paine and Thomas Jefferson, the French of J. J. Rousseau, CH.- L. Montesquieu, Voltaire V., a Dutchman, Grotius. Their ideas, this equality of people, not alienation of rights, such as the right to life, freedom and security, which they are endowed with from birth, were enshrined in the constitutional and other legislation of the period of bourgeois revolutions and the formation of bourgeois States: in England-in the «Petition of rights» in 1628 and «bill of rights» in 1689.; in America - the «Declaration of rights of Virginia» 1776 and the «Declaration of independence» 1776, «the bill of rights» of 1791, in France the «Declaration of rights of man and citizen» in 1789 Indicative in this respect, the Declaration on the rights of Virginia Of 1776 Was the first document of a constitutional type, which set out the concept of human rights. It proclaimed as self-evident truth, all men are created equal and endowed by the Creator with certain inalienable rights, including life, liberty, and the pursuit of happiness, that in order to secure rights among men States are established which derive their reasonable powers from the consent of the governed»[7]. This period was the beginning of the formation of the term – «human rights» later included in the philosophical and legal terminology.

